Ауылшаруашылығындағы алға жылжулар үлкен көлемде күрделі қаржы жұмсауға байланысты болды. Егер 10 жыл (1953-1963 жж.) ішінде Қазақстанның ауылшаруашылығына 13 миллиард сом күрделі қаржы бөлінсе, 1966-1970 жылдары экономиканың бұл саласына 11 миллиард сом көлемінде күрделі қаржы бөлінді. Сол сияқты минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктер дүниесін қорғауға қажетті химиялық заттар өндірісіне де күрделі қаржы көлемі арттырылды. Совхоздардың негізгі қор құны 1970 жылы 8 миллиард сомға жетті. Олардың материалдық-техникалық базасы ойдағыдай нығайды. Атап айтқанда, Қазақстанның тракторлар паркі 1965 жылы 194,9 мыңнан, 1976 жылы 233 мыңға, астық комбайндары тиісінше 113,6 мыңнан 98,6 мың болып, жүк машиналарының паркі 1,2 есеге өсті. Ауылшаруашылығы ғылымы мен техникасының дамуы, совхоздар мен колхоздардың өндірістік қызметінің кеңеюі шаруашылық мамандары мен басшыларына жаңа талаптар қойды. Сегізінші бесжылдықтың аяғында 17 орта арнаулы және жоғары ауылшаруашылығы оқу орындарының жанынан колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын даярлау мақсатында екіжылдық бөлімдер ашылды. Олардан 1970 жылы 111 мың маман даярланып шықты. Ауылшаруашылығында осы жылы 56,8 мыңға жуық жоғары және орта арнаулы білімі бар агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлері жұмыс істеді [7, 643 б.].

1950-ші және 1960-шы жылдардағы аграрлық сектордағы реформаларды салыстыратын болсақ, Н. Хрущев кезеңіндегі реформалардан 1965-1970 жж. Л. Брежнев және А. Косыгин басшылықта болған кезеңіндегі реформалардың айырмашылығы соңғысының үлкен ұйымшылдықта, жоспарлы өткізілгендігінде жатты. Республикада 1965-1970 жылдары ауыл шаруашылығына деген капитал салымдары 2 есеге өсті. 1965-1966 жж. Республикада ауыл шаруашылық органдарын қайта құрулар жүргізілді. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және өндіру министрлігі, ауыл шаруашылық министрлігі, ҚР-ның егін және су шаруашылығы министрліктерінің базасында бірыңғай кеңестік-республикалық ҚазССР ауыл шаруашылығы министрлігі құрылды, бұл ведомство барлық колхоздар мен колхоздардың жұмысына басшылық жүргізді. Қазақстанның барлық 15 облысында ауыл шаруашылығының облыстық басқармалары, ал

республиканың 151 ауданында – ауыл шаруашылығы өндірісінің аудандық басқармалары құрылды [8, 272-274 бб.].

Реформаның ауыл шаруашылығына тигізген жағымды жақтары:

1. Бірнеше жылға арналған берік жоспарлар белгіленді. Ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу бағасы 2 есеге өсті. Жоспардан тыс өнім үшін үстеме ақы төлеу енгізілді. Ауыл шаруашылығын қаржыландыру өсті.

2. Табиғи-экономикалық ерекшеліктерді ескере отырып, ауыл шаруашылығын мамандандыру процесі жүргізілді. Ауыл шаруашылығы: табиғаты қолайлы жерде дәнді дақыл өсіруге, Оңтүстік Шығыс – мал бағуға маманданды.

3. 1967 жылы 18 совхоз толық шаруашылық есепке көшірілді. Астық, сүт, жұмыртқа, ет өндірудің өзіндік құны төмендеді.

Кемшіліктері:

1. Сандық көрсеткіштерге ұмтылу көзбояушылық, қосып жазушылық, мерейтойлар, көтеріңкі міндеттер орын алды. Ауыл шаруашылығын интенсификациялаудың, шаруашылық жүргізудің тиімді әдістерін пайдаланудың орнына көбінесе қымбатқа түсетін шаралар қолданылып отырды.

2. Кадрлардың тұрақсыздығы, жетіспеуі, сырттан адам шақыруға мәжбүр етті. Бірақ жұмысшыларды осылайша сырттан әкелу әдісі де республика ауыл шаруашылығының проблемасын шешуге жәрдемдесе алмады.

3. Жаңа бастамалар қолдау таппағандықтан кейіннен тоқтап қалды. Ауыл шаруашылығы экстенсивті сипатта қалып қойды .

СОКП Орталық Комитетінің 1965 жылғы наурыз Пленумында қабылданған шаралардың ең басты жетістігі – село еңбеккерлері зейнетақымен жаппай қамтамасыз етіліп, әлеуметтік жағынан қорғалатын болып табылды. Ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени-тұрмыстық жағдайларын, басқа да әлеуметтік мәселелерін шешіп отыру белгіленді.

Қазіргі тұрғыдан алып қарағанда Кеңес өкіметінің 1960-1970 жылдарда жүргізген әлеуметтік саясаты жартыкештік сипат алып, толық айтылмай қалып отыр. 1965 жылғы мемлекеттің жүргізген реформалары социализмнің негізін өгерте алмағандықтан тоталитарлық жүйенің әлеуметтік проблемаларды шешуге шамасы жетпей қалды. Осы аталған жылдардың барысында жүргізілген реформаларға сай әлеуметтік салаға бөлінген қаржылардың барысында Қазақстанның ауылдар мен селоларының инфрақұрылымында оң өзгерістер болмағанына қарамастан, ауыл-селодағы халықтың тұрмысының дәрежесі мен сапасы ауыр жағдайда қалды [9, 155 б.].

1965 жылы басталған реформа, оған жағдай жасалмағандықтан аяқталмай қалды. Іс жүзінде экономикалық әдістер әкімшілік әдіспен алмастырылды. Аграрлық саланың артта қалуының басты себебі,



кеңестік жүйе кезінде жүргізілген реформалардың интенсивті негізде емес, орасан зор қаржыны талап ететін экстенсивті мазмұнда жүргізілуінде жатты. Реформа кредиттік-финанстық жүйемен, материалдық-техникалық жабдықтаумен байланыстырылмады. Осының салдары аграрлық аймақтарды өндіріс құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ететін салалардың экономикалық алмасуындағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкелді. Сонымен қатар, басқару жүйесінде өндірісті ұйымдастырудың экономикадан тыс әкімшіл тәсілінің үстемдік етуі материалдық ынталандыруды екінші қатарға ысырды, осыдан барып еңбекшілер белсенділігі төмендеді. Адам факторын бағаламау, еңбекшілерге жоғарыдан берілген бұйрықты орындаушы ретінде ғана қарау ауыл шаруашылығының өркендеуін айтарлықтай тежеді.

Қорыта келгенде, 1965 жылы Пленум қабылдаған шаралар ауыл шаруашылығындағы экономикалық қатынастарды түбірімен өзгерте алмады және айтулы жетістіктерге жеткізбеді. Экономикалық ынталандыруды жоққа шығара отырып, қалыптасқан жүйе экономиканы экстенсивтік даму жолында ұзақ ұстап қалды. Ауыл шаруашылығына бөлінген күрделі қаржыны көбейту совхоздардың материалдық-техникалық базасын нығайтқанымен, терең экономикалық өрістеуге жеткізбей, халықтың тұрмыс дәрежесінің жақсаруын қамтамасыз ете алмады.

Экономикалық реформа бастапқы кезде экономикалық дамуға белгілі дәрежеде серпін берді. Әкімшіл-әміршіл жүйе оның өмір сүріп отырған экономикалық құрылымының шеңберінен шығуына жол бермеді. Реформаның сәтсіздікке ұшырауының негізгі себебі саяси саладағы демократияландыру процесінің тежелуі болды. Ол тек экономикалық ұйымдық-техникалық саласымен ғана шектеліп, қоғамның саяси құрылымына, меншік қатынасына соқпады, мемлекеттік меншіктің монополиясын сақтады, нарықтық қатынастарды теріске шығарды. 70 жылдардың басында реформаны жүргізу тоқтатылды.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Байтілен С.А. Кеңес мемлекетінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: ауыл шаруашылығындағы экстенсивті бағдар және дағдарыс (1965-1990 жж.): тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2000. – 27 б.
2. ҚРОММ. 1481 қор. 30 тізбе. 908 іс. 3 п.
3. Народное хозяйство Казахской ССР в 1960 и 1961 гг.: Стат. сборник. – А. - 1963. – 544 с.
4. ШҚО ҚЗТҚО 410 қор. 1 тізбе. 24 іс. 153 п.
5. ШҚО ҚЗТҚО 410 қор. 1 тізбе. 24 іс. 18 п.
6. Байсарина Қ.Қ. Кеңес өкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: тарихы мен тағлымы (1946-1965 жж.). Семей, 2005. – 205 б.
7. Народное хозяйство СССР за 70 лет: Стат. сборник. – М. - 1987. - 643 с.

8. Сактаганова З.Г. Экономическая модернизация Казахстана. – Караганда, 2012. – 365 с.

9. Әліқұлов К.А. Қазақстан ауылдары мен селоларының 1946-1980 жылдардағы әлеуметтік жағдайы: тарихы мен сабақтары: Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2001. – 50 б.

### **3.5. Бауыржан Момышұлының шығармалары – жастарды ұлттық құндылыққа тәрбиелеудің қайнар көзі**

**Нурболат Жумабекович Нурхожаев**  
№ 44 Шона Смаханұлы атындағы орта мектептің  
тарих және география пәндерінің мұғалімі  
(Тараз қ., Қазақстан)

#### **Андапта**

Мақалада дара тұлға, халқымыздың батыры Бауыржан Момышұлының жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында майданнан, өз көзімен көрген, өткен естеліктерімен және өмірлік тәжірибесімен жазылған шығармаларының құндылығы қарастырылады. Бауыржан атамыздың шығармаларындағы астарлы ойлары, өсиет сөздері мен ғибратты үлгілері ұлттық дәстүрдің көрінісі – ұлттық құндылықтардың қайнар көзі екендігі атап өтіледі.

**Түйінді сөздер:** Бауыржан Момышұлының шығармалары, даңқты қолбасшы, халық батыры, ұлттық құндылық, өсиет сөздер, ерлік, тәртіп.

#### **Аннотация**

В статье рассматривается ценность произведений личности, героя нашего народа Бауыржана Момышулы, написанных с фронта, своими глазами, прошлыми воспоминаниями и жизненным опытом с целью воспитания национальности подрастающего поколения. Подчеркивается, что притча, заветные слова и поучительные образцы в произведениях Бауыржана – это отражение национальной традиции-источник национальных ценностей.

**Ключевые слова:** Произведения Бауыржана Момышулы, славный полководец, народный герой, национальная ценность, заветные слова, мужество, дисциплина.

#### **Annotation**

The article examines the value of the works of the unique individual, the hero of our people Bauyrzhan Momyshuly, written from the front, with his own eyes, past memories, and life experience in order to educate the nationality of the younger generation. It is emphasized that the parable, cherished words, and instructive samples in the works of Bauyrzhan are a reflection of the national tradition – the source of national values.

**Key words:** works of Bauyrzhan Momyshuly, glorious commander, people's hero, national values, commandments, courage, discipline.

XXI ғасырда әр жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен патриоттық жалынын бойына сіңіру үшін халқымыздың Бауыржан Момышұлындай

ұлы тұлғасының қанатты сөздері ауадай қажет. Халық батыры, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. «Өзінің ұлтын сыйламаған – ұлтын мақтаныш тұта да алмайды, ол – сөз жоқ, арамза, тексіз әрі қаңғыбас» дегені тегін емес. Оның адамгершілік қасиеттер қатарына жатқызатын – ақыл, ар, ерік - жігер, намыс, сезім, парыз, ұлттық рух, ұлттық мінез - құлық, ұлттық патриотизм, ұлттық мақтаныш өз бойынан табылған нағыз жауынгер, нағыз патриот екені белгілі.

Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, тарихта терең ізі қалған Кеңес Одағының Батыры, ерліктің толассыз қайнары, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы Бауыржан Момышұлының шығармаларының көркемдік ерекшелігі мен әдебиет теориясына қосқан үлесі, ұлттық салт дәстүр көріністерінің ұлт тәрбиесіндегі орны ерекше. Бауыржан атамыздың шығармаларындағы астарлы ойы, өсиет сөздері мен ғибрат үлгілері ұлттық дәстүрдің көрінісі – ұлттық құндылықтар бастауы екеніне көз жеткізе келіп, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік, батырлық, ерлікті тудыратын қасиеттерді қалыптастырудың құрылымдық үлгісін жасап берді.

Б. Момышұлының шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі, жастарды, жаңа ұрпақты сергек және өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, күрескерлік рухта тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Бауыржан атамыздың ғибратты ойлары майдан шебіңде жүріп, көзі көрген өмір тәрбиесінен алынған отты жүректің, ыстық қанмен жазылған шығармалар. Осыған өзі айтып өткен мына сөздері дәлел: «Менің шығармаларым тұтастай және толығымен менің өз басымның естеліктеріне, ерекше делінген эпизодтар естеліктерінің жиынтығынан іріктеп, алынған елеулі көріністерге негізделген. Оларда ойдан шығарылған оқиғалар да, ойдан жасалған адамдар да жоқ» - дегені бекер емес [1, 24].

Соғыста да, бейбіт өмірде де адалдықты, әділдікті, туралық пен шыншылдықты ту етіп көтерген, сұрапыл соғыстың алғы шебінде оның ыстық, суығын басынан кешірген қазақ халқының біртуар азаматы – Бауыржан Момышұлының «халық батыры», «даңқты қолбасшы», «дарынды қаламгер» деген ұғымдарсыз жарқын бейнесін көз алдымызға елестету мүмкін емес. Ал оның өнегесі жас ұрпақты жігерлендіреді, батылдыққа баулиды, адамдыққа тәрбиелейді.

Өз кезегінде қазақ халқының заңғар жазушысы М. Әуезов: «Б. Момышұлы тек атақ-даңқы шыққан батыр ғана емес, терең ойлы, өзіндік пікір толғанысы бар, алғыр да тапқыр азамат»- деп бағалаған [1, 25].

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халқымыздың біртуар азаматы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлы Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекенінде 1910 жылы туған екен. Оның өмірінде ерекше орын алған, оның елге аңыз болған жауынгерлік қасиеттерін танытқан кезең ол – Ұлы Отан соғысы еді. Шығармаларының да негізін құраған осы соғыс кезіндегі ерлігімен

көзге түскен адам тағдырлары мен өз басынан өткен оқиғалар болатын. Соғыс кезінде өзінің ерекше қаһармандығымен көзге түсіп, әскери шеберлігін танытады. Бірнеше рет қол астындағы жауынгерлерін қоршаудан аман-есен алып шығып, Москва түбіндегі ерлігі сол кездің өзінде жауынгерлердің арасында аңыз болып таралады. Атамыздың ерлігі мен қаламгерлігі қазақ тарихы мен әдебиетінде өзінің ерекше орнын алды.

Бауыржан Момышұлының құрметіне өзінің туған жері - Жамбыл облысы Жуалы ауданының орталығы «Бауыржан Момышұлы ауылы» деп аталды (бұрын - Бурное). Осында Б. Момышұлы музейі ашылды, онда оның кейбір жеке заттары сақталған. Қазақстанның Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Көкшетау, Қарағанды, Қызылорда, Жезқазған, Атырау, Абай, Сәтпаев, Атбасар, Ақсу қалаларында және Шелек, Аса, Күршім ауылдарында батырдың есімімен көшелер бар. Сондай-ақ, Кеңес Одағы батырының есімі түрлі қалалар мен ауылдардағы орта мектептерге, Бауыржан Момышұлы (Бурное) ауылындағы спорт кешеніне берілді. Қазақстан қалаларында Бауыржан Момышұлының көптеген ескерткіштері, мүсіндері мен монументтері орнатылған, батырдың қола мүсіні Ресейдегі Волоколамск қаласының Октябрь алаңында да бар.

2011 жылдан бері Тараз өңірлік университетінде «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Әр түрлі оқу орындарында Бауыржан оқулары, ғылыми конференциялар өткізіліп келеді. Батырдың есімін мәңгі сақтау мақсатында елімізде фильм-спектакльдер мен деректі фильмдер, көркем сериалды кинотуындылар жарық көрген.

«Еліңді сүйсең, ерлік істейсің» дейді қазақ мақалы. Біздің батыр атамыздың ерлігі халқын, жерін сүйгендіктен жасалған десек артық айтпаймыз. «Отаның үшін отқа түс – күймейсің», - деп Бауыржан Момышұлы өзі де Отанын сүйеге, Отан үшін құрбан болуға шақырады. Шығармаларынан ерлік пен отансүйгіштіктің, ұлттық құндылықтың лебі есіп тұрады [2].

Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А. Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. «Бұл соғыс, ата-бабамыздың айтып кеткен «білек бірді, ақыл-айла мыңды жеңеді» деген мұра, соғыс дәстүрінің халық тәжірибесінен шыққандығына дәлел» деп Бауыржан Момышұлы әңгімесін аяқтайды.

Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас» атты үш туындысынан адамгершілік қасиеттер туралы асыл сөздерін желкілдеп өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізу, оларды ұлтжандылыққа бейімдеу барысында, қазіргі қоғамда біреуге жалтақтамай, таныс-тамыр іздемей, Бауыржан атамыз сияқты әділ



жолмен жүру керектігін жеткізу, қарапайым солдат өмірі жайлы, майдан шындығы жайлы мағлұмат беру болып табылады [3, 6].

Мәселен, «Ұшқан ұя» шығармасы мазмұнды да, терең ойлы туындылардың бірі. Бұл шығарманы әрбір қазақ танып білуі қажет. Қаһарман батырдың балалық шағы әкесінің асыл сөзі мен анасының ақ сүті, әжесінің ғибратты әңгімелері мен тәрбиесі бала Бауыржанның ұлт баласы болуына септігін тигізді. Қазіргі қазақ халқының тәрбиесі мен сол уақыттағы тәрбиенің айырмашылығы өте зор. Еліміздің болашағы зор берекелі де мерекелі болуы үшін біз осы кітапты оқи отырып өзімізге тәлім-тәрбие алуымыз қажет [4, 18].

Бауыржан Момышұлының «тек ұрыста ғана адамның барлық қасиеті сынға түседі. Егер де бейбіт уақытта адамның кейбір ерекшеліктері байқалынбаса, онда ұрыс үстінде ашылады .... делінген» [5, 48]. Мен бұл сөздерді алу себебім, қазіргі кезде де қауіпті жағдайлар болған кезде өз өмірлерін ұмытып, басқанын өмірін сақтауға ұмтылуы. Қазіргі кезде халық арасында қарапайым адамдарды құтқаруға көзсіз жанқиярлық жасайтын батырларымыздың ерлік көрсеткен оқиғалары көптеп кездеседі. «Барлық халық барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті» - деп айтқан Бауыржан атамыз. Мұны парыз сезімі дейміз. «Бұл адамгершілік сезімі, намыс, ар-ұят - бұл адам өзін кез келген опасыздықтан сақтайды, қорғайды, яғни масқара болып жүргеннен абыроймен өлген артық деген сөз. Өлімнен ұят күшті», - дейді батыр [5, 49].

Жақсы қасиеттер де, жаман қасиеттер де адамға өнегеден жұғады ғой! Осыны жетік білетін қаламгер өз шығармаларында қаншама ғажап өнегелерін алға тартқан! «Осыларды оқы да - сезін! Сезін де – соларға елікте! Оқы да – ұғын! Ұғын да – сен де солардай адал адам болуға ұмтыл! Солардай адамгершілікті бол!» - дегенді уағыз етеді автор.

«Өзара көмек көрсету және ұжымдық сезімі – әскери парыздың маңызды міндетті элементі, жолдастық топтық-қоғамдық сезімнің асыл белгісі [5, 51]. Адамның басына түскен қайғыны бөлісе білушілік адамның бойындағы ұжымдық сезімді тәрбиелеудің нәтижесі, ортақ мақсатқа жетуге көмектесу» - деген өсиетін қазіргі жастарымыз жадында сақтағаны абзал.

Міне, Бауыржан атамыз осыншалық оқырман қауымның, әсіресе жастардың түйсігіне әсер етер, санасына саңылау кіргізер, рухын өсірер, ойын оятар, ішкі жан сарайын кеңітер, өмірге ілтипатпен қарауға үйретер жолдарын аша білген.

Бауыржан атамыз: «Тәрбие жұмысының мақсаты – адамның бойында жауынгерлік қасиетті жауынгерлік өнегелілікті қалыптастыру. Бұған адамды иландыру арқылы қол жеткізіледі, отбасына, халқыңа, отаныңа, мемлекетке берілгендік, үлкенді сыйлау заңды, тәртіпті, салт-дәстүрлерді сақтау, жеке адамның игілігімен етене байланысты, қоғамдық игілік жөнінде қамқорлық жасау өмірлік әрі қажеттілік болып табылады, қоғамдық қажеттіліктерге (әркімнің қабілетіне қарай) деген

дұрыс көзқарас қоғамнан лайықты бағасын алады. Бұл ұғымдар тәрбиелеу арқылы сана сезімге сіңіріледі де адамның бойында саналы іс- әрекет жасау үшін дербес мінез-құлық қалыптастырады; жауынгердің адамгершілік келбетіне қорқыныш пен құлдық ұрушылық жат болуға тиіс, мұның өзі шексіз сүюшілік пен мемлекетке, халқына шын жүректен сенушіліктің мән-мағынасын білдіреді» - деп жазады өз шығармасында [5, 54]

Ерлік дегеніміз не? – дегенде ол кісі былай жауап берген екен: «Ерліктің анасы – мақтаныш. Кәне, мақтаныштың қандай қайнар көздері бар екеніне талдау жасап көрейікші. Тазалық, ұқыптылық, тән мен жан жүйесінің кіршіксіздігі жеке мақтаныш сезімін тудырады, өзін-өзі ұстай білушілікке үйретеді, өзі мен айналасындағыларға талап қоя білушілікке дағдыландырады. Сыртқы тәртіпсіздік – адамның ішкі кемістігінің белгісі...Егер адам сырттай тәртіпсіз, көргенсіз болса, онда ол жұмыста да дәл сондай, егер адам ұқыпты болса, ол онда жұмыста да ұқыпты болғаны. Сыртқы ұқыптылық – ішкі жинақылықтың, өзін-өзі ұстай білушіліктің, өзіне және айналасындағыларға талап қоя білушіліктің белгісі болып табылады. Жеке мақтаныш сезімі ерлікті тудырады. Жасық жан ержүрек бола алмайды. Жасық жан жанқиярлық ерлік жасауға да қабілетсіз - деп жазған «Қанмен жазылған кітап» шығармасында [6, 24]

Міне, осының бәрі өмір, өмір шындығы, адам қатынастары, адамдық, адалдық, адамгершілік, әділеттілік, жолдастық, бауырымдылық жайында.

«Қанмен жазылған кітап. (Соғыс психологиясы)» – атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлының әскери қайраткер ретіндегі ұрпаққа мирас етіп қалдырған Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі бай әскери тәжірибеге баса мән берілген әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегінде әскери тактикалық, жеке құрамды тәрбиелеу және оқыту, командалық кадрларды дайындау саласындағы зерттеулері талданады. «Соғыс психологиясы» соғыста қорғаныс және шабуыл кезінде қолданған тактикалық тәсілдері, «Б. Момышұлының соғыс тактикасы», «Бауыржан спиралі» Қазақстанда және Куба, Израиль, Польша, Болгария, Венгрия, Чехия мен Словакия сияқты бірқатар шетелдердің әскери оқу орында тактика пәнінің оқулығы, жас сарбаздармен жұмыс жүргізуде тәрбие құралы есебінде пайдаланылады. «Соғыс психологиясы» жастарға арналған. патриоттық рух, қайтпас жігер, табандылық пен ерлік, аға ұрпақтың батырлық өнегесіне тәрбиелейді, соның лайықты жалғастырушысы болып, қасиетті әскери дәстүрді арттыра түсуге жетелейді [6, 25].

Батыр жазушының ерлік, соғыс, ұлт, тіл, еңбек тағы басқа тақырыптар төңірегінде айтылған әңгімелері батырдың көзі тірісінде-ақ нақыл сөзге айналып, ел аузына тарап кеткен. Соның бірі ана тіліміз туралы айтылған: «Қазақ тілі - сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын,

өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл», «Ана тілін сүймегендік, білмегендік, ұлт сезімін жоя отырып, ұлт безерлік тудырады», - деген сөзі ана тіліміздің құдіреті мен қасиетін бір-ақ ауыз сөзге сыйғызып айтқан даналығын көреміз. Өкінішке орай тәуелсіз ел болып, басқалармен терезесі тең заманда өз ана тілінде сөйлей алмайтын, қастерлей білмейтін қандастарымыз қаншама? Сондықтан да еліміздің қоғамдық-рухани өмірінде ұлттық тіл саясатын барынша батыл қолға алып, қарқынды жүргізу бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

Тәртіп пен жауапкершілік ұғымдарына ерекше мән бере отырып батыр атамыз: «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген қанатты сөзімен қатар «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Екіжүзділіктің балын татып жүргеннен, әділдіктің ащы уын ішкен артық. Өтіріктің қанатын қомдағанша, ауыртпалықтың жүгінен бүгілген артық» деген сөздері бүгінгі күннің өзекті ұраны [7, 16-17]

Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде Бауыржан атамыздың нақыл сөздерінің алатын орны ерекше. Мәселен: «Опасызда Отан жоқ. Отанда опасызға орын жоқ», «Ел қорғау жолында ерлікпен өлген ерлердің жазығы жоқ», «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық!», - деп жазады.

Бесіктегі баланы тәрбиелеуде ата-ананың, әжелердің орны туралы: «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқамын. Менің қазіргі келіндерім немелеріне бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын» - деп батыр тұлғамыздың қамығуында терең психологиялық астар бар [8, 3]. Сондай-ақ ұл балаларды жігерлендіру, ерлікке баулу мақсатындағы: «Өжеттіктен не пайда, ерлігі мен ақылы көпті батыр етпесе!» және «Адал болмай азаматпын демегін» сияқты нақыл сөздері бар.

Аңыз адам жайлы жазылған естеліктер мен шығармаларды бүгінгі буын оқи отырып, тағылым алса нұр үстіне нұр болар еді!

Б. Момышұлы – адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркем бейнесі іспетті. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиетімен елеулі, әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат болып ұрпақтарының санасында мәңгі қала бермек.

Бауыржан Момышұлының тәлім-тәрбиесін бойымызға сіңіру үшін мектептің оқу бағдарламасына, оқулықтарға батырдың көптеген шығармаларын, өлеңдерін, қанатты сөздері енгізілсе ЖОО-да, Бауыржантану факультативтері жүргізілсе, білім алушыларды, болашақ

жастарды өз ана тілін, дінін құрметтей білетін ұлттық рухта, құндылықта және отансүйгіштікте тәрбиелеуде өз нәтижесін берер еді деп ойлаймыз.

Б. Момышұлының еңбектерін оқи отырып оның шығармаларынан патриоттық тәрбиенің қайнар көзін табатынымыз айқын. Олай болса, елім, жерім, Отаным дейтін намысты ту қылып ұстаған, Отанымызға шын берілген адал ұлдарымызды тәрбиелеуде талантты атамыздың еңбегін өмірімізге шамшырақ ете білейік.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. - Алматы. «Алматы кітап», 2009 ж.
2. <https://studopedia.info/4-22064.html>.
3. Бауыржан Момышұлы Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы «Жазушы» баспасы, 2004 жыл, 5-6 беттер.
4. Б. Момышұлы Ұшқан ұя. I том, А., «Жазушы», 2004 ж.
5. Б. Смағұл Қаһарман. «Хантәңірі» баспасы, Алматы, 2016 ж.
6. Б. Момышұлы Қанмен жазылған кітап. I том, А., «Жазушы» баспасы, 2004 ж.
7. Мекемтас Мырзаахметұлы «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер», Алматы, 2007 ж.
8. М. Қалдыбай Мен халқымының Бауыржанымын! Келешек баспасы, Алматы, 2017 ж.

### **3.6. Гражданско-патриотическое воспитание студенческой молодежи Казахстана**

#### **Жайна Избасаровна Салмырза**

кандидат исторических наук, ст. преподаватель кафедры «Педагогика». Центрально-Азиатский Инновационный Университет (г. Шымкент, Казахстан)

#### **Акерке Сеитхановна Жолдасбек**

магистр кафедры «Педагогика». Центрально-Азиатский Инновационный Университет (г. Шымкент, Казахстан)

#### **Загира Торехановна Изимбетова**

магистр кафедры «Педагогика». Центрально-Азиатский Инновационный Университет (г. Шымкент, Казахстан)

С приобретением независимости Казахстан пережил непростое время, которое ознаменовано с периодом кардинальных изменений буквально со всех областях жизни казахского общества. В первую очередь-это патриотизм. Понятие патриотизма как одной из наиболее важных ценностей государства, выделены основные задачи для достижения цели, которые занимают важную роль в формировании

казахстанского патриотизма. Важное значение приобретают вопросы воспитания у подрастающего поколения чувства любви к Отчизне. Основным институтом, обеспечивающим организацию, функционирование и контроль всей системы патриотического воспитания, является государство. Патриотическое воспитание молодежи одно из направлений государственной молодежной политики Республики Казахстан на этапе переходного периода и на долгосрочную перспективу. [1].

Новая концепция образовательной политики Казахстана, направленная на социальную консолидацию и гражданское единение казахстанского общества, учитывает большую динамичность развития общества, быстрые темпы формирования молодежи в образовательном и личностном аспектах. Особую роль в духовно-нравственном воспитании молодежи призваны сыграть высшие учебные заведения. На сегодняшний день цели и задачи воспитания студенческой молодежи в вузе определяются объективными потребностями общества. Современная социальная действительность в Казахстане отличается и характеризуется существенными изменениями в системе ценностей и идеалов. По словам первого президента Н.А. Назарбаева, «сегодня на повестку дня выходит необходимость формирования нового казахстанского общественного сознания, адекватного сути проводимых в стране преобразований. [4]. Несомненно, в него должны войти элементы общечеловеческой культуры, современные знания и национальные традиции. Следовательно, несмотря на меняющийся мир и новые социальные требования к сфере образования, задача системы образования остается неизменной - воспитание полноценного и конкурентоспособного гражданина, раскрытие роли знаний не только с точки зрения получения экономической выгоды, но и с точки зрения воспитания будущих поколений - думающих, ответственных перед обществом и сопереживающих за страну граждан. Эти элементы должны прививаться каждому человеку в социальных институтах: семье, школе, университете» [4]. Заявив об ответственности за воспитание граждан, государство в лице государственных органов рассматривает гражданско-патриотическое воспитание в широком социальном аспекте как важнейшее направление государственной деятельности, как составную часть внутренней идеологической политики страны.

В условиях продолжающейся модернизации всей системы общественных отношений в республике проблема формирования патриотизма и гражданских ценностей в молодежной среде обретает особую актуальность, новое звучание и значимость. Анализ последних научных исследований по обозначенной проблеме свидетельствует об устойчивом интересе ученых к вопросам формирования гражданственности и патриотизма личности.



Задачи исследования философских аспектов формирования гражданско-патриотических качеств личности и ее мировоззренческих позиций решаются в трудах российских ученых Г.Н. Филонова, В.И. Лутовинова, И.Б. Котова, Е.Н. Шиянова и др. Профессионально-педагогической подготовке будущих учителей к деятельности по патриотическому воспитанию школьников посвящены работы Б.Ф. Павлова, И.И. Бурлаковой, Н.В. Ипполитовой, В.В. Дьяченко, Г.В. Здеревой и др.

Вопросы формирования гражданских и духовно-нравственных ценностных ориентаций личности отражены в исследованиях Р.Г. Гуровой, И.В. Вахрушевой, Н.Д. Никандрова, З.И. Равкина, Б.С. Гершунского и др.

Казахстанскими исследователями в последние годы интенсивно разрабатываются теоретико-методологические, научно-педагогические и психолого-педагогические основы патриотического и гражданского воспитания учащейся молодежи. Исследование сущности казахстанского патриотизма в контексте общенациональной идеи отражено в трудах отечественных политологов А. Калмырзаева, А. Бектурова, А. Бижанова, У. Касенова, С. Жусупова, С. Дьяченко, Б. Абдыгалиева, Д. Ешанова, О. Мусина, Е. и др., основные концептуальные положения которых послужили теоретическими предпосылками для решения исследуемой проблемы. [2].

Заслуживают внимания работы, посвященные вопросам формирования гражданственности будущих учителей в условиях целостного педагогического процесса вуза (Г.О. Медетбекова, А.К. Нургалиева); гражданского воспитания школьников (С.Б. Омарова, З.У. Имжарова, Ж.А. Макатова, К.К. Жампеисова); формирования патриотических качеств будущих специалистов (А.К. Калимолдаева, Л.С. Ахметова); патриотического воспитания учащихся средствами народной педагогики (Р.Н. Кенжебаева, Ж.Н. Калиев, А.А. Бейсембаева, Н.А. Мухамединова, Л.Т. Сейдахметова); средствами физического воспитания и спорта (Ж.А. Касымбеков); военно-патриотического воспитания студентов и военнослужащих (Е.С. Салтанов, У.К. Санабаев) и др. [5].

Особую значимость в плане нашего конкретного исследования представляли работы, в которых патриотическое воспитание рассматривается в совокупности с проблемами гражданского воспитания, а именно: исследования по гражданскому воспитанию студенческой молодежи в современном вузе Н.А. Савотиной, по проблемам образования и образованности гражданина в современном мире А.С. Гаязова, по выявлению педагогических условий патриотического воспитания студентов вузов в условиях гуманизации образования Е.В. Чекунова, по вопросам формирования гражданственности будущих учителей в современных условиях А.К. Нургалиевой и др. Указывая на органическую взаимосвязь патриотического и

гражданского воспитания, авторы предполагают в качестве основы формирования чувства любви к Родине, так как одной из важнейших характеристик гражданственности личности является ее высокий уровень патриотизма, а подлинный патриотизм немыслим без осознанного чувства гражданской ответственности за судьбу своего Отечества, без активной социальной деятельности, направленной на позитивное преобразование духовной и материальной среды общества. [2].

В контексте новых подходов к пониманию важнейших проблем современного воспитания молодежи гражданско-патриотическое воспитание сегодня рассматривается не только на теоретическом уровне, но и как реальный социально-педагогический феномен, как качественно новое явление в педагогической науке и практике.

Впервые научное обоснование необходимости объединения двух важнейших направлений воспитания в единое целое предложил в 2006 г. российский ученый В.И. Лутовинов, чью позицию о гражданско-патриотическом воспитании как целостной концепции мы берем в своем исследовании за основу. По его утверждению, «главный парадокс... в том, что игнорируется диалектическое единство, неразрывность главных составляющих гражданско-патриотического воспитания, которые рассматриваются сами по себе, в отрыве друг от друга, а нередко - в ущерб и противоположность друг другу» [2]. Несмотря на то что в гражданском воспитании доминирует социальный аспект, выражающийся в большей степени в правовой сфере, а в патриотическом - социальное начало определяется духовно-нравственной сущностью человека, в последние годы наблюдается тенденция сближения этих важнейших направлений воспитания именно на основе их ярко выраженного социального характера, а истинный патриотизм выражается в глубоком осознании чувства национальной гордости и национального достоинства через призму государственных и общественных интересов, социальной активности, политической и правовой культуры.

Такой подход к рассмотрению патриотизма и патриотического воспитания в контексте их взаимосвязи с гражданственностью и гражданским воспитанием обусловлен процессами сближения, интеграции социально-правовой доминанты гражданского воспитания с духовно-нравственным началом патриотического воспитания. В связи с этим к одной из важнейших методологических проблем на сегодняшний день относится недостаточная разработанность предметно-категориальной определенности понятия «гражданско-патриотическое воспитание» и недостаточная изученность соотношения понятий «патриотизм» и «гражданственность».

Современное состояние высшего образования, в том числе и педагогического, в основном нацелено на обучение и в меньшей степени на воспитание в силу сложившейся модели подготовки в вузе,

ориентированной на «знаниевый» подход. Участие многих молодых людей в гражданско-патриотической деятельности носит формальный характер, а некоторые из них проявляют индифферентное отношение к ней, что связано с устаревшей ориентацией на «мероприятийный» подход в воспитании. Остаются недостаточно разработанными педагогические условия для усвоения будущими специалистами гражданско-патриотических ценностей и их принятия на уровне лично значимых в процессе интериоризации. [1].

Современное казахстанское студенчество представляет собой поколение, выросшее в условиях изменившихся социально-экономических отношений, что не могло не отразиться на ценностных ориентациях молодежи. Анализ основных характеристик той социально-демографической группы, которую представляет студенческая молодежь, позволяет выделить следующие тенденции:

- Преобладающее большинство студентов показывает высокий уровень позитивного настроения на будущее, с твердой уверенностью в завтрашнем дне, а также с четким осознанием, что именно образование дает возможности успешно реализоваться в жизни, а не личные связи или деньги. Они считают ведущей социальной ценностью качественное образование, повышение уровня которого создает предпосылки для искоренения коррупционных проявлений.

- Казахстанская молодежь сегодня обучается не просто в вузах, служащих инструментом для воспроизводства знаний, а в высших образовательных учреждениях, нацеленных на формирование новой генерации казахстанцев согласно проекту «Интеллектуальная нация - 2020». Без формализма и «дутых» количественных показателей университеты призваны концентрировать у себя интеллектуальные ресурсы, конкурентоспособный человеческий капитал.

- Обобщение положительных и отрицательных черт студенческой молодежи выявляет, что ей одновременно присущи альтруизм и эгоизм, гуманизм и агрессивность, интеллектуальность и бездуховность, осознанный патриотизм и равнодушие к судьбе Родины. Этим объясняется дифференциация нынешней молодежи на группы по степени интеллектуальности и нравственности (по А.В. Соколову):

- а) студенты, составляющие интеллектуальную элиту;
- б) студенты, представляющие собой неинтеллектуальную молодежную массу;
- в) маргинальные прослойки [5] .

- В молодежной среде под отрицательным влиянием средств массовой информации, рекламирующих глянец дорогостоящего образа жизни, усиливается тенденция снижения интереса к трудовой деятельности и его замена гедонистическими установками.

- На социальное настроение молодежи влияет ее низкая конкурентоспособность на рынке труда в силу отсутствия опыта,

квалификации и трудовых навыков. Уровень молодежной безработицы продолжает оставаться высоким.

- В последние годы наметилась тенденция к заметному росту политической активности студенчества в связи с возрастающей потребностью молодежи к участию в общественно-политической жизни страны. Однако значительное число молодых людей слабо ориентируются в политике и не проявляют к ней интереса.

- Межнациональные отношения в студенческих коллективах внешне стабильны.

- Студенчество, выступающее авангардом казахстанской молодежи, характеризуется на сегодня ростом духовно-нравственного, поликультурного и патриотического потенциала. Однако в сознании некоторой части молодых людей патриотизм воспринимается поверхностно, абстрактно, только как чувство, не накладывающее на личность особой ответственности за конкретные дела и поступки.

Одним из основных векторов гражданской социализации личности является идентификация индивида с Родиной. Известно, что на начальных этапах своего независимого становления, по сравнению с моноэтническими странами, полиэтнический Казахстан переживал более существенные проблемы в области национальной самоидентификации граждан и общественного единения. По данным исследования [3], категория гражданства в молодежном сознании связана, прежде всего, со страной проживания, с принадлежностью к государству, где родился и вырос (42,2%), с патриотизмом, готовностью трудиться на благо своей Родины и отстаивать ее интересы (15,4%), с конституционными правами (12,7%), с долгом (11,3%), с национальным достоинством (6,1%), с безопасностью (2,2%) и др. Как видим, большинство респондентов воспринимает гражданство как отождествление со страной проживания, хотя в политологии под гражданской идентификацией понимается не только чувство принадлежности к тому или иному государству, но и согласие с его политическими ценностями, выражение определенного отношения (симпатии, поддержки, протеста) к государственной политике. Тем не менее приведенные данные позволяют говорить о формировании четкой и определенной гражданской идентичности казахстанской молодежи. Подавляющее большинство молодых людей, обучающихся в вузах (90,4%), связывают свое гражданство с Республикой Казахстан. [3].

Такие проблемы, как гражданская самоидентификация, отношение к воинской службе, национальное и религиозное сознание молодежи, определяют степень ее патриотического настроения. На сегодня в целом налицо относительный рост показателей духовно-культурного и патриотического потенциала казахстанской молодежи, в авангарде которой выступает студенчество. В молодежной среде распространяется дух эгоцентризма и потребительского отношения к

жизни. Широкое распространение массовой культуры, которая в силу своего примитивизма становится доступной для молодежи, ведет к духовному оскудению, нравственной деградации и интеллектуальной пассивности. В связи с этим необходима эффективная целенаправленная работа с молодежью по разъяснению того, что истинный патриотизм — это не слова, а реальная сопричастность с жизнью страны и собственное активное участие в решении ее проблем. «Следует сделать так, чтобы каждый человек с детских лет усвоил простую по сути мысль: Казахстан - мое Отечество, и я за него в ответе, как и оно за меня» [1].

Таким образом в исследовании использованы системный подход при разработке и проведении его экспериментальной части. Речь идет о создании системы гражданско-патриотического воспитания в условиях современного вуза, где за период обучения студенты - будущие учителя должны пройти школу гражданского становления и определиться в своем патриотическом самосознании, ведь им в дальнейшем предстоит нести ответственность за воспитание своих учеников в духе гражданственности и патриотизма. Поэтому уровень готовности студентов педагогических специальностей к выполнению предстоящей столь высокой миссии-важнейший показатель их профессиональной компетентности.

#### **Список литературы:**

1. Джилкишиева М.С. Гражданско-патриотическое воспитание студенческой молодежи Казахстана // Современные проблемы науки и образования. – 2012.
2. Абрамова Е.А. Поликультурное воспитание студентов вуза на основе системного подхода: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Москва, 2011. – 30 с.
- 3 О государственной молодежной политике. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V ЗРК. – Әділет. Информационно-правовая система нормативных правовых актов РК. (дата обращения: 11.10.2021).
4. Назарбаев Н. Патриотизм является нерушимой опорой Мәңгілік Ел. URL: <http://muftyat.kz/ru/news/11876> (Дата обращения: 02.11.2017).
5. Козыбаев М. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В 2-х книгах. Кн. 1. Алматы: Ғылым, 2000. С. 420.



### **3.7. The Relationship between Emotion and Health: A Critical Analysis of Current Scientific Paradigms in Psychology**

#### **Zhumakul Molbassynova**

PhD student at the department of «Psychology and applied psychology». Al Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

#### **Meiramkul Murzagulova**

Senior teacher of the department «Pedagogy and Educational Management». Al Farabi KazNU (Almaty, Kazakhstan)

#### **Karlygash Sailinova**

PhD student at the department of «Psychology and applied psychology». Al Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

#### **Mustahima Bulekshurina**

KGU General Education School № 26 (Almaty, Kazakhstan)

Currently, the presence of a socio-economic crisis in the world and the rapid development of digital technology has a negative impact on human emotions and health. All the ongoing relationships and conflicts not only affect a person's mental health, but also pose significant questions for psychological science.

The relationship between emotions and health is considered in the theoretical studies of many scientists: L.S. Vygotsky and A.N. Leontief on the semantic structure of consciousness [1, 16 p.], A.R. Luria's theory of associative attitude to individual traits, A.G. Shmeleva's concept of subject-oriented psychodiagnostic attitude. In V.V. Stolin's works the concept of semantic structure of consciousness points out the need for a deeper study of emotions [2, p. 72]. At the same time, the studies say that the whole mental structure of a person originates from feelings and emotions, and this shows that it is a way of forming a holistic picture of the world.

Under the formation of a holistic image of the world we mean: the ability to represent the subjective world of the objective world in the human mind; the ability to structure life events in the process of mental development; possessing the ability to regulate their behavior in the course of general mental and physiological development.

As the result of the review of research shows, the ability to perceive the sensual-emotional experience of each person, that is, the process of being able to depict and master the state of his inner world as a whole. A deeper study of these issues shows that a person's emotions, feelings and states have a great influence on the perception and representation of external phenomena, on the planned development of all cognitive processes.

Experience shows that emotions are subjective states of a person to internal and external stimuli. That is, a person's reactions to various phenomena in life. Everyone has an emotional space. Positive and negative emotions arise under the influence of various external phenomena in the emotional space.

The space of positive emotions brings a person success, satisfies his needs, contributes to the achievement of his goals. In addition, it always gives a good mood. That is, it gives a clear view in all respects. The presence of positive emotions has a positive effect on psychological health.

In my opinion, the creation of a positive emotion depends on one's ability to regulate one's actions, to control one's emotions, and to establish a perceptual connection in any relationship. Of course, this depends on accumulated experience. For this each person needs to be able to know himself. That is, he must understand the language of emotion. I understand that the language of emotions depends on a person's consciousness and self-awareness. At the same time, it depends on a person's personality, his mental qualities.

Failure to understand the space of one's own emotions, the language of one's emotions leads to negative emotions. Negative emotions are caused by relationships in the environment, obstacles in achieving goals, depression for such reasons. A sad, depressed mood leads to anger, regret, resentment, and despair. Such negative human states lead to psychological and physiological health disorders.

Based on research by scientists, it has been shown that an increase in negative tendencies has led to personality disorders and an increase in psychosomatic illnesses. The reason is that the presence of these phenomena depends on the signaling function of emotions. In other words, the motives for our actions are presented directly to our brain through our consciousness. For example, we have a scheduled job. According to F.V. Basin, «emotions are seen as a kind of mechanisms that turn our unconscious actions into conscious actions» [3, p. 83]. Therefore, we can say that all mental phenomena are controlled by emotions and manifest at all stages.

On the basis of the research of Soviet scientists it is explained that the meanings of emotions form the resulting meaning of all intellectual activity. At the same time the meaning formations that arise in a person's life form a conscious attitude to phenomena.

The relationship between emotions and health was discussed by N.N. Lange explains the state of perceptual analysis, i.e. «the process of perception». Such is the influence of external phenomena on the human psyche: first, it passes from an unknown feeling to a known state; second, the real cause of the phenomenon is known; third, we see the objective mental state of the phenomenon [4, p. 127]. In other words, any phenomena remain in the human unconscious and rise above consciousness. This

means that emotion necessarily leaves a trace in our brain, that is, in our mind.

One of the leading psychologists, A.F. Lazursky, did not often use the concepts of emotion and feeling as psychological categories [5, p. 57]. Based on James' theory, these concepts were given meaning only in a state of mental distraction (dissipation) in the psyche, when a person is in a neutral state, unaffected by stimuli, in a state of apathy. On the contrary, it was consumed in ecstasy not only by those suffering from mental illness, but also by normal people.

Emotions and health are very closely linked. The aforementioned studies can also confirm this.

Mental health of a person becomes a topical problem today. Review of psychological literature: «mental health» (B.B. Bratus), «psychological health» (I.V. Dubrovina), «personal health» (L.M. Mitina), «spiritual health» (Y.A. Korelyakov) [2, p. 78].

In the science of psychology around these concepts there are the following problems: health is impaired when mental and physical processes oppose each other. It is not a one-sided phenomenon. Finding its solution should be considered from the point of view of «the mechanism of interaction», as P. D. Tishchenko notes. That is, if we look at the psyche and body from the point of view of «one objective world», it will necessarily yield positive results. That is why a doctor identifies biological factors, a psychologist identifies psychological factors and builds a bilateral holistic model. In this case it is not difficult to normalize a person's health. To prove this, I will cite examples from articles I've read.

Italian psychologist Valentina Lucia La Rosa and her colleagues conducted research with women suffering from gynecological diseases. They first identified the first causes of gynecological diseases:

- high stress at work;
- disputes during social and professional relationships;
- disrupted sexual relationships;
- disability conditions;
- anxiety and depression;
- the influence of other conditions, such as decreased quality of life [6, p. 27].

In order to prevent such situations, conducting psychological counseling for women suffering from gynecological diseases can be seen to increase their chances of overcoming their illness. Thirty women took part in the experiment, 30 women in the control group, they did not receive psychological counseling. The women in the control group took a long time to recover from their illness, while the women in the experimental group recovered quickly from their illnesses and quickly adapted to normal life. The conclusion that follows from this is that the work on psychological counseling is relevant.

In Japan, for example, Atsushi Araki and Hideki Ito studied that the physiological changes in the body of elderly people after a stroke in the diabetic department of the Tokyo Metropolitan Hospital had a strong impact on their psyche. And suggests several ways out of it:

- developing a favorable attitude toward aging in older adults;
- organizing physical and positive emotional work with patients;
- forming a positive attitude toward aging in the elderly person;
- receiving inpatient rehabilitation procedures at special rehabilitation centers (involving speech therapists);
- discernment of feeling and meaning;
- complete restriction of negative feelings;
- increased sense of harmony;
- sense of meaning in life;
- exercising;
- enjoyment of life, and much more. [7, p. 23].

Using these methods, it can be seen that the adaptation of older people to normal life had positive results.

To summarize, we can say that the connection between emotions and health is necessary to keep a person in balance with the surrounding world, to form a positive attitude to the physical, biological and mental influences in the social environment, to form a positive attitude to the right decision in any life situation will certainly affect. Psychological health of a person is proof that it is a major factor in the normal development of society.

### **Bibliography:**

1. Vygotsky L.S. Spinoza and Ego's doctrine of emotions in the world of modern psychoneurology // Problems of Philosophy, 1970, No. 6. - C. 16-23.
2. Zhumazhanova G.K., Dakina G.T. Personality - the emotional field of study. Vestnik KazNU. Psychological-Sociological Series. № 2 (49). 2014.
3. Bassin F.V. The problem of psychological protection / F.V. Basin , M.K. Burlakova , V.N. Volkov // Psychol. journal. - 1998. - № 3. - C. 79-86.
При проведении занятий с использованием таких развивающих пособий, у учащихся заметно повышается интерес к уроку, мотивация, развиваются тактильные ощущения, разговорная речь, пополняется словарный запас детей, что немало важно. Например, можно использовать данное пособие при изучении темы «Ассортимент одежды», где ученики смогут определять виды одежды по способу носки, по сезону, по назначению, по условиям эксплуатации и т.д.

По предмету «Общетрудовая подготовка» в 5 классах на уроках трудового обучения, я стараюсь применять игровые приемы и технологии коррекционно-развивающего обучения детей.

Для развития мелкой моторики рук, зрительного восприятия, тактильных ощущений я использую развивающую игрушку «Ёжик».



Пособие выполнено из фетра, имеет различные виды застежки: пуговицы, кнопки, крючки, тесьма-молния, текстильная лента, шнуровка, карабин. Пособие может использоваться как на уроках, так и во внеурочной деятельности.

Опыт работы показывает, что планомерная работа по развитию мелкой моторики рук, через применение развивающих пособий на уроках швейного дела и общетрудовой подготовки способствует: развитию у детей произвольного внимания, наблюдательности, памяти, сообразительности, чувства ритма; развитию глазомера и координации движения пальцев; правильному использованию материалов, инструментов. Дети приобретают практические навыки и умения. У них развивается речь, воображение, фантазия, воспитывается аккуратность, терпение, настойчивость, стремление преодолевать трудности и доводить начатое дело до конца.

### **Литература:**

1. Занков Л.В. Психология умственно отсталого ребенка. - М., 1988.
2. Кащенко В.П. Совершенствование урока трудового обучения. Начальная школа. № 2, 2001.
3. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка. - М., 1973.



### 3.19. Музыка пәнінен инклюзивті білім беру қажеттілігі

#### Шолпан Жулдасқалиевна Жилқышиева

Рыспай Ғабдиев атындағы балалар өнер мектебінің мұғалімі  
(Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті)

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе оқушылардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен жалпы білім берумен қатар қосымша инклюзивті білім беру үрдісі қарастылған. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды жалпы білім берумен қатар өнерге баулу үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім берумен қатар, өнерге деген қызығушылықты оятып, оның ішінде домбыра аспабына құрметпен қарап, білімге, өнерге деген сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған болып табылады.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – қосымша білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ қосымша білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады. Сондай ақ ерекше балаларды өнерге деген қызуғышылықты оятып, оның ішінде домбыра аспабын үйренуге көмектесу болып табылады.

Инклюзивті білім беру - мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге қосымша білім беріп, домбыра үйретіп олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, қосымша білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың қосымша білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, қосымша оқыту мен өнерге баулудың жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың қосымша сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар

балалардың жағдайлары да өзгереді. Болашақта инклюзивті оқытуды еңгізілген өнер мектептерінде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға, әртүрлі аспапта ойнауға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым-қатынас жасауға, нота танып, өзінің таңдаған аспапта ойнап үйренеді.

Инклюзивтік қосымша білім беру - барлық балаларды өнерге баулу үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, әдеп-ғұрыптарды сақтауға, өнерімізді биікке көтеру, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, қосымша білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді.

Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға, сонымен қатар баланы қосымша білім беретін өнер мектептеріне беріп оқыту міндетті.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру мақсатында, болашақта қосымша білім беретін өнер мектептеріне арналған бағдарламасы жасақталады деп сенеміз. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, қосымша білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған.

Егер инклюзивті оқытудың қосымша оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді, өнерге деген сүйіспеншіліктері оянады. Инклюзивті оқыту арқылы өнер мектебінде оқыған балалар болашақта өз өнерлерін көрсетіп, ортаға бейімделіп, сапалы білім алуға, өнерлі болуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, әртүрлі аспапта ойнауға, көпшіліктің ортасына шығып өнер көрсетуге үйренеді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін өнер мектептерінде білім мазмұнын арнайы бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: қосымша, оның ішінде өнер мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес қосымша білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.



Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады
2. Өнерге деген қызығушылықты оятады
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы
4. Қосымша білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады
5. Барлық ерекше оқушы өнер арқылы өзінің болмысын көрсетеді
6. Әрбір ерекше оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру
7. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды қосымша оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазіргі уақытта мен денсаулығы ерекше оқушымен жұмыс жасаймын. Сол оқушымен жұмыс жасау барысында инклюзивті қосымша білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар.

Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек.

Инклюзивті қосымша оқыту - ерекше балаларға көпшілік шараларға белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті қосымша оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың қосымша білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен қосымша сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті қосымша оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайы да өзгереді.

Ата-анасынан, ата-әжесінен алған жақсы тәлім-тәрбие мен ұлттық ән мен күйді тыңдап өскен бала жігерлі, өжет, кезкелген тығырықтан шыға алатын, өзіне сенімді, адамгершілік қасиеттері мол, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, білім білік дағдылары мол, өмірге құштар болып өседі.

Әл-Фараби бабамыз еңбектерінде музыканың адам психологиясына әсері жөнінде - «Музыка денені шынықтыратын гимнастика тәріздес, ол адамның жанын жетілдіреді. Алдымен ләззатқа бөлейді, одан соң құмарлықты оятады, қиялға жетелейді», - деп пікір айтқан. Ал ұлы грек ойшылы Платон: «Музыка-адам жан дүниесін еріксіз еліктіріп, тұрмыс-тіршіліктің қандайда болсын мұң-заласын ұмыттыратын қасиетті күш», - деп, ой түйіндеген.

Жаңартылған білім беру аясында инновациялық технологияларды пайдалана отырып, қосымша сабақты түрлендіре, шығармашылық бағытта өткізу бүгінгі күннің басты мақсаты.

Оқушыларға ойын технологиясы арқылы ұйымдастырылған сабақ, қызықты да қонымды, шығармашылығының артуына оң әсерін тигізеді. Оқыту мен тәрбиелеудегі жаңаша әдіс-тәсілдерді біліп ғана қоймай, оны әр сабақта тиімді пайдалана білу қажет.

Мысалы: «Саусақ жүйесі» ойыны арқылы, нотаның бес сызықта жазылатынын түсіндіре отырып, ноталардың атын атап орындау;

«Әуенді тап!» ойынында орындалған күйлердің, шығарманың авторын немесе атауын атайды.

«Жалғастыр!!» оқушы өз ойынан құрастырған музыкалық әуенді немесе музыкалық шығарманы, күйлерді, келесі оқушы жалғастыруы қажет;

«Алдына ала шолу өткенге оралу әдісі» аталған әдістің мәні ол жаңа тақырыптағы бұрынғы өтілген сабақтардағы материалдарға сүйене отырып қайталау.

Баланың музыкалық саутылығын арттыру, есте сақтау қабілетін жетілдіру арқылы, домбыра сабағының ықпалы ерекше.

Баланың есту қабілетін дамытуда домбыраны ойнау арқылы халық әндерін, күйлерін қолдануда оқушының дүниетанымы кеңейеді, шығармашылығы артады, ұлттық құндылықтармен сусындалады, өйткені ұлттық музыка өнерінде қазақтың тарихы мен өткен өмірі жатыр.

Баланың болашақта музыкалық қабілетінің жоғары, эстетикалық талғамы мол, дүниетанымы кең, өз елінің патриоты болуы үшін кішкентай кезінен сұлу сазды ән мен күйдің аясында тәрбиелеу қажет.

Олар өздеріне ерекше назар аударуды қажет ететін балалар, бірақ кез-келген адам сияқты, олардың ерекшеліктеріне қарамастан, олар қосымша білім алуға құқылы. Инклюзивті білім беру өнер мектептерінде қосымша білім алуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық қосымша білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Білім берудің инклюзивті нысанын тиімді іске асыру үшін мүмкіндігі шектеулі балалар өздерін басқа оқушылар сияқты сезінетін жағдайлар жасау қажет деп санаймын. Денсаулығында ауытқулары бар балалар өз құрдастары сияқты қабілетті және талантты болуы мүмкін, бірақ олардың дарындарын табу және дамыту мүмкіндіктердің теңсіздігіне кедергі келтіреді. Мұндай балаларға бей-жай қарамау керек. Әр баланы оқу процесіне тарту, сабақтарды дайындау мен өткізуде икемділік пен шығармашылықты көрсету қажет. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын мұғалімнің алдында тұрған басты мәселе оқыту мен тәрбиелеу процестерін ұйымдастырудың тиімді әдістерін іздеумен байланысты болады. Ежелгі заманнан бері музыканың адам денсаулығына әсері пайдалы екені белгілі. Музыкалық терапия

дамудағы ауытқуларды емдеу және алдын алу үшін кеңінен қолданылады.

Мен қосымша білім беретін мүгедектігі бар оқушының жүрек ақауы бар, бұл музыкалық материалды игеру процесіне әсер етеді. Мұндай баланы назардан тыс қалдырмаймын және сабақта әртүрлі практикалық әдістерді қолдануға тырысамын. Музыка сабағындағы ең тиімді әрекеттердің бірі - домбыра тарту .

Сабақта музыкалық шығармаларды орындау оқушының сезімдерін, ішкі әлемін ашуға ықпал етеді. Музыкалық шығармаларды басқа балалардың алдында орындау әсіресе пайдалы. Мұндай қойылымдар бастаманы дамытады, өзін-өзі бағалауды арттырады, балаларға шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Сондай-ақ, сабақта музыкалық шығармаларды тыңдау баланың ішкі әлемін байытады. Біз балалармен әртүрлі бағыттағы музыканы тыңдаймыз, бірақ классикалық музыканы тыңдау әсіресе баланың денесіне жағымды әсер етеді. Осы немесе басқа шығарманы тыңдамас бұрын композитор туралы, осы шығарманың және күйлердің шығу тарихы туралы айтамын, оқушыны осы тақырыпқа қызықтыруға тырысамын. Әр сөз оқушыға жетіп, қажетті нәтиже беретініне сенімді болуым керек. Шығарманы тыңдағаннан кейін мен оған естіген шығарманы ойнауды, өз тәжірибелері мен сезімдерін салуды ұсынамын. Қызметтің бұл түрі оқушыға көркем образдар арқылы тыңдалған шығармаға деген сезімдері мен көзқарастарын білдіруге мүмкіндік береді, баланы ойлауға, қиялдауға және жасауға үйретеді. Домбыра сабақтарының көпшілігін ойын түрінде өткіземін, өйткені оқушы оқу материалын ойын арқылы жақсы меңгереді.

Домбыра сабағы баланы өз сезімдері мен эмоцияларын, басқа адамдардың эмоцияларын түсінуге үйретеді, әр баланың ішкі сезімін ашады, сондықтан мүмкіндігі шектеулі балалар үшін музыканы есту, тыңдау және түсіну өте маңызды. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға ұжымның мүшесі болуға, өз білімін іске асыруға және қоғамға пайда әкелуге көмектеседі деген қорытындыға келдім. Дәл осы тәсіл балалар арасындағы қарым-қатынастағы шекараларды жояды және жеке тұлғаны қалыптастырудағы қателіктерді азайтады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен бірге оқитын балалар өмірді көбірек бағалай бастайды, адамгершілігі мол және зейінді болады, қиын жағдайда бір-бірін қолдауға үйренеді. Мұғалім ретінде менің міндетім-балаларды өзімен және қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүруге үйрету, сонымен қатар оқушыларда өзара түсіністік пен мейірімділікке тәрбиелеу.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Организационные основы формирования позитивной культуры инклюзивной школы / Методические рекомендации – Под ред. А.А. Айдарбековой, Л.Х. Ермекбаевой, Г.С. Дербисаловой, З.Р. Самигу-

линой. Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики. Алматы, 2013. – 95 с.

2. Организационные основы и формы включения школьников с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс / Методические рекомендации – под ред. Б.Б. Амриной, И.Г. Елисеевой, Т.А. Жангазиевой, О.Ф. Чумаковой. Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики. Алматы, 2013. – 84 с

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

4. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

### **3.20. Индивидуальное обучение на дому детей с особыми образовательными потребностями**

#### **Гульмира Бексултановна Жанайдарова**

Магистр педагогических наук по образовательной программе «Русский язык и литература», учитель домашнего обучения, дефектолог. КГУ «Специальная школа-интернат № 1 г. Кокшетау» (г. Кокшетау, Казахстан)

#### **Лейла Каировна Танкубаева**

Учитель домашнего обучения, дефектолог.  
КГУ «Специальная школа-интернат № 1 г. Кокшетау»  
(г. Кокшетау, Казахстан)

#### **Эльмира Гималаевна Датова**

Учитель домашнего обучения, дефектолог.  
КГУ «Специальная школа-интернат № 1 г. Кокшетау»  
(г. Кокшетау, Казахстан)

#### **Самал Сериковна Курумбаева**

Учитель домашнего обучения, дефектолог.  
КГУ «Специальная школа-интернат № 1 г. Кокшетау»  
(г. Кокшетау, Казахстан)

Индивидуальное обучение на дому – одна из форм образования детей с ограниченными возможностями, признанных ПМПК нуждающимися в воспитании и обучении на дому в соответствии со своими заболеваниями.

Одной из самых значимых проблем, которые решает специальное образование на современном этапе своего развития, является гуманизация педагогического процесса. В основе теоретических и

практических путей ее разрешения лежит поиск оптимальных форм ее осуществления.

Реализация данного подхода на основе личностно-ориентированной модели выбора форм обучения и воспитания предполагает создание условий, в первую очередь обеспечивающих соматическое и психологическое здоровье ребенка. По причине неблагополучия здоровья образование возможно получить и вне школы, в том числе на дому.

В законе РК «Об образовании» говорится: «Для граждан, которые по состоянию здоровья в течение длительного времени не могут посещать общеобразовательную школу, организуется индивидуальное бесплатное обучение на дому или в лечебных организациях».

Под надомной формой обучения мы понимаем многофункциональную систему обучения и воспитания, осуществляемую в условиях семьи, оказывающую коррекционно-развивающую, социально-педагогическую, медицинскую и психологическую помощь детям и подросткам. В специальном образовании, к которому относится обучение и воспитание детей с различными проблемами здоровья: отклонениями в сенсорном, интеллектуальном, речевом, двигательном, эмоционально-волевом развитии, - важное место занимает надомная форма обучения.

Образовательные потребности обучающихся с умеренной умственной отсталостью определяются особенностями их психофизического развития. Вследствие выраженных нарушений интеллекта, особенностей психомоторного и эмоционально-волевого развития у обучающихся возникают потребности в индивидуализации содержания образования. Под влиянием множественных нарушений развития диапазон специфических особенностей, обучающихся широк и разнообразен, поэтому их итоговые достижения невозможно соотнести с параметрами какой-либо одной образовательной программы. В связи с этим, обучение и воспитание может и должно происходить на основе специальной индивидуальной программы.

Данные об учащемся, его способностях, динамике его развития заносятся и фиксируются в ИКРП – индивидуальную коррекционно-развивающую программу. Основная цель организации работы с обучающимися по ИКРП- создание для учащихся оптимальных условий для реализации учебно-воспитательного процесса с учётом их индивидуальных особенностей развития и способностей. ИКРП составляется на основании детального обследования учащихся группой специалистов школьного ПМПК, учителями-предметниками, воспитателями, классными руководителями (начальное звено).

На обследование и определение ИКРП для учащихся с УО отводится 2–4 недели, в зависимости от учебной нагрузки по каждому предмету, поэтому учебно-воспитательный процесс необходимо начинать с диагностики по определению ЗАР, обследования ЗУН



учащихся по предметам. Специалисты школьного ПМПК, учителя-предметники, воспитатели, классные руководители (начальное звено) подбирают диагностический материал для обследования и результаты диагностики оформляют документально в протоколах обследования с указанием даты.

Целеполагание учебно-воспитательного процесса разрабатывается на период, не превышающий полугодие, результаты реализации ИКРП фиксируются, для определения целей и задач дальнейшего обучения. Первым этапом считается сентябрь месяц текущего года, промежуточный контроль в декабре, итоговый контроль в мае. Обязательным условием реализации ИКРП является ознакомление родителей учащихся с первоначальным обследованием, целеполаганием и конечным результатом учебно-воспитательного процесса.

Физический статус обучающихся, особенности его восприятия, памяти, других психических процессов вызывают потребности в специальной организации среды и рабочего места конкретного обучающегося, которые необходимо учесть для его включения в процесс обучения.

Находясь дома, ребенок пребывает в комфортной для себя среде, когда его окружает привычная обстановка. Рядом находятся близкие взрослые, что дает чувство безопасности и позволяет ребенку проявлять активность и самостоятельность. При этом для дальнейшего расширения возможностей взаимодействия с миром, адаптации и ориентации в разных жизненных ситуациях необходима развивающая среда, которая вызывает временную дезадаптацию. Для преодоления дезадаптации ребенку может потребоваться помощь, кто-то справится с этой ситуацией самостоятельно. [1, стр. 7]

Образовательный процесс должен осуществляться в условиях организации развивающей среды, способствующей продвижению развития обучающегося.

Развивающая среда должна своевременно сменяться комфортной средой, поскольку ребенку необходим отдых и время на восстановление. В квартире должны быть организованы места для обучения. Необходимо обеспечить условия обучения, соответствующие особенностям развития ребенка, его индивидуальным возможностям.

Для детей с отсутствием речи осуществляется использование средств альтернативной коммуникации: графические изображения (фотографии, цветные картинки, черно-белые картинки, пиктограммы) или предметные символы, которые используют для обозначения видов деятельности, планирования дня, выражения своих желаний, просьб.

Процесс обучения по учебным предметам организуется в форме урока.

Выделяют несколько типов уроков: открытия нового знания (формирование новых знаний, расширения знания за счет включения новых определений, терминов, описаний), рефлексии (закрепление и коррекция усвоенных знаний, понятий, способов действий), общеметодологической направленности (систематизация знаний, развитие умения обобщать, связывать новые знания с полученными ранее), развивающего контроля (формирование навыков контроля и самоконтроля, оценивания своей работы в соответствии с установленными критериями).

По форме организации выделяют: комбинированный урок, который может сочетать в себе несколько типов уроков, методов и форм проведения, и интегрированный (межпредметный) урок.

Структура урока включает следующие этапы:

- 1) организационный этап (подготовка рабочего места)
- 2) мотивационный этап (постановка учебной цели, учебных задач)
- 3) основной этап (объяснение материала, выполнение практических заданий)
- 4) заключительный этап (рефлексия – сопоставление цели урока и результатов, фиксация достижения цели урока, оценка работы обучающегося, уборка рабочего места) [2, стр. 19]

Принципы домашнего обучения: дифференциация, индивидуализация, принцип конструктивизма, гуманизма, опоры на положительное. Эти принципы являются значимыми для домашнего обучения.

Учитель домашнего обучения приобретает у учащегося статус близкого человека. Система «учитель-ученик» становится доминирующей в жизни ребенка. Ее значение для развития личности состоит в том, что она включает детей в отношения «ребенок – общество», так как учитель воплощает в своей деятельности требования общества. Активная социализация ребенка также происходит через деятельность учителя. [3, стр. 3]

Организация обучения на дому предполагает тесный контакт с родителями (законными представителями).

Родители (законные представители), являясь участниками образовательного процесса, принимают активное участие в разработке и реализации индивидуальной программы развития. С ними согласовывают ежедневную учебную нагрузку ребенка, предпочтительную часть дня для проведения занятий, учитывая рекомендации врачебной комиссии.

Родители обучающихся также принимают активное участие в жизни школы и класса, за которым они закреплены. Помимо внимания и постоянной работы учителя домашнего обучения, всегда на связи с семьей ребенка, находящегося на домашнем обучении, и классный руководитель. В течение учебного года организуется декада учителей домашнего обучения, где проводятся открытые уроки, выставки поделок и рисунков, внеклассные мероприятия с привлечением детей

надомного обучения, а также приглашаются классы, где закреплены дети. Это и общение, и сотрудничество одновременно. После проведения мероприятий, учащиеся надомного обучения проходят в кабинет к своему классу и общаются в дружелюбной обстановке с одноклассниками.

Таким образом, конечным результатом организации надомного обучения является не только получение базовых знаний, но и умение адаптироваться в современной жизни.

### **Список литературы:**

1. Куангалиева Д.С. «Методические рекомендации по организации индивидуального обучения на дому детей с нарушением интеллекта». Алматы, 2011 г.

2. Елисеева Е.Н., Рудакова Е.А., Царев А.М. «Организация обучения на дому обучающихся с умственной отсталостью по специальным индивидуальным программам развития». Издательство «Доброшкола» 2020 г.

3. Печкасова Л.Г. Доклад «Деятельность и содержание работы учителя в специальной коррекционной школе». Интернет-ресурс, 2016 г.

### **3.21. Физикадан оқу эксперименттерін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру**

#### **Сауле Мыншаловна Азимханова**

магистр, Т. Айбергенов ат. № 16 орта мектеп директоры  
(Астана, Қазақстан)

#### **Жаннат Айдарбековна Абекова**

физика-математика ғылымдарының кандидаты.  
Т. Айбергенов ат. № 16 орта мектеп мұғалімі  
(Астана, Қазақстан)

Функционалдық сауаттылық-бұл адамдардың әлеуметтік, қоғамдық, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуы, яғни жаһандандудың қазіргі дәуірінде, жасына қарамастан заман ағымына ілесіп, мамандығына қарамастан, білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы.

Сауат ашу ұғымының табиғаты қоғамның дамуына байланысты тарихи өзгерістерге ұшырады. Қазіргі заманда елдегі түрлі оқиғалардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптары өзгерген сайын практикалық сауаттылық ұғымы кең тараған.

Білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты халықаралық стандарт талаптарына жауап беретін қазіргі әлемдік білім беру кеңістігіндегі оқыту үрдісіне

негізделеді. Орталық тұлға – оқушы, ал оқытудың соңғы нәтижесі студент.

Осыған байланысты алынған білім негізінде әрекет ету қабілеті мен дайындығын бейнелеу қабілетін дамыту орта мектептерде әртүрлі пәндерді оқыту бағыттарының бірі және үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Функционалдық сауаттылық білім беру деңгейінің көрсеткіші ретінде оқушылардың танымдық қабілетінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысын қарастырады. Қазіргі жылдам өзгертін әлемде функционалдық сауаттылық оқушының әлеуметтік-мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі фактор болып табылады [1-5].

Негізгі сауаттылық-бұл адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндер жазу және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеті. Функционалдық сауаттылық-бұл адамның сыртқы ортамен өзара әрекеттесу деңгейі, осы ортаға тез бейімделу. Осылайша, функционалдық сауаттылық белгілі бір мәдени ортада адамның өмір сүруі үшін қажет және әлеуметтік өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін маңызды болып саналатын білім, дағдылар мен дағдылар жиынтығынан тұрады.

Оқытушылар оқушылардың курсқа деген қызығушылығын оята білуі керек. Ол баланы қалай үйрету керек және оны оқуға қалай ынталандыру керек. Жалпы айтқанда, адам есту, көру, жанасу, жанасу және иіс сезу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жаза алады, кейбіреулері сөйлей алады. Интерактивті оқытуда оқушылар өз пікірлерін қалыптастыруды, өз ойларын дұрыс айтуды, өз пікірлерін қорғауды, пайымдауды, басқаларды тыңдауды, басқа адамдардың пікірін құрметтеуді және онымен санасуды үйренеді.

Жеке қабілеттерді, қажеттіліктер мен қызығушылықтарды ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, білімді өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны дамыту педагогтардың міндеті екенін түсінуіміз керек [1-5].

Функционалдық сауаттылық қалай қалыптасады

1. Мағыналы оқыту әдістері
2. Әңгімелесу арқылы оқыту
3. Сұрақ-жауап әдісі
4. Ойын түрі
5. Блум жүйесі

Физикалық оқу эксперименті, физиканың оқу-әдістемелік жүйесіне кіреді. Оның бес жүйе құраушы элементі бар. Олар: оқу мазмұны, оқытудың формасы, әдісі, оқыту мақсаты және оқу құралдары. Біздің қарастырып отырған жағдайда физикалық эксперимент әрбір құраушыларының (мысалы физикалық демонстрацияның немесе зертханалық жұмыстың т.с.с.) мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін және құралдарын анықтауымыз керек. Сонымен қатар әрбір

құраушылардың мақсаттарының, мазмұндарының т.с.с. арасындағы логикалық байланыстарды, қатынастарды табуымыз қажет.

Кез-келген оқулық ғылымның негіздерін ұсынумен қатар, ол осы ғылымды зерттеу әдістері туралы көптеген ақпарат беруі керек. Сонымен қатар, физика ғылымы оқулық авторлары үшін де, мектеп мұғалімдері үшін де эксперименттік ғылым екенін әрқашан есте ұстаған жөн. Осылайша, Қазақстан Республикасында жаңадан қабылданған жалпы орта білім берудің мемлекеттік міндетті стандарттары мен оқу бағдарламасы жүйелі физикалық эксперименттерді қатаң талап етеді.

Физиканы оқыту үдерісіндегі бағыт - физиканың педагогикалық-әдістемелік кешенінде ұсынылуы және мектеп практикасын жүргізуі тиіс оқу эксперименттерінің бірыңғай әдістемелік жүйесін әзірлеу болып табылады. Қазіргі заманғы оқулықтар мен физика оқулықтары қажетті оқу материалдарын жеткілікті түрде ұсынады, әрдайым табиғатты зерттеудің негізгі әдістеріне, соның ішінде физикалық эксперименттерге назар аударады.

Физикадағы оқу экспериментіне байланысты зерттеу жұмыстары жетерлік. Олардың қатарында диссертациялық еңбектер де, монографиялық туындылар да, жекелеген ғылыми мақалалар мен әдістемелік құралдар да бар. Жалпы алғанда бұл жұмыстар физикалық оқу экспериментінің қадау-қадау жеке салаларына арналған. Ондай салаларға мыналар жатады:

- 1) физикалық демонстрация,
- 2) зертханалық жұмыстар,
- 3) физикалық практикум,
- 4) эксперименттік есептер,
- 5) үйде жасалатын эксперименттік тапсырмалар,
- 6) компьютерлік виртуалды эксперименттер.

Экспериментке байланысты жарияланған ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдаудан мынадай қорытынды туындайды:

1. Зерттеу жұмыстары негізінен оқу экспериментінің жеке салаларын қамтиды.

2. Жарық көрген жұмыстардың басым көпшілігі оқу экспериментін немесе оның жеке салаларын біртұтас жүйе ретінде қарамай, тек алардың жеке қырларын (мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, құралын) зерттеуге көбірек көңіл бөледі.

Жоғарыда айтылғандар зерттеушілерге келесі міндеттерді қояды: біріншіден, қазіргі мектеп физикасының талаптарына сәйкес физикалық эксперименттерге байланысты бұрын алынған зерттеу нәтижелерін бейімдеу қажет. Екіншіден, білім беру эксперименттерінің жоғарыда аталған алты бағытының ішінен жеке әдістемелік жүйені құру қажет. Үшіншіден, физикалық оқу экспериментінің жүйелерін біріктіретін біртұтас әдістемелік жүйесін жасап, олардың барлығын да мектептегі оқу-тәрбие процесіне енгізу қажет.



Аталған міндеттер қазіргі таңда жаңадан шығып жатқан физика оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінде, жекелеген ғылыми мақалаларда жеткілікті дәрежеде шешімін табуда.

Жүйелілік амалдары таным процесінің жалпы ғылыми тәсілі ретінде талдау (анализ) мен синтезді, сапа мен санды біріктіре отырып, оқу экспериментінің біртұтас жүйесін құруға методологиялық негіз бола алады [1-5].

Сөйтіп физикадан берілетін білім мен тәрбие оқушы тұлғасын дамытуы үшін физикалық эксперименті тек біртұтас жүйе ретінде құрудың маңызы зор. Ол үшін жүйенің құрылысын анықтайтын элементтерді нақтылап алу қажет. Жүйелілік амалдарын, онын ішінде «жүйені субоптималдандыру қағидаларын» басшылыққа ала отырып, физикалық оқу экспериментінің біртұтас жүйесіне кіретін жүйеқұраушы элементтерді тағыда саралап шығайық. Олар:

1. физикалық демонстрациялар;
2. зертханалық жұмыстар;
3. физикалық практикум;
4. эксперименттік есептер;
5. үйде жасалатын эксперименттік тапсырмалар;
6. компьютерлік виртуалды эксперимент.

Физиканың оқу-әдістемелік жүйесінде бес құраушы элементі бар. Олар: оқыту мақсаты, оқу мазмұны, оқытудың формасы мен әдісі және оқу құралдары. Физикалық демонстрацияның немесе зертханалық жұмыстың мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін және құралдарын анықтауымыз керек. Сонымен қатар әрбір құраушылардың мақсаттарының, мазмұндарының т.с.с. арасындағы логикалық байланыстарды, қатынастарды табуымыз қажет.

Жоғарыдағы шарттар орындалса ғана физиканың оқу эксперименті біртұтас жүйе ретінде өзінің жүйелік сапасы мен қасиетін оқу-тәрбие процесінде толық аша алады. Жалпы ғылыми жүйелілік принциптерінен туындаған бұл методологиялық бағдар кез келген пәндер үшін орынды, оны пәннің тұтас курсы үшін де, жеке сыныптардағы оқулықтар мен оқу — әдістемелік кешендер үшін де қолдануға болады.

Зертханалық сабақтарды жүргізу арқылы оқушылардың бойында функционалдық сауаттылықты арттыру үшін, қысқаша демонстрациялық мысал келтірейік: Горизонталь тасталған дененің қозғалысын зерттеу.

Құрал-жабдықтар. Өлшегіш сызғыш, муфталы және ілмелі штатив, шар, шарды тастайтын жол, тақта, вазелин, қағаз, кнопка, фильтрлегіш қағаз.

Фанер тақтаны еңкейген күйде штативке 30°-та бұрыш астына орналастырады. Бұл үшін тақтаның сол жақ жоғарғы жағын штативке бекітеді, және жолды да горизонталь бағытта ұстап орналстырады.

Тақтаның төменгі жағы үстел бетімен дәл келу керек. Тақтаны ақ қағазбен кнопка арқылы жабады.

Сол жақта отырған оқушы шарды әртүрлі биіктікте тастайды. Оң жақтағысы домалап келген шарды қағады. Аз дайындықтан кейін шар қағаздың оң бұрышына тақта арқылы домалап келетіндей биіктік таңдалады.

Осыдан кейін шарды вазелинмен майлап таңдалған биіктік арқылы жолға жібереді. Шар жол арқылы жүріп артынан із қалдырады, сосын оны қаламмен сызады. Артынша шарды фильтрлегіш қағазбен тазартады.

Алынған қисық зерттеуге алынады. Осы мақсатта траекторияның бастапқы нүктесін сызғышпен горизонталь түзу мен оған перпендикуляр түзуді сызады. Осы екі түзуге параллель тағы да екі түзу сызықты траекторияның төменгі жағынан өткізеді. Осындай жолмен алынған горизонталь кесіндінің біреуін бірнеше теңдей бөліктерге бөледі. Мысалы төрт бөлікке, ал оған перпендикуляр кесіндіні 16 бөлікке бөледі де 1, 3, 5 және 7 деп бөліктерді белгілейді. Бөліну нүктесінен перпендикуляр жасап оның шармен түскен іздің траекториямен сәйкес келетінін анықтаймыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Зорина Л.Я. Дидактические основы формирования системности знания старшекластников. - М: 2010.
2. Бурова Ю.И. «Практикум по физике в средней школе» Дидактический материал. - М.: 2020.
3. Аристова Л. Активность учения школьника. – М: «Просвещение», 2001. – 138 с.
4. Ключенко Е.В. Дидактические условия эффективности учебной деятельности обучающихся. - Ставрополь: СГУ, - 2003. – 107 с.
5. Яврук О.А. Знание. Дидактические перспективы решения знаниевой проблемы. - Ханты-Мансийск: ЮГУ, 2009. – 170 с.

### **3.22. Физикалық тәжірибелік есептердің маңызы**

#### **Сауле Мыншаловна Азимханова**

магистр, Т. Айбергенов ат. № 16 орта мектеп директоры  
(Астана, Қазақстан)

#### **Жаннат Айдарбековна Абекова**

физика-математика ғылымдарының кандидаты,  
Т. Айбергенов ат. № 16 орта мектеп мұғалімі  
(Астана, Қазақстан)

#### **Перизат Мұратқызы Айтжан**

Т. Айбергенов ат. № 16 орта мектеп мұғалімі  
(Астана, Қазақстан)

Оқушылар физика пәнінен алған теориялық білімді практикада қолдануды үйренуі керек. Пәнді оқыту үшін зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы пәнге деген қызығушылықты арттыру қажет.

Соңғы жылдары Орта білім департаменті белгіленген тәртіппен Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жарыстар өткізіліп жатыр.

Жарыстардың негізгі мақсаттары:

- оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық жұмыстарын ынталандыру;
- ой еңбегінің беделін арттыру;
- ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету.

Сондықтан, оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру өзекті болып табылады. Тәжірибелік тапсырмалар арқылы оқытуға педагогикалық көзқарас оқушыларға білімді өз бетінше толықтыру, зерттелетін мәселеге түбегейлі ену және дүниетанымды қалыптастыру үшін маңызды шешімдерді іздеу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл әр оқушының жеке даму траекториясын анықтау үшін маңызды [1-4].

Сондықтан да, білім берудің осы тәсілінің негізін беру, оны физикадан оқыту процесіне қолдану және таңдау пәні ретінде ұйымдастыру қазіргі таңда берілген зерттеуде үлкен мәселе болып отыр.

Зерттеудің мақсаты: Физика сабағы мен сабақтан тыс уақытта оқушылардың тәжірибелік есептерді шығару негізінде ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерінің әдістемесін даярлауды негіздеу болып табылады.

Физиканың табиғат заңдарын терең түсіндіруінің арқасында оқушы қоршаған орта туралы жан-жақты білімді, ғылым ретінде әртүрлі көзқарастарды, адам қызметінің көптеген басқа салаларын түсінеді. ТМД және шет елдер тәжірибесінде физика ғылымының орта мектепте пән ретінде орны мен маңызын ғылыми-техникалық прогрестің келер онжылдықтағы жетістіктеріне байланысты бағалау қабылданған. Сонымен, бұл мәселе бойынша халықаралық сарапшылардың болжамдары мынадай: компьютер адам қызметінің барлық салаларына енеді; адам қызмет сферасының кеңеюі (денсаулық сақтау, санитария, өндіріс, ауыр және жеңіл өнеркәсіп, күрделі өнеркәсіптік әскери техника және т.б.) жаңа технологияларды енгізумен байланысты болады.

Психологиялық-педагогикалық теорияларда қызығушылықты жіктеудің бірнеше түрі бар: дүниеге деген қарым-қатынасының сипаты, мазмұны мен кеңдігі, күші (белсенді, немқұрайлы), тұрақтылығының дәрежесі (тұрақты, тиянақсыз), пайымдауы мен тереңдігінің дәрежесі бойынша және т.б.

Психологтардың ғылыми еңбектерінің талдауын салыстыра отырып, зерттеу жұмысымызда қызығушылықтың психологиялық

табиғатын, оқушының оқыту үдерісі барысында өсіп келе жатқанын байқауға көмектесетін механизмдерін қарастырдық.

Қазіргі кезде мектепте физиканы оқыту үдерісінде дамыта оқыту теориясы ерекше орын алады. Дамыта оқыту үдерісінде міндетті түрде «жаңа өнім» - «жаңа нәрсе» алыну қажеттігі туралы ой жетекші болып табылады. Мұндағы «өнім» – білім, білік, материалды объект немесе олардың біреуі болуы мүмкін. Тәжірибелік есептерге қойылатын талаптарды ескеретін болсақ, онда оқыту үдерісіне іс-әрекеттік тұрғыдан келу қажеттігі туындайды. Мұнда алынған «өнімнің» қасиеттерін іс-әрекеттің мақсатында көрсетілген қасиеттерімен салыстырып, қасиеттер арасында өзгешеліктер болған жағдайда, оның себептері айқындалады. Құбылыстың күнделікті өмірде, тұрмыста, өндірісте және т.б. жерлерде қолдануын жан-жақты қарастырады.

Зерттеу жұмысында тәжірибелік есептер арқылы физикаға қызығушылықты арттыру осы дамыта оқыту идеясы негізінде жүзеге асырылды.

Егер тәжірибелік есепті шығару үдерісі мұғалімнің ешбір басқаруынсыз жүргізілетін болса, онда бейберекетсіз іс-әрекеттерді тудыратын, нәтижесінде есепті шығарудың тәсілдерін іздеуден бас тартуға соқтыратын жағдай пайда болады. Ал мұндай жағдайлардың жиі қайталануы оқушылардың қызығушылығын ғана емес, өздерінің мүмкіндіктеріне деген сенімсіздіктерін туғызады[1-4].

Есептердің бір оқушы үшін тәжірибелік мәні бар және келесі бала үшін кәдімгі есеп екенін әрқашан есте ұстаған жөн. Тек оқу-танымдық іс-әрекеттің арқасында оқушылар әлем, табиғат және оның заңдылықтары туралы білімдерінде жаңалықтар ашады, бірақ мұндағы айырмашылық-бұл тұжырымдардың субъективті болуында. Сонымен қатар, қызметті бағалау критерийлері жалпы "инновациялар" емес, тек біліммен байланысты критерийлер болып табылады.

Есепті шығаруында оқушының өзі үшін жаңа болып табылатын жаңашылдыққа мұғалім үнемі назар аударып, оның іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуы мен басқарылуына жауаптылықпен қарағаны жөн.

Келесі есептерді қарастырайық:

1) Изоляцияланған тұтқаға зарядталған металл шар бекітілген. Шариктің зарядын өлшеу үшін ондағы барлық зарядты толығымен электрометрге беру керек. Осыны тәжірибеде көрсетіндер.

2) Қандай әдіспен зарядталған өткізгіштің барлық зарядын басқа өкізгішке беруге болады?

Осы екі есептің шешімдерін шығармашылық немесе тәжірибелік деп қарастыруға бола ма? Егер есептердің ұсынылып отырған шешімдерімен оқушы бұрыннан таныс болмаса, онда бұл сұраққа нақты жауап беруге болар еді. Шындығында, шешімі бұрын белгісіз болған кез-келген есептің (ол физикалық, математикалық, химиялық және т.б. болсын) шешімінің табылуы адам шығармашылығының нәтижесі болмақ. Ал, бұл шешімдердің бұған дейін белгілі болғандығынан

ештеңе өзгермейді. Мұнда ең басты мәселе – шығармашылықтың белгісі ретіндегі жаңашылдықтың оқушы үшін субъективтік сипатта болуы.

Бірінші есептегі тапсырманы орындау оқушы үшін аса шығармашылық іс-әрекетті қажет етпейді. Себебі, есептің шартында жасырын немесе белгісіз жатқан физикалық заңдылық жоқ. Тапсырма әдеттегі іс-әрекеттер арқылы орындалады.

Екінші есеп қарапайым жолмен берілсе де, тапсырманы орындау үшін оқушыдан ақыл-ойдың және іс-әрекеттің кейбір амалдарын білуін қажет етеді. Мысалы, оқушы электр зарядының бөліну заңдылығын және оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін білуі тиіс. Оның үстіне есеп шартында керекті құралдар аталмайды, оны оқушы өз пайымдауынша таңдап алады.

Белгілі әдіскер Т.П. Аманқұловтың есепті шығаруға қатысты: «...есеп шығару сабағы көбіне оқушылардың бірсарынды іс-әрекеттерін қалыптастырып, оларды шаршатып жібереді...» деген пікірі орынды. Бұл ойды «Бүгінгі сабақта не өттің?» деген сұраққа көп жағдайда оқушының: «Ештеңе де, тағы да есептер шығардық» деп жауап беруі растайды. Осыған орай сабақта әртүрлі шығармашылық есептерді ұсыну сабақтың өне бойында оқушылардың қызығушылығының жоғалмауына мүмкіндік береді [1-4].

Оқыту күнделікті терминдерді абстракциялау немесе нақтылау, оларды физикалық ұғымдармен ауыстыру немесе керісінше мазмұн бойынша ұсынылған есептердің құрамын өзгерту (жасырын, толық емес және деректерсіз) немесе есептердің шарттары мен талаптарын өзгерту арқылы әртүрлі мазмұндағы тәжірибелік тапсырмаларды ұсынуға мүмкіндік береді. Есептердің шарттары мен талаптарына тоқталсақ, мұндағы есептің күрделілік дәрежесі "айнымалы" ретінде әрекет етеді: қиын деп саналатын тапсырмалар бір оқушы үшін оңай, ал керісінше, екіншісі үшін қиын болуы мүмкін.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дүйсембаев Б.М., Сариева А.К. Физикалық сапалық есептер жинағы. Оқу құралы, Респ. Баспа Кабинеті. – Алматы. – 1999. 1, 25 б.т.
2. Сариева А.К., Мәженова А.Б. Физика сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін дамыту // ИФМ. – 2002. – № 3. – 31-37 бб.
3. Аманқұлов Т.П., Аширбаев Н.К. Физиканы оқытудың теориясы мен практикасы. Оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2012. – 255 б.
4. Көшеров Ә.Ж. Жаттығу есептері. 10 сынып. Әдістемелік көмекші құрал. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2009. – 120 б.



## **SECTION IV / СЕКЦИЯ IV**

### **GREEN WORLD / ЗЕЛЕНЬЙ МИР**

#### **4.1. Шаруа қожалық жағдайында азықтық қоспасы қосылған және күнделікті рационмен азықтандырылған күркетауық еттінің сапасын бағалау**

##### **Сымбат Мелісқызы Джунисбаева**

PhD, «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының аға оқытушысы. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Каная Мухамедкалиұлы Ромашев**

в.ғ.к., «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының қауым. профессоры. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Ақылбек Әмірқұлұлы Жумагелдиев**

в.ғ.к., «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының профессоры. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Айгул Абдраманқызы Малдыбаева**

в.ғ.м., «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының аға оқытушысы. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Алгуль Нуржаубайқызы Буркетбаева**

в.ғ.м., «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының аға оқытушысы. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Әсемай Талгатқызы Бисенбаева**

в.ғ.м., «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының ассисенті. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Ажар Жәнісбекқызы Зарханова**

в.ғ.м., «Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының ассисенті. «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» (Алматы қ., Қазақстан)

#### **Кіріспе**

Адамның тамақтануындағы ет және ет өнімдері толыққанды нәруыз, май, минералды және экстрактивтік заттардың, дәрумендердің көзі болып табылады, оларды тұтыну қалыпты мөлшерде қажетті болып табылады. Қазақстанда құс шаруашылығы саласы, күркетауық бағыты белсенді дамып келеді. Күркетауық еті - нәзік, шырынды, дәмді және танымал. Ол май мөлшерінің аздығымен, май қышқылдарының теңестірілген мөлшерімен, холестерин мөлшерінің төмендігімен

ерекшеленеді. Ет құрамында май қышқылдары мөлшері кемдігінен, организмге сіңіру жылдамдығымен, сүйектердің, шаштардың, тырнақтардың өсу қарқындылығына жағымды әсер етеді. Күркетауық етінің құрамында: оңай сіңетін темір - 2,24 мг/100 г, магний 27,0 мг/100 г, селен - 0,025 мг/100 г, холестерин - 74 мг/100 г. Құрамында РР, В<sub>2</sub>, В<sub>6</sub>, В<sub>12</sub> дәрумендері мөлшері жоғары. Ал, қолда бар әдебиеттерде күркетауық етін ветеринариялық-санитариялық сараптау және бағалау бойынша деректер шектеулі, сондықтан күркетауық етінің сапасын және оның тағамдық құндылығын зерттеу, өзекті мәселе болып табылады [1, 2, 3].

### Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеу жұмыстарын Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, «Рахман» шаруа қожалығында, Алматы қаласы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена кафедрасының “Өнім қауіпсіздігі, сапасы және ветеринарлық санитариялық сараптау” зертханасында жүргізілді.

Фелуцен азықтық қоспасы – құстардың азық рационының құрамына қосылатын кешенді азық түрі болып табылады. Оны негізгі азық құрамына қосымша ретінде пайдаланады. Өнім сапалы құраммен және ағзаға сіңу жылдамдығымен ерекшеленеді. Фелуцен азықтық қоспасы: көмірсу - метаболизмге қатысады және энергияның маңызды көзі болып табылады; кальций, фосфор, марганец және Е дәрумені - сүйек пен бұлшықет жүйелерінің жұмысын қалыпқа келтіреді; А және Е дәрумені – қалыпты өсу мен көбею үшін; магний – жүйке жұмысын реттеуге қатысады; күкірт - маңызды аминқышқылдардың пайда болуына, қаурсын мен мамықтың өсуіне қажет; мыс, мырыш – қан гемопоззіне қатынасады; кобальт, йод, селен – белсенді ұрпақтың пайда болу функцияларына әсер етеді; тұз - дененің су-тұз теңгерімін реттеуге қатынасады. Дәрумендер: β – каротин, А, D<sub>3</sub>, Е, В<sub>1</sub>, В<sub>2</sub>, В<sub>3</sub>, В<sub>6</sub>, В<sub>12</sub>, С жеткілікті мөлшерде.

### Зерттеу нәтижелері және талдау

«Рахман» шаруа қожалық жағдайында құс еті өндірісін ұлғайту үшін 12 және 15 грамм «Фелуцен» азықтық қоспасын қолдану арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ветеринариялық-санитариялық қағидаларды сақтай отырып және қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптары бойынша клиникалық зерттеулер әдістерін қамтитын кешенді әдістемелік тәсілдер қолданылды. Тәжірибені қояр алдында құстарды салмағы таразыда өлшенді.

Кесте 1 – «Фелуцен» азықтық қоспасын пайдалану деңгейі

№ топтар	Құстар топтағы саны	Құстардың орташа салмағы, грамм		Азықтандыру жағдайы
		Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін	
1 (бақылау)	10	2200	7900	Негізгі азық (қоспасыз)

№ топтар	Құстар топтағы саны	Құстардың орташа салмағы, грамм		Азықтандыру жағдайы
		Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін	
2 (тәжірибе)	10	2200	8500	Негізгі азық + 12 гр. Фелуцен бір құсқа
3 (тәжірибе)	10	2200	8800	Негізгі азық + 15 гр. Фелуцен бір құсқа

Тәжірибе 30 тәулікке қойылды, негізгі азықты қолданғанда күніне 190 грамнан қосылды. Бақылау тобына күнделікті негізгі азықты беру арқылы 30 тәуліктен соң 7900 грамм салмаққа жетті. Негізгі азыққа 12 гр. «Фелуцен» қосылған топта күнделікті 210 грамм салмақтан қосылды. Негізгі азыққа 15 гр. Фелуцен қосылған топта күніне 220 грамм салмақ қосылғаны анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша 15,0 грамм фелуцен азықтық қоспасы қосылғаны тиімді екені дәлелденді.

Жануарлардан алынатын өнімдердің сапасын ветеринарлық-санитарлық сараптау зертханаларда тексереді.

Кесте 2 – Зерттеуге алынған құс еттерінің сезімдік зерттеу нәтижелері

№	Сыртқы пішіні	Консистенциясы	Сорпаның хош иісі және мөлдірлігі	ВС бағасы
<b>Фелуцен азықтық қоспасымен азықтандырылған құс еті (12 грамм)</b>				
10 сынама	еті нәзік, түсі қызғылт	саусақпен басқанда пайда болған шұңқырдың орнына келу жылдамдығы тез болды	өзіне тән хош иісі бар	жарамды
<b>Фелуцен азықтық қоспасымен азықтандырылған құс еті (15 грамм)</b>				
10 сынама	еті нәзік, түсі қызғылт	саусақпен басқанда пайда болған шұңқырдың орнына келу жылдамдығы тез болды	өзіне тән хош иісі бар	жарамды
<b>Күнделікті азықпен азықтандырылған құс еті</b>				
10 сынама	еті нәзік, түсі қызғылт	саусақпен басқанда пайда болған шұңқырдың орнына келу жылдамдығы тез болды	өзіне тән хош иісі бар	жарамды
Қорытынды	еті нәзік, түсі қызғылт	саусақпен басқанда пайда болған шұңқырдың орнына келу жылдамдығы тез болды	өзіне тән хош иісі бар	жарамды

Зерттеу нәтижесінде 30 құс етінің сынамасының сезімдік көрсеткіштері ҚР МемСТ 31470-2012 «Құс еті, құс етінің субөнімдері мен жартылай фабрикат өнімдері. Сезімдік және физико-химиялық зерттеу әдістері» бойынша құс етінің сезімдік көрсеткіштері сай болды. Азықтандыру тиімді екені дәлелденді.

Денсаулықты сақтау мен қайта қалпына келтіру әр адамның өзіне байланысты. Ол оған әрекеттенгенде ғана (өз балаларын да үйрету қажет) жетеді. Жасалатын әрекет саналы түрде, өз сұранысын қанағаттандыру үшін жасалу қажет. Денсаулықты сақтау үшін салауатты өмір салтына оң ықыластың болғаны жөн. Бұл ретте оқушы тұлғасы ең құнды дүние болып табылады.[1, стр. 45.]

Сауықтыру дегеніміз баланың психофизиологиялық мүмкіндігін дамыту формасы. **Сауықтырудың мақсаты** - денсаулықты, еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру, жеке және әлеуметтік статусты, материалдық және әлеуметтік тәуелсіздікті, қоғамдық өмірдегі кәдімгі жағдайды қалпына келтіру. Баланың денсаулығын қалыптастыратын бірнеше факторлар бар. Солардың ішіндегі бала денсаулығын қалыптастыруға жол ашатын негізгі шаралардың бірі—бала ағзасын сауықтыру. Организмді сауықтыру бала денсаулығын күшейтудің ең негізгі жолы. Шынықтыру дене тәрбиесінің маңызды бөлігі, ол табиғи факторлардың үйлестірілген әсерлеріне жүйелі түрдегі жаттығулар арқылы орындалады.

Сау бала аз ауырады, тәбеті мен ұйқысы жақсы, бітімі үйлесімді, әрі сымбатты келеді және ауа-райының кез келген жағдайында жеткілікті дәрежеде серуендей алады.

Сауықтыру (кондициондық) жаттығуларының басты міндеті – тұрақты физикалық (соматикалық) денсаулықты кепіл ететін, адамның функционалды жағдай деңгейін қауіпсіз шамаларға дейін арттыру болып табылады. [2]

Жүрек пен қан тамырлар жүйесі – адам организміндегі ең басты жүйенің бірі. Оның негізгі қызметі – ағзалар мен ұлпаларды оттегімен, сумен және түрлі нәрлі заттармен қамтамасыз еткізіп, зат алмасуынан қалған керексіз заттарды денеден шығару. Тасымалданатын заттардың сипатына тәуелді қанның мынадай қызметтері болады: *Тыныс алу қызметі* – өкпе альвеолдарынан ұлпаларға қарай оттекті, және ұлпалардан өкпеге қарай көмір қышқылдарды тасиды. *Экскреторлық қызметі* – зат алмасуының соңғы өнімдерін (мочевина, креатинин, т.б) бүйрекке және басқа мүшелерге (мысалы теріге, қарынға,) тасиды және кіші дәреттің құралу процесіне қатысады. *Гомеостатикалық қызметі* - ағзаның ішкі ортасында қан қозғалысына қарай тұрқтылықтың болуына қол жеткізіледі, барлық ұлпаларды және жасуша аралық сұйықтарды үнемі шайып отырады, сондықтан олардың құрамы теңестірілген қалыпта болады. *Реттеу қызметі* – ішкі секреция бездері бөліп шығаратын гормондар мен басқадай биологиялық белсенді заттардың көмегімен жеке ұлпалар қызметінің реттелуі жүреді. *Термореттегіштік қызмет* – қоршаған ортаның температурасының өзгерісі ықпалымен терідегі, тері асты жасушаларда қан ағысы шамасының өзгеруі: Қанның жылу өткізгіштік қабылеті мен жылу сиымдылығының өте жоғары болуы арқасында ағзаның жылу жоғалтуының ұлғаюында қызып кету қаупінің алдын алады, керісінше қоршаған ортаның температурасы төмендегенде жылу сақтауды қамтамасыз етеді. Қорғаныс қызметін инфекциядан және қанға токсиндердің, антидене құралуына қатысатын лимфоциттердің түсуінен (мысалы, лизоцим) ағзаны гуморальдық қорғауды қамтамасыз ететін заттардың қызметін атқарады. [3]

Жүрек-қан тамырлар жүйесі мынадай физиологиялық көрсеткіштермен сипаталады:

*Жүректің бір жиырылуы кезіндегі шығарылатын систолалық (соққылық) қан көлемі* (СОК, СҚК). Тыныштық қалпында ол 60-70 мл-ге тең, физикалық жүктеме кезінде 3-5 есе өсіп кетуі мүмкін. Оң және сол жақ қарыншалардағы СҚК бірдей.

*Қанның минуттық көлемі* (МОК, ҚМК), жүректің 1 минуттағы шығаратын қан көлемі. Тыныштық қалпында ол 5,0-5,5 л, физикалық жұмыс кезінде 2-4 есе өседі, жаттығып үйренген адамдарда 6-7 есе өседі. Ауру кезінде мысалы, жүректің декомпенсирленген ақауында немесе кіші қан айналымының алғашқы гипертензиясында ҚМК, МОК 2,5-1,5 л.-ге дейін төмендейді. *Қанның айналымдағы көлемі (массасы)*



дененің 1 кг массасында 75-80 мл болады. Физикалық жүктеме кезінде, жүректің декомпенсирленген ақауы кезінде қанның айналымдағы көлемі айналымының қанның қандық деподан шығуы салдарынан 140-190 мл/кг дейін жетеді (*гиперволемия*). Қан жоғалытқанда, коллапта, сіресу кезінде, ағза сусыздануында, қан айналым көлемі азаяды (*гиповолемия*). Бір минуттағы жүректің жиырлу жиілігі (ЖЖЖ) 60 тан 80ге дейін өзгеріп отырады. Жаттыққан адамдарда 1 минутта - 40-60 соғу маңайында. Ауыр физикалық жүктеме кезінде 1 минуттағы соғу саны 180-240 қа жетуі мүмкін. Жүрек қан тамырлары жүйесінің әр түрлі патологиясы кезінде ЖЖЖ жиілеп немесе азайып кетуі мүмкін.

*Қанның айналып шығу уақыты* – бұл қанның бірлік көлемінің қан айналымының екі шеңберді толық бір айналып шығуына кеткен уақыты. Қалыпты кезде ол 20-25 сек. болады. Физикалық жүктеме көбейгенде азаяды және қан айналымы бұзылғанда көбейеді, мысалы жүректің декомпенсирленген ақауы кезінде 50-60 сек-қа жетеді.

*Қан қысымы* (қандық қысым) қан тамырлары жүйесінде қан ағысын қамтамасыз етеді. Оның шамасы дененің әрбір бөлігінде әр түрлі және көптеген факторларға тәуелді болады.

Белгілі бір жағдайда адам өз организмінің ауа райының жайсыз әсерлерінен және қоршаған ортаның басқа факторларынан қорғаныс қабілетін біраз жақсарта алады. Бұған ұтымды жүйелі жаттығулар жасаумен жетуге болады. Организмді сауықтыру деп осыны айтады. Сауықтырудың физиологиялық негізі организмнің қоршаған ортаның жағдайына сай икемділік мүмкіндіктерін белсенді түрде дамыту. Олар, айта кетелік, ОЖЖ қызметінің ыңғайына байланысты болады. Ол организмнің әсерленгіш сипатын қалыптастырады. Сауықтыру негізінде организмнің біріншіден, қоршаған ортамен арадағы тепе-теңдікке жету, екіншіден, ағза ішіндегі үрдістер арасындағы бұзылмаған қалыпты сақтау, міне, осында. Қоршаған ортамен қашан да, қай сәтте болмасын ағза тепе-теңдікті сақтай алса, сонда ғана ол өмір сүрмек. Ал егер де осы тепе-теңдік бұзылса, онда ол тіршілік үрдісін тоқтатады. Тіпті қалыпты жағдайдың өзінде де организмде қалыпты ауытқытар факторлардың үзіліссіз өзара ықпал-әрекеттері жүріп жатады, олардың әрекеті организмнің икемдегіш тетік-тегершіктерімен жедел жөнге салынып жатады. [4]

Сауықтырудың негізгі ережелері:

1. Біртіндеулік.
2. Жүйелілік.
3. Адамның сауығу үрдісіндегі жекелей ерекшеліктерінің есебі.
4. Сауығу үрдісінде күнді, суды және ауаны кешенді түрде пайдалану.
5. Күн астында сауығу.

Күн сәулелерінің емдік қасиеті ертеден мілім. Адам организміне күн радиациясының жиынтығы әсер етеді. Оның үш түрі болады: тура, шағылысу, шашыранды.

**Ауамен сауығу.** Ауа – сауығудың ең бір таралған амалы. Оның ағзаға деген әсері жан-жақты. Ауа температурасы (18-23 оптимум), оның ылғалдылығы адамға әсер етеді, қимыл жылдамдығы – жел, аэрозолдар неше түрлі қатты, әрқашан да ұп-ұсақ бөлек-бөлек ұнталған күйде болатын сұйық қалпындағы заттар. Адамға әсер ететін негізгі фактор – ауа температурасы.

**Сумен сауығу.** Сумен сауығудың амалдары көп (сүртіну, шомылу, суға түсу, қысқы жуыну «морж», душ қабылдау, моншаға бару, П.К. Ивановтың «қарғам» сауықтыру жүйесі т.б.) Мұндай суға түсу осы шараның қағидаларын ескертеді. Практикалық ұсынылымдар мен сілтемелерді бұлжытпай қатаң орындау керек. Егер олар дұрыс орындалса, онда ағзадағы өзгерістер қалыпты шамада өтеді. Мұнымен қатар өкпенің өмірлік аумағы кеңейеді, шеттік қандағы эритроциттер мен лейкоциттердің саны көбейеді. Жүрек бұлшық етінің қабілеті жақсарады. Бір минут ішінде жүрек арқылы өтетін қан мөлшері көбейеді. Қыста суға түсу адамның психикалық қызметіне де үлкен әсерін тигізеді, осының нәтижесінде адамның ықылас және сете сақтау деңгейі өседі, түрлі нақтылықты қажет ететін операцияларды орындайтын қабілет жетіліп, ұшқырланады.

**Монша.** Бу шығарар қайнар көзіне не буланған бу шығарып алар тәсілдеріне орай моншаның сан алуан сипатындағы монша түрін айырады: рим, араб, түрік, фин саунасы, орыс буландырмасы, сонымен қатар Жапониядағы сэнто және офуро. Моншаның түрлі бөлімдеріндегі температураның алмасуы қан тамырлары үшін гимнастика іспетті. Біресе кеңейіп, біресе тарылуы, олардың майысқақтық икемділігін айтарлықтай түлетіп оңалтады. [5]

Қызылорда қаласының барлық аумақтары қоршаған орта жоғары дәрежеде техногендік әсерлерге ұшырап, өмір сүруге жайсыз орта қалыптасқандығын анықтады. Бұл қоршаған ортаға, оның ішінде атмосфералық ауада, суда және топырақта ауыр металдар шоғырлану деңгейі қалыпты гигиеналық шамадан жоғарылауына әкеліп соғады.

Қызылорда атмосферасының ластануына себеп болатын негізгі көздер Байқоңыр ғарыш аймағы, Арал теңізінің құрғауы, Құмкөл мұнай кеніші және басқа да өндіріс орындары, автокөліктер және электроорталық болып табылады. Өндіріс орындарының аумағы онда жұмыс атқаратын адамдардың үнемі немесе уақытша тұрғыны ретінде және белгілі бір құрамдағы атмосфералық ауаның пайда болатын аумағы ретінде үлкен маңызға ие. Ластанған ауа өндірістік ортаға және өндірістік ошақты айнала орналасқан қоршаған ортаға таралады.

Балалар мен жасөспірімдер қауымы республика тұрғындарының ең көп санды топтарының қатарына жатады. Олардың тұрғындар арасындағы үлес салмағы 40% дейін жетеді. Оқушылардың ағзасы қоршаған өмір сүру ортасының көп бағытта әсер ететін әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық, табиғи, климаттық, оқу-тәрбиелік, тұрмыстық және тағы басқа себептердің әсеріне бейімделуі тиіс. Бұл жағдай

балалардың жүйке, қан айналу мен жүрек, тыныс алу жүйелеріне және жалпы ағзаға күшті қысым түсіреді, бейімделгіштік механизмінің қызметін іске қосады [5].

Зерттеу жұмысы балалардың ағзасында туындайтын кардиореспираторлық жүйенің қызметтік өзгерісін анықтап, сауықтыру жаттығуларының әсерін байқауға негізделді. Осының арқасында мектеп жасындағы балалар ағзасындағы физиологиялық ауытқуларды тіркеуге жағдай туды.

Қызылорда қаласы аймағында өмір сүріп жатқан мектеп жасындағы балалар ағзасындағы физиологиялық өзгерістерге динамикалық бақылау жүргізу және алынған деректерге ғылыми тұрғыда баға беру, балалар ағзасындағы кардиореспираторлық жүйенің үрдісін анықтауға жағдай туғызды.

Оқушылардың кардиореспираторлық жүйе қызметінің жағдайын анықтау бойынша жұмысты жүргізу үшін Қызылорда қаласында орналасқан мектеп оқушыларының 35 жергілікті жердің ұлдары мен қыздары қатысты. Зерттеліп отырған балалар үш топ болып жіктелді. Бірінші топты денсаулығы қалыпты, спорт түрімен жиі айналысатын балалар құраса, екінші топты денсаулығы әлсіз, спортқа қатыспайтын балалар құрады. Ал үшінші топта денсаулығы жақсы, спортпен сирек айналысатындар құрады.

р/с	денсаулығы қалыпты, спорт түрімен жиі айналысатын балалар	топты денсаулығы әлсіз, спортқа қатыспайтын балалар	денсаулығы жақсы, спортпен сирек айналысатындар
1	12	17	10

Кардио-респираторлық жүйенің қызметтік жағдайын физиологиялық тұрғыда бағалау оқу жылының (2021–2022 оқу жылы) басында және ортасында іске асырылды. Оның барысында мынандай көрсеткіштер зерттелді: өкпенің тіршілік сыйымдылығы, тыныс алу жиілігі, жүректің жиырылу жиілігі. Бұған спирометриялық, электрокардиография аспаптары қолданылды. Алдын ала балалардың антропометриялық сипаттамасы анықталды, оның ішінде бойының ұзындығы мен салмағы тексерілді.

Денсаулығы әлсіз, спортқа қатыспайтын оқушылар ағзасы, оның ішінде кардио-респираторлық жүйе қызметі бейімделу үрдісін бастан өткізеді. Осы топтағы балалардың қалыпты жағдайдағы кардиореспираторлық жүйе қызметінің көрсеткіштері мынандай деңгейде көрініс берді: жүректің минуттық соғысы орта есеппен 80,24 реттен 86,18 ретке дейінгі, артерияның систолалық қысымы 108,72 мм-ден 112,1 мм-ге, артерияның диастолалық қысымы 58,23 мм-ден 61,07 мм-ге дейінгі аралықта қалыптасқан болып шықты. Бұл деңгейлік көрсеткіштер физиологиялық қалыпты деңгейлерден едәуір жоғары. Балалар ағзасына қосымша дене жүктемесін бере отырып, кардио-

респираторлық жүйе қызметінің бейімделу реакциясын тексеру мынандай қорытындыларды берді. Жүректің минуттық соғысы қалыпты жағдайдағы көрсеткіштен ( $148,74 \pm 3,18$ ),  $169,72\%$ -ға, артерияның систолалық қысымы ( $130,15 \pm 1,87$ ),  $117,04\%$ -ға, артерияның диастолалық қысымы ( $69,11 \pm 1,75$ ),  $116,58\%$  артқан. Кардио-респираторлық жүйе қызметі көрсеткіштердің дене жүктемесіне бейімделу реакциясы, бұл топтағы балаларда жүректің минуттық соғысы бойынша қанағаттанарлық деген, ал артерияның систолалық және диастолалық қысымы бойынша нашар деген бағаға ие болды.

Денсаулығы жақсы, спортпен сирек айналысатын балалардың кардио-респираторлық жүйе қызметінің көрсеткіштері бақылау тобындағы балалардың көрсеткіштерінен аса ауытқи қоймаған. Қалыпты жағдайда олардың кардио-респираторлық жүйе қызметінің деңгейі жүректің соғысы бойынша минутына 78,59 реттен 81,09 ретке дейінгі аралықта, артерияның систолалық қысымы 106,38 мм-ден 109,86 мм-ге дейінгі аралықта, артерияның диастолалық қысымы 55,31 мм-ден 58,53 мм-ге дейінгі аралықта қалыптасқан болып шықты.

Кардио-респираторлық жүйе қызметі көрсеткіштердің дене жүктемесіне бейімделу реакциясы, бұл топтағы балаларда жүректің минуттық соғысы, тыныс алудың минуттық көлемі, оттегіні шығындау коэффициенті және өкпенің өмірлік көлемі бойынша жақсы деген, ал артерияның систолалық және диастолалық қысымы бойынша қанағаттанарлық деген бағаға ие болды.

Денсаулығы жақсы, спортпен сирек айналысатын балалар тобындағы балалардың физикалық жүктемеге бейімделуі артериялық қан қысымының өзгерістерін туғызған деп болжам жасауға себеп болды. Бұл жағдайды дене жаттығуларымен айналысуының бір дәрежедегі сиректігімен түсіндіруге болады.

Дене жаттығуларымен тұрақты айналыспайтын балалардың ағзасы физикалық жүктемелерге бейімделуі барысында аса қуатты қысымға ұшырайтындығын көрсетеді.

Кардио-респираторлық жүйе қызметінің бейімделу реакциясын дене жүктемесін түсіре отырып бағалау барлық көрсеткіштер бойынша нашар деген бағаға ие болды. Бұл жағдай дене жаттығуларымен айналыспау ағзаның қызметіне, оның ішінде кардио-респираторлық жүйе қызметіне кері әсерін тигізетіндігін көрсетеді.

Осыдан кардио-респираторлық жүйе қызметі түскен дене жүктемесі әсеріне өз жұмысын қайта құру арқылы және қосымша қуаттарды іске қоса отырып бейімделетіндігін анықтап отыр.

Оқушы балалар ағзасы экологиялық, климаттық-географиялық, тұрмыстық және де басқа қуатты себептердің зияндылық әсеріне шалдығатындығын көрсетті. Осыдан балалар ағзасы физиологиялық өзгерістерге ұшырайды. Бейімделгіштік қасиет аса күрделі сынақтан өтіп, кейбір жағдайда қалыпты қызметтен ауытқуы да ықтимал. Оның

барысында иммундық және кардио-респираторлық жүйе аса қуатты қысымға түседі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Экология және ұлт денсаулығы: Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 6-ші кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен. - 2-ші бас., өңдел. және толықт. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2011. - 95 б.
2. Төлеутайұлы К., Денсаулықты сақтай білу де өнер. - Қызылорда, 2011. - 203 б.
3. Арынова Р.А., Тыныс алу, жүрек және бейімделу физиологиясы: оқу құралы / Р.А. Арынова. - Алматы: Техноэрудит, 2021. - 140 б.
4. Адам физиологиясы: оқулық. 1-ші кітап / Н. Торманов, С. Төлеуханов. - Алматы: Бастау, 2015. - 344 б.;
5. Безруких М.М. Возрастная физиология. (физиология развития ребенка): Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. - 4-е изд., стер. - Москва: Академия, 2009. - 416 с.

#### **4.7. Баланың өсіп-жетілу барысындағы организміне орта факторларының әсері**

##### **Дина Қуанышқызы Құлжанова**

Биология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы қ., Қазақстан)

##### **Сауле Мэлсқызы Джамилова**

Жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы қ., Қазақстан)

##### **Мадина Исматалиевна Ахилбекова**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті студенті (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Дариға Назарқызы Болат**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті студенті (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Эльвира Бахтиярқызы Көбен**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті студенті (Алматы қ., Қазақстан)

##### **Жанат Юнусқызы Даулетова**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті студенті (Алматы қ., Қазақстан)



### **Аңдатпа**

Баланың айлар бойынша салмағы әрбір жас ананы және жер бетіндегі барлық әжені алаңдататын тақырып. Жаңадан туған сәбидің салмағын өлшеудің бастапқы нүктесі екі негізгі көрсеткіш болып табылады: баланың туғандағы салмағы мен оның перзентханадан шыққандағы салмағы. Әрине, барлық балалар бұл дүниеге бой мен салмақтың әртүрлі көрсеткіштерімен келеді. Бұл көрсеткіштер бірқатар әр алуан факторларға байланысты: сәбидің денсаулық жағдайына, босанған әйелдің өзін өзі сезінуіне, баланың жынысы мен оның тұқым қуалаушылығына, анасының жүкті кезінде тамақтануына және т. б. байланысты. Дені сау баланың туғандағы қалыпты салмағы 2,700-ден 3,700-ге дейінгі килограмм болып саналады. Алғашқы бірнеше күні жаңа туған сәбилер салмақ тастайды және олардың перзентханадан шығарғандағы салмағы туған кезінен 6-10% төмен болады. Осы салмақ түсіру физиологиялық негізделген болып саналады. Перзентханадан шығарудағы салмақ түсіру бойынша салмақ қосуын есептеу жүргізу керек.

Қазақстан Республикасы бойынша 1996-1997 жылдарда қазіргі уақытпен салыстырғанда, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың біршама нашарлағаны белгілі. Осыған орай 1996-1997 жылдарда туылған сәбилердің антропометриялық көрсеткіштерінде әлсіреушілік байқалуы мүмкін деген болжам болды. Материалымыздың талдау нәтижелері күтілген шамадан шықпады. Керісінше, салыстырмалы уақыттарда сәбилердің салмақ-бой көрсеткіштері бір-біріне тән ұқсастық танытты. Нарық заманында да сәбилердің салмақ-бой индекстері қалыпты деңгейге сәйкестікте болды. Ұлтаралық айырмашылық та болмады. Мұндай тұжырымдар орташа арифметикалық шамалар бойынша анықталғаны белгілі. Дей тұрсақ та, ойдағы болжамды басқаша әдіспен зерделеуге кірістік. Ол үшін, орташа арифметикалық шамалардың  $M \pm 1 \delta$ -дан  $M \pm 2 \delta$ -ға дейін ауытқу үлесін есептедік [1-2, 160-302 б.].

Алматы қаласы 2018 жылы туылған сәбилерінің салмақ-бой көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Антенаталды бақылау саны	Жынысы	M	$\pm \delta$	$\pm m$	Min	Max
Дене салмағы г.	12	ұлдар	3429,00	429,82	43,24	2600	4800
	10	қыздар	3294,17	350,67	30,23	2600	4200
	16	ұлдар	3384,31	434,76	43,08	2600	5100
	6	қыздар	3222,31	331,56	29,08	2600	4000
	14	ұлдар	3346,15	433,45	42,53	2600	4700
	8	қыздар	3267,25	403,0	37,0	2600	4100
	10	ұлдар	3417,43	470,7	45,08	2600	4800
	8	қыздар	3300,00	386,88	34,76	2600	4300
	16	ұлдар	3456,03	399,02	37,04	2800	4900

Көрсеткіштер	Антенаталды бақылау саны	Жынысы	M	$\pm\delta$	$\pm m$	Min	Max
	10	қыздар	3233,58	400,57	35,01	2600	4500
Орташа деңгей	68	ұлдар	3406,58	433,55	42,19		
	42	қыздар	3263,46	375,53	33,21		
Бой ұзындығы, см	12	ұлдар	52,60	2,5	0,25	47	59
	10	қыздар	52,20	2,33	0,2	47	62
	16	ұлдар	52,42	2,74	0,26	46	57
	6	қыздар	51,89	2,22	0,19	46	58
	14	ұлдар	51,82	2,43	0,23	46	59
	8	қыздар	50,26	3,68	0,34	47	60
	10	ұлдар	52,44	2,71	0,25	47	60
	8	қыздар	52,13	2,64	0,23	46	60
	16	ұлдар	52,32	2,28	0,21	47	58
	10	қыздар	51,68	2,35	0,2	47	60
	68	ұлдар	52,32	2,53	0,24		
Орташа деңгей	42	қыздар	51,63	2,64	0,23		
	68	ұлдар	65,11				
Салмақ-бой индексі г/см	42	қыздар	63,21				
	68	ұлдар	2,66 салмағы бойынша				
Дәлелдігі (t)	42	қыздар	1,94 бой ұзындығы бойынша				

Алматы қаласындағы 1996-1997 жылы туылған сәбилерінің салмақ-бой көрсеткіштері (қазақ ұлты)

Көрсеткіштер	Антенаталды бақылау саны	Жынысы	M	$\pm\delta$	$\pm m$	Min	Max
Дене салмағы, г	8	ұлдар	3443,42	495,10	56,45	2600	4500
	6	қыздар	3330,00	346,20	41,00	2600	4100
	10	ұлдар	3430,24	476,46	42,80	2600	4400
	12	қыздар	3266,40	344,30	30,10	2600	4200
	4	ұлдар	3411,47	402,70	3647,00	2600	4300
	1	қыздар	3269,35	391,95	35,21	2600	4200

Көрсеткіштер	Аntenатальды бақылау саны	Жынысы	M	$\pm\delta$	$\pm m$	Min	Max
Орташа деңгей	22	ұлдар	3444,13	452,77	43,36	2600	4400
	19	қыздар	3282,54	354,16	44,27	2600	4900
Бой ұзындығы, см	8	ұлдар	52,50	2,81	0,32	46	60
	6	қыздар	51,87	2,36	0,28	46	58
	10	ұлдар	52,29	2,31	0,21	47	60
	12	қыздар	51,62	2,27	0,19	46	58
	4	ұлдар	52,32	2,71	0,24	46	64
	1	қыздар	51,93	2,71	0,24	46	59
Орташа деңгей	22	ұлдар	52,39	2,66	0,25		
	19	қыздар	51,90	2,42	0,23		
Салмақ – бой индексі г/см		ұлдар	65,74				
		қыздар	63,24				
Дәлдік шегі (t)		ұлдар	2,92 салмағы бойынша				
		қыздар	1,48 бой ұзындығы бойынша				

2013 жылы дүниеге келген сәбилердің арасындағы қыз балалардың 87,5 пайыздық мөлшерінің дене салмақтары 2500 граммнан жоғары, ал осы жылы туылған ер балалардың дене салмақтары 2500-ден жоғары болғандығы 85,8 пайыздық мөлшерде болды. Ал 1996-1667 жылдары туылған сәбилердің арасында 2500 граммен туылған қыз балалардың үлес салмағы 25,6 пайыздық мөлшерде, ал ұлдардың осы салмақтағы үлес дәрежесі 24,1 пайыздық мөлшерде болып, салытыру тобындағы дәрежеден 2 есеге дейін асып түскенін тіркедік. [6, 25 б.].

Туылған сәбилердің салмағы мен бой ұзындықтары бірінші туылымда, екінші және үшінші реттіліктегілермен салыстырғанда, орташа есеп бойынша аз болады. Мұндай биологиялық заңдылықтың жалпы құрылымы  $1 < 2 < 3$  көрінісімен сипатталады Қазақстан Республикасының Шымкент, Кентау, Түркістан қалаларының туылған сәбилерінің антенатальды жетілуін зерттегенде С.А. Ерманова және Асилбекова Г.Т осындай заңдылықты анықтаған. Мұнымен қатар, С.А. Ерманова нарық дәуірінде биологиялық заңдылықтың сақталатынын,

бірақ деңгейінің төмендейтінін немесе бұзылатынын анықтаған [3, 3-13 б.].

Зерттеуіміздің тағы бір ерекшелігі туылған сәбилердің салмақ-бой нысаналарын туылу реттілігіне байланысты талдадық. Мұндай зерттеу әдісінің көмегімен биологиялық фактордың әсерін анықтауға болады, бірақ әлеуметтік фактордың ықпалын ескерусіз қалдыру мүмкін емес. Нәтиже нені көрсетті? Нәтиже биологиялық фактордың әсерінің тұрақты сақталатынын білдірді, айталық әлеуметтік жағдайдың салыстырмалы екі кезеңінде де бірінші реттілікте туылған сәбилердің орта көрсеткіші екінші және үшінші туылғандардан кем болатыны біздің тарапымыздың да дәлелденді. Мұндай заңдылықты зерттеушілер көп болған, бірақ сәбилердің туылған кездегі реттілік болмысы онтогенездік өсіп-жетілу үрдісінде қайталана ма, қайталанбай ма деген сұрауға, мысалы, мектеп жасындағы кезеңдерде, жауап жоқтың қасы болып келген. Біздің зерттеуіміз сондықтан 7-15 жас аралығындағы шақта жалғасады. Сәбилеріміз осы жасқа жетті, олардың биологиялық болмысы екі түрлі әлеуметтік жағдайда қалай дамидынын талдауды зерделейміз [5, 26 б.].

Туылған баланың өсіп-жетілу барысында (постнатальды) оның организміне сыртқы орта факторларының әсері өте зор болады және олардың ықпалы тікелей-тиемелі түрде өтеді. Өртүрлі сипаттағы және ауырлықтағы факторлардың әсеріне біреу шыдайды, біреу көтере алмайды. Сондықтан да біз айтамыз-организм жеке басының мүмкіндігімен жауап береді. Демек, әсер етуші фактор әлеуметтік қалыпта байқалады, ал организмнің жауабы биологиялық болмыстың шамасына байланысты өтеді [6].

Бала организмінің құрсақта пайда болғанынан бастап 18-20 жасқа жеткеніне дейін салмақ қосуы және бой өсімі туралы биологиялық заңдылықтар бар. Айталық, нәрестенің құрсақта жетілуі өсу қуатының үздіксіз тежелу қағидасы бойынша байқалады. Алғашқы 8-25 апталықта ұрықтың мүшелері мен жүйелерінің дамуына байланысты бой өсімінің жеделдігі орын алады, ал 34-аптадан бастап өсу үрдісі баяулап, салмақ қосумен жалғасады. Туылатын күніне жеткенде ағзаның өсуі де, салмақ қосуы да тежеледі. Бұл құбылыс жатыр кеңістігінің одан арыға бару мүмкіндігінің жоқтығымен түсіндіріледі [7-8, 15-24 б.].

Баланың тамақтануы нашарлағанда немесе бала ұзақ уақыт науқастықты басынан өткізсе гомеорезис үрдісі тоқтап қалады. Бұл өсіп-жетілудің қиын жағдайда генетикалық бағдарламасына қайтып келудің әлсірейтінін білдіреді [9, 424 б.].

Анықталған ғылыми тұжырымдардың теориялық маңызы балалардың өсіп-жетілуіне биологиялық және әлеуметтік факторлардың әсерін методологиялық тұрғыда айқындай түседі. Мақсатқа жету үшін әртүрлі талдау әдістері қолданылды, олардың негізгі өзегі балалардың туылу реттілігіне байланысты пре- және постнатальдық даму кезеңдерінде биологиялық заңдылықтың сақталып

қайталануын анықтау болды. Бұл үрдіске әлеуметтік жағдайдың да көрсететін ықпалы ескерілді [4, 270 б.].

Жас жеткіншектердің денсаулығы – ұлт салауаттылығының бір бөлшегі. Жас ұрпақтың денсаулық жағдайын зерттеу мәселесі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді жоспарлаудың негізгі критерийі болғандықтан, бұл мемлекеттік маңызы бар мәселе.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дорожнова К.П. Роль социальных и биологических факторов в развитии ребенка. – М.: Медицина, 2009. – 160 с.
2. Калюжная Р.А. Школьная медицина. – М.: Медицина, 2008. – 302 с.
3. Сердюковская Г.Н. Принципы изучения и оценки состояния здоровья школьников при массовых осмотрах // В кн.: Гигиена детей и подростков / под ред. Г.Н. Сердюковской и С.М. Громбаха. – М., 2008. – Вып.4. – С. 3-13.
4. Сердюковская Г.Н., Жилов Ю.Д. Окружающая среда и здоровье подростков. – М.: Медицина, 2008. – 198 с.
5. Карсаевская Т.В. Социальная и биологическая обусловленность изменений в физическом развитии человека. – Ленинград: Медицина, Ленинград. отд., 2010. – 270 с.
6. Иванов В.П. Соотносительный вклад наследственных и средовых факторов в фенотипическое разнообразие основных к: 14.00.07. – Алматы, 2009. – 26 б.
7. Асилбекова Г.Т. Особенности динамики антропометрических показателей до 7 лет в зависимости от порядка рождения и характера питания: автореф. ... канд. мед. наук: 14.00.07. – Алматы, 2014. – 25 с.
8. Шакенов К.Ш. Физическое развитие мальчиков среднего и старшего школьного возраста г. Алма-Аты: дис. ... канд. мед. наук:14.00.07. – Алма-Ата, 2008. – С. 15.
9. Ольшевский С. Материалы по физическому развитию мальчиков г. Алма-Аты: автореф. ... канд. мед. наук. – Душанбе, 2012. – 24 с.
10. Бисярина В.П. Детские болезни с уходом за детьми и анатомо-физиологическими особенностями детского возраста. – М.: Медицина, 2009, 424 с.

#### **4.8. «Gorilla» сусынының бауырға әсері**

**Гүлжазира Смадиярқызы Орынбай**

«Молекулярлы биология және биохимия» кафедрасының  
магистр-оқытушысы. Қазақстан-Ресей медициналық  
университеті (Алматы қ, Қазақстан)



**Зейне Байбагусовна Тунгушбаева**

«Биология» кафедрасының профессоры,  
биология ғылымдарының докторы.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті (Алматы қ, Қазақстан)

**Дина Қуанышқызы Құлжанова**

«Биология» кафедрасының аға оқытушысы,  
биология ғылымдарының кандидаты.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті (Алматы қ, Қазақстан)

**Майра Турсынханқызы**

«Молекулярлы биология және биохимия» кафедрасының  
магистр-оқытушысы. Қазақстан-Ресей медициналық  
университеті (Алматы қ, Қазақстан)

**Еркеназ Әбубәкірқызы Ибраева**

«Биология және биотехнология» кафедрасының  
магистрі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті (Алматы қ, Қазақстан)

**Амантай Сарсенович Кунакбаев**

«Биология» кафедрасының профессоры,  
«Медицина» ғылымдарының кандидаты.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті (Алматы қ, Қазақстан)

**Шолпан Сакановна Шыныбекова**

«Биология» кафедрасының аға оқытушысы,  
биология ғылымдарының кандидаты. Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы қ, Қазақстан)

**Перизат Қалдыбекқызы Ниязбек**

Биология пәнінің мұғалімі, магистр.  
148 мектеп-гимназия (Алматы қ, Қазақстан)

Энергетикалық сусындар - бұл аминқышқылдары мен шөп сығындылары сияқты ингредиенттерден басқа, әдетте, құрамында кофеин мен қанттың көп мөлшері бар сусындардың алуан түрлілігі [1, 2].

Энергетикалық сусындар қазіргі кезде көп елдерде алкагольсіз сусын ретінде кеңінен тараған. Энергетикалық сусынның зияны жайлы естіп, білсекте нақты қандай зиян келтіретінін көпшілік біле бермейді. Оның құрамында болатын кофеин, таурин, қант адамзат денсаулығына зиян келтіріп, түрлі ауруларға шалдықтыруда. Дәрігерлер мен ғалымдардың зерттеулеріне қарайтын болсақ, бұл сусын ішектің созылмалы ауруымен, асқазан, өт жолдарының ауруларына алып келеді [1, 2].

Адам ағзасының 60% судан тұрады. Судың балансын сақтау үшін біз күнделікті су қабылдаймыз. Кейбіреулері кофе, кейбіреулері шәй, енді біреулері газды сусындарды пайдаланып жатады. Кез - келген сусынның негізгі құрамы су болып табылады. Сусындарда судан басқа біздің ағзамызға әсері бар басқа да заттар кездеседі. Ол әсердің зияны да бар, пайдасы да бар, қабылдаған сусын мөлшеріне байланысты. Соңғы жылдарда газдалған сусын шығару өндірістері де олардың шығарған өнімдері де көбейіп келеді. Олардың негізгі құрамы синтетикалық иісті заттардан алынған тағамдық бояғыштар және дәмдеуіштер [1, 2].

Соңғы жылдарда газдалған сусындарды пайдалану артып барады, бұл дәрігерлердің назарын аударып отыр. Жасөспірімдер қазір сүт тағамдарын аз мөлшерде қабылдайды, ендеше олардың ағзаларындағы кальций мөлшері де аз деген сөз. Көп мөлшердегі қант адамның эндокриндік жүйесіне және ұйқы бездерінің қызметіне кері әсерін тигізеді. Яғни, қанттың осындай мөлшері адамда қант мөлшерінің артық болуына әкеліп соқтырады. Ол денсаулыққа өте зиян келтіріп, артық салмақ қосуға, қант диабетіне және атеросклерозға әкелуі мүмкін. Америкалық дәрігерлер артық салмақтың болуын ертеден - ақ кока-кола мен басқа да газды сусындарды көп пайдаланумен байланыстырады. Қазіргі кезде артық салмақ Америкада нағыз эпидемия болып саналады [3].

Оңтүстік Калифорния университетінің қызметкерлері жасөспірім күніне бір құты газдалған сусын ішсе, есте сақтау қабілеті нашарлайды деген қорытындыға келді. Сондай-ақ, энергетикалық сусын олардың білім игеру қабілетіне де кері әсер етеді. Бұдан басқа, энергетикалық сусын ішкен жасөспірімдер арасында семіру жиілеп, агрессиясы артады екен. Адам өліміне әкеліп соқтырған алғашқы дерегі 2009 жылдың қазан айында тіркелді. Пенза қаласының студенті осы сусындарды шектен тыс пайдаланғанның кесірінен көз жұмды. Міне, содан да болар, Франция мен Германия елдерінде бұл сусындарды өндіруге мүлде тыйым салған [4].

Мен мектеп оқушыларының қанша бөлігі газдалған су ішетіндіктерін анықтау мақсатында, 5-9 сынып оқушылары арасында сауалнамалар жүргіздім. 30 - оқушыдан сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Жүргізілген сауалнамалар қорытындысына сүйенсек, газдалған сусындардың адам ағзасына ешқандай пайдасы жоқ екендігін біле тұрса да, мектеп оқушыларының – газдалған сусындарды, соның – «Кока-коланы» - 18, «Спрайтты» - 5, «Фантаны» - 7 адам пайдаланатындары анықталды. Жүргізілген зерттеу жұмысымның нәтижесін мектеп оқушылары арасында насихаттай отырып, олардың адам денсаулығына кері әсері туралы айтылып, күнделікті емес, арасында, немесе мүлдем қолданбай, олардың орнына табиғи сусын түрлерін қолдануларына кеңес берілді.

Ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, газдалған сусын жүйке жүйесіне біраз уақыт күш беріп, ішкі мүшелердің қызметін біраз уақыт арттырып, ал содан кейін керісінше әлсіретеді. Жүйке жүйесін және ішкі мүшелерді тоздырады. Сусынның құрамындағы химиялық заттар жүрек пен жүйке жүйесіне қатты әсер етеді. Ол тахикардияға, жүйкенің ауытқуына, ашуланғыштыққа, депрессия, қант диабеті сияқты аурулардың туындауына алып келіп қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отыр. [5]

Бауыр қызметтерінің бұзылуы туралы көптеген зерттеулер болғанымен, оның ұйымдасу құрылымындағы өзгерістер аз зерттелгендіктен энергетикалық сусынның егеуқұйрық бауыр ұлпаларында туындататын өзгерістерді зерттеуді алдымызға мақсат етіп қойдық.

Тәжірибе барысында егеуқұйрықтар қалыпты виварийлік жағдайда, күнделікті бақылауда болды. Бақылау тобындағы егеуқұйрықтарға 200 граммдық шыны құтыға құйылған ауыз суы және қалыпты қоректік заттар күнделікті беріліп отырды. Қалған тәжірибелік топтағы егеуқұйрықтарға 200 граммдық шыны құтыға күнделікті «Gorilla» сусынын құйылды және виварийлік қалыпты қоректік заттар берілді. Жануарларға күнделікті морфологиялық бақылау жүргізілді. Жануарларды топа бөлу 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте.

№	Жануарлар топтар	Саны	Жүргізілген шаралар
1	Бақылау тобы	4 аталық	Виварийлік қалыпты қорек + ауыз су
2	Тәжірибелік топ	14 аталық	Виварийлік қалыпты қорек + «Gorilla» сусыны
3	Тәжірибелік топ	1 аталық + 1 аналық	Виварийлік қалыпты қорек + «Gorilla» сусыны

Жануарларға морфологиялық бақылау жүргізу барысының 10 тәулігіне дейін өзгеріс байқалмады.

3 апта өткенде, II – тәжірибе тобындағы егеуқұйрықтың біреуі тіршілігін жойды, қалған егеуқұйрықтарда салмақтарының артуы және агрессиялық құбылыстар байқалды, бір – бірін тістелеп, тырнаған, кейбіреулерінде денесінің жабынды жүнінде қарайған өзгерістер байқалды.

Тәжірибе аяқталған соң II топтағы жануарларға жеңіл эфирлік наркоз беру арқылы декапитация жасалды. «Зертханалық жануарларды қолданып, медико – биологиялық зерттеулер жүргізуге арналған Халықаралық ұсынысқа сәйкес декапитация» әдісімен жүзеге асырылды және бауыр, бүйрек, ащы ішек, асқазан, аталық және аналық жыныс бездері алынды. Алынған материалдар арнайы флакондағы 10% формалин құйылған флакондарға салынып, гистологиялық зерттеу жүргізуге дайындалып, әдеттегі үлгі бойынша гистологиялық препараттар дайындалды, гемаоксилин бояуымен боялып,



бинокулярлы микроскоп ZEISS Primo Starмен гистологиялық зерттеу жүргізілді. [7]

Зерттеу нәтижесі бойынша бақылау тобындағы егеуқұйрықтың бауырынан дайындалған препаратта, оның гистологиялық құрылымы сақталғаны белгілі болды. Портальды венадан радиальді түрде күн сәулесіндей шашырап гепатоциттер орналасқан. Гепатоциттердің эпителиі ашық түсті, ядролары домалақ пішінді. Портальді тракт өт капилляры, артерия және вена капиллярларынан құралған. Бауыр капсуласы жұқа дәнекер тіннен түзілген (1 сурет).

Тәжірибе жүргізген егеуқұйрық бауырынан дайындалған препаратты зерттеу барысында гистологиялық құрылымы сақталмағаны, бұзылғаны байқалды. Гепатоциттері ретсіз орналасқан. Гепатоцит аралық кеңістіктер кеңейген. Гепатоцит цитоплазмаларының шекаралары айқын емес және түйіршіктерге толған. Көптеген гепатоциттердің ядролары жойылған. Гепатоцит аралық кеңістіктерде ошақты лимфоциттер мен гистиоциттер жиналған. Кейбір гепатоциттердің ядролары маңынан ашық кеңістіктер байқалады. Ошақты бөліктік лимфогистицитарлы сіңбелер және лобулярлы майда ошақты некроздар байқалды (2 сурет). Тәжірибелік топтағы препаратты зерттеу барысындағы анықталған өзгерістер келесі патологияларға алып келуі мүмкін. Паренхималық белокты (түйіршікті) дистрофия және гидропиялық дистрофия. Ошақты ядролардың және цитоплазмалардың некрозы. Патоморфологиялық көрінісі созылмалы лобулярлы гепатитке тән.

Гепатоцит – бауыр бөлікшелерінің бағандарын құрайтын, бауырдың қызметін іс жүзінде атқаратын жасушасы.

Гепатоциттердің негізгі қызметі - қанға немесе өтке бөлінетін белсенділігі әртүрлі заттарды сақтауға, түзуге, жинауға қатысады, ас қорытуға қажет өт бөліп отырады. Бұл процестердің бұзылуы төменде аталған ақаулықтарға алып келеді.



1 – сурет.


Бақылау тобындағы бауыр кесіндісіндегі гепатоциттердің орналасуы. Гематоксилинмен және Майер гематоксилинімен боялған. Ұлғайтылуы 10 x 40

Бауырдың кейбір бөліктеріндегі жасуша ядролары гипохромды, жекелеген кейбір ядролар ыдыраған (2, 3 - сурет). Орталық бөліктегі




гепатоциттермен салыстырғанда, гепатоциттердің ұсақ топтарындағы жасушалар (2-3 жасушадан) ыдыраған, «көлеңке» тәрізденіп көрінеді. Шеткі бөліктердегі гепатоциттер гипохромды. Олардың ядроларында гипер- және гипохроматоздар анықталады, кариоплазмалары тегіс емес - эозинофилді, гепатоциттер цитоплазмасы вакуольденген және бөлшектенген, перинуклеарлы ісіну байқалады. Кейбір гепатоциттердің ядросы мен цитоплазмасының некрозы, сонымен қатар жекелеген гепатоциттер ядросының біріккені және көлемдік мөлшерлерінің өте ұлғайғаны, пішіндерінің дөңгелек немесе сопақша болып келуі көрініс берді. Купфер жасушалары дөңгелектеніп, ұлғайған. Төменгі ағыс саңылауларының кеңістігі бос болып келген (2 сурет).

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде эндотелиоциттерде морфофункционалды өзгерістердің болуы байқалды, бұл олардың жұмыс істеу дәрежесінің жоғарылауымен, ми тамырларындағы белсенділігінің төмендеуімен және бастапқы және қайталама гемостаздың белсенділігімен көрінді. Бұл өзгерістер ми тінінің уытттануынан және митохондрияның электронды көлік тізбегіндегі донорлар мен электронды акцепторлардың сәйкес келмеуінен кейінгі реперфузиялық кезеңдегі тотығу стрессінің дамуына байланысты болуы мүмкін. Гемостаз жүйесінің белсенділігінің артуы, өз кезегінде, ретромбоз және "no-reflow" синдромының дамуы салдарынан ишемияның қайта дамуына ықпал етуі мүмкін. Эндотелийдің бұзылуы, өз кезегінде, вазодилаторлық-вазокострикторлық теңгерімсіздікке, паретикалық кеңейтілген және тарылған тамырлардың болуымен көрінетін тамыр қабырғасының өткізгіштігінің жоғарылауына байланысты ми қыртысында морфологиялық өзгерістерге әкелуі мүмкін.



Сурет 2. Энергетикалық сусынды 2,5 ай қабылдаған жануарлар бауырының құрылымы. Майер гематоксилинмен боялған. 10 x 40 ұлғайтылған.



Сурет 3. Тәжірибелік топтағы бауыр кесіндісіндегі гепатоциттердің орналасуы. Гематоксилинмен боялған. Ұлғайтылуы 10 x 40.



Соныменен, энергетикалық сусынды 2,5 ай қабылдаған жануарлар бауыр құрылымын зерттеу, онда көптеген өзгерістер туындатып, бауыр құрылымына зақым келтіргенін көрінді.

Бауыр организмнің гомеостазын реттеуге белсенді қатысады және зақымдануға барабар жауап береді. Қазіргі заманғы медицинаның өзекті мәселелерінің бірі - созылмалы және жедел экзогендік улану, бұл көбінесе бауырдың зақымдануына әкеледі. Сонымен қатар, бауыр улы әсердің негізгі объектісі болып табылады, өйткені бауыр функционалды түрде заттардың жүйелік айналымымен сіңу шекарасында орналасқан және олардың бөлінуі мен метаболизмі үшін жауап береді. Қалыпты жағдайда адамдар мен жануарлардың бауыры гепатоциттердің үнемі бөлінуіне байланысты өзін өтей алады [6]. Таурин алған егеуқұйрықтарда мидағы айтарлықтай аз өзгерістер байқалды, бұл эндотелиопротекторлық қасиеттердің, осморегуляциялық, антиоксидантты және нейротрансмиттерлік әсерлердің болуына байланысты болуы мүмкін [6, 7, 10].

Сонымен, энергетикалық суынды екі жарым ай уақыт қабылдау бауырдың ұйымдасу құрылымына зиянды әсер көрсетіп, келесі өзгерістерді туындататынын көрсетті.

#### **1. Бақылау тобындағы егеуқұйрықтар бауыры:**

- Ұлпаларында гистологиялық құрылымы сақталған;
  - Портальды венадан радиальді түрде күн сәулесіндей шашырап гепатоциттер орналасқан;
  - Гепатоциттердің эпителиі ашық түсті, ядролары домалақ пішінді;
  - Портальді тракт өт капилляры, артерия және вена капиллярларынан құралған;
- Бауыр капсуласы жұқа дәнекер ұлпадан түзілген.

#### **2. Тәжірибе тобындағы егеуқұйрық бауыры:**

- Бауырдың гистологиялық құрылымы бұзылып, гепатоциттердің құрылысы өзгеріске ұшырады;
- Гепатоцит аралық кеңістіктер кеңейген;
- Гепатоцит цитоплазмаларының шекаралары айқын емес және түйіршіктерге толған;
- Гепатоциттердегі ядролардың жойылуы жүрді;
- Гепатоцит аралық кеңістіктерде ошақты лимфоциттер мен гистиоциттер жиналған;
- Дистрофияға, созылмалы гепатитті алып келді;
- Паренхималық белокты (түйіршікті) және гидропиялық дистрофияларға;
- Лобулярлы гепатитке алып келуі мүмкін.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Серік Жумабаев Энергетикалық сусындар адам ағзасына өте қауіпті. Алматы ақшамы, № 28, 29 (5222), с. 27.
2. Марина Курочкина Вред энергетических напитков. 2012-06-22.

3. Айтбек Қалиевич Какимов, Нурлан Оразханович Тусипов, Аман Еренғалиевич Еренғалиев Тамақ өнімдерінің технологиясы: оқу құралы. Семей: Шәкәрім атын. СМУ, 2008 ж.

4. Онғарбаева.Г.К. Диссертациялық жұмыс: Ауыз су сапасының бауыр ұлпаларының құрылымына әсері. Алматы, 2014 ж.

5. Назарова А.Н. Диссертациялық жұмыс: Әр түрлі сусындардың асқазан ұлпасына әсер көрсетуі. Алматы, 2015 ж.

6. McLellan T.M., Lieberman H.R. Do energy drinks contain active components other than caffeine? Nutrition reviews. 2012; 70(12):730–44. <https://doi.org/10.1111/j.1753-4887.2012.00525.x> PMID: 23206286.

7. National Institutes of Health. Energy Drinks: U.S. Department of Health and Human Services; 2018. Available from: <https://nccih.nih.gov/health/energy-drinks>.

8. А. Рақышев Адам анатомиясы. Алматы, 2004 ж.

9. М.А. Молдағұлов, Ө.К. Есқожаев, Н.А. Заманбеков Жануарлардың ішкі аурулары 1-ші кітап. Алматы, 2009 ж.

10. Itany M., Diab B., Rachidi S., Awada S., Al Hajje A., Bawab W., et al. Consumption of energy drinks among Lebanese youth: a pilot study on the prevalence and side effects. Int J High Risk Behav. Addict. 2014; 3 (3):e18857. <https://doi.org/10.5812/ijhrba.18857> PMID: 25632383.

#### **4.9. Анализ инфекционной заболеваемости по г. Шымкенту**

##### **Гульмира Алкеновна Утепбергенова**

Доктор медицинских наук, доцент кафедры инфекционных болезней и фтизиатрии Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави (г. Шымкент, Казахстан)

##### **Алия Усербаевна Кудабай**

Преподаватель кафедры инфекционных болезней и фтизиатрии Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави (г. Шымкент, Казахстан)

##### **Индира Сагатовна Киргизбаева**

Преподаватель кафедры инфекционных болезней и фтизиатрии Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави (г. Шымкент, Казахстан)

##### **Айгуль Турангазиевна Масабаева**

Преподаватель Южно-Казахстанского многопрофильного колледжа (г. Шымкент, Казахстан)

##### **Молдир Абдикариевна Шепетова**

Преподаватель Южно-Казахстанского многопрофильного колледжа (г. Шымкент, Казахстан)

По данным Всемирной организации здравоохранения, от инфекционных болезней ежегодно в мире умирает 16 млн. человек. Значение инфекционной патологии является одним из основных критериев здоровья и санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

**Цель исследования:** провести сравнительный анализ инфекционной и паразитарной заболеваемости по г. Шымкенту за 2021-2022 г.г.

**Материалы и методы:** проведен сравнительный анализ заболеваемости инфекционными болезнями Департамента санитарно-эпидемиологического контроля г. Шымкента за 2021-2022 годы.

### **Результаты и обсуждение**

На территории Туркестанской области существуют природно-очаговые заболевания ряда зоонозных инфекций и благоприятные природно-климатические условия для инфекционных и паразитарных заболеваний, которые являются одной из актуальных проблем в системе эпидемиологического надзора за ними. Отмечается стабильная эпидемиологическая ситуация по ряду многих инфекционных заболеваний как в Туркестанской, г. Шымкенту, так и по республике в целом. В 2021-2022 годах среди кишечной группы заболевания не было зарегистрировано случаев брюшного тифа, носителей брюшного тифа, холеры.

Среди вакцино-управляемых инфекций за 2021-2022г.г не регистрировались случаи острого полиомиелита, коклюша, болезни легионеров, дифтерии, носительства дифтерии, кори, эпидемического паротита, краснухи.

Среди *зоонозных и природно-очаговых заболеваний* не было случаев листериоза, пастереллеза, лептоспироза, клещевого энцефалита, туляремии, чумы. В 2021 году отмечалось 6 случаев сибирской язвы среди городских жителей у взрослых, тогда как в 2022 году не регистрировалось ни одного случая.

За 2021 г. заболевание чумой среди населения не зарегистрировано, хотя Туркестанская область является энзоотичной зоной. Работниками противочумной станции регулярно проводятся противоэпидемические, дератизационные, дезинсекционные мероприятия.

Из *трансмиссивных заболеваний* на территории г. Шымкента не регистрировались болезнь Лайма, лихорадка Ку, малярия, паразитоносители малярии, висцеральный лейшманиоза, риккетсиозов, лихорадки Денге, ГЛПС. Увеличилось на 1 случай заболевания кожным лейшманиозом у взрослых, детей до 14 лет и подростков (с 6 случаев до 7 у взрослых, с 1 случая до 2 у детей до 14 лет, и 1 случай у подростка в 2022 году).

Однако по области ежегодно регистрируются такие серьезные заболевания, как Конго-Крымская геморрагическая лихорадка, и по г.

Шымкенту зарегистрировано на 5 случаев больше в 2022 году, чем в 2021г.: в 2021 – 2 случая у взрослых, 0 у детей и 1 подростка, в 2022 году ККГЛ зарегистрировано у 7 взрослых, 0 детей до 14 лет и 1 подростка. Для снижения заболеваемости ККГЛ проводится плановая борьба с клещами, активная санитарно-просветительная работа среди населения. Для оказания медицинской помощи при поступлении в стационар в каждом РМО имеется запас противовирусных препаратов (рибавирин) и в центре крови -иммунная плазма от доноров, перенесших ККГЛ.

Из *воздушно-капельных инфекций* по г. Шымкенту отмечалось увеличение ветряной оспы у взрослых в 3,1 раза, у детей до 14 лет в 2,94 раза, у подростков от 15 до 17 лет в 2,98 раза. В 2021 году ветряной оспой переболело 221 взрослого населения / детского до 14 лет - 149 детей / подростков - 6 по сравнению с 2022 годом: 674 / дети - 474 / подростки - 17.

Отмечалось увеличение заболеваемости скарлатиной в 2,11 раз у взрослых, в 2,04 раза у детей до 14 лет. В 2021 года скарлатиной переболело 158 взрослых, 151 ребенок до 14 лет и 3 подростка. В 2022 году скарлатина зарегистрирована у 338 взрослых, 333 детей до 14 лет и 3 подростков.

Менингококковая инфекция уменьшилась на 1 случай у взрослого (2/1 ребенок) по сравнению с 2021 годом 1 случай взрослый/1 ребенок до 14 лет.

Увеличилось на 5 случаев гнойных менингитов и 5 случаев у детей (в 2021 году 2 случая у взрослых /2 среди детей/ 0 среди подростков; в 2022 году 7/4/0).

Серозные менингиты увеличились в 5,62 раза у взрослых, в 5,37 раза у детей и на 4 случая у подростков. В 2021 году зарегистрировано 13 случаев у взрослых, 10 случаев у детей, 1 случай у подростка, тогда как в 2022 году серозные менингиты встречались в 74 случаях у взрослых, 58 случаях у детей и 5 случаях у подростков. Гемофильная инфекция не регистрировалась.

Количество *идентифицированных случаев COVID-19* снизилось по сравнению с 2021 годом в 2022 году в 3,83 раза у взрослых, в 3,01 раза у детей до 14 лет и в 4,88 раза у подростков, что свидетельствует об эффективности вакцинации против коронавирусной инфекции.

В 2022 году на 12,44% увеличилось количество ВИЧ (136 случаев у взрослых, у 2 детей, 1 подростка в 2021г. до 155 случаев у взрослых 1 ребенка до 14 лет, 1 подростка в 2022 году), носителей ВИЧ-инфекции не регистрировалось.

Число больных ОРВИ увеличилось на 1,83 раза у взрослых, на 1,69 раза у детей до 14 лет и увеличилось в 2,52 раза у подростков . Количество гриппа среди населения г. Шымкента увеличилось в 5,73 раза у взрослых и 7,87 раз у детей, на 4 случая больше у подростков (в 2021 году – 16 случаев у взрослых, 5 у детей, 1 случай гриппа у

подростка; в 2022 году 93 случая у взрослых, 5 детей до 14 лет и 5 подростков).

Среди *кишечных инфекций* по г. Шымкенту другие уточненные ОКИ повысились в 2,55 раз у взрослых, в 3, 13 раз у детей до 14 лет и в 5,26 раз у подростков; подтвержденный шигеллез повысился на 13,48 раз у взрослых и 8,64 раз у детей.

Отмечается увеличения других бактериальных пищевых отравлений на 2 случая у взрослых и 1 случай у ребенка.

Отмечается увеличение числа функциональных диарей в 2,13 раз у взрослых, в 2,53 раза у детей до 14 лет и в 1,63 раза у подростков.

За анализируемый период не было случаев ботулизма, иерсиниоза, ротавирусных диарей. По г. Шымкенту увеличено количество случаев острыми вирусными гепатитами в целом на 5 случаев у взрослых и 7 – у детей до 14 лет, в том числе ОВГА увеличилась на 3 случая у взрослых и 3 у детей до 14 лет; ОВГВ, ОВГД, ОВГС в 2022 году не регистрировались.

В связи со скринингом населения в 2022 году по сравнению с 2021 годом отмечается увеличение впервые выявленных хронических вирусных гепатитов в 1,6 раз у взрослых и 2,47 раз у детей до 14 лет.

Снизилось количество зарегистрированного ХВГВ с дельта агентом на 1 случай (с 7 до 6 у взрослых), ХВГВ без дельта агента увеличилось на 1,75 раз у взрослых и 1 случай у детей до 14 лет. В 2022 году по г. Шымкенту увеличилось количество ХВГС в 1,57 раз у взрослых и 3,24 раза у детей до 14 лет.

Среди *инфекций наружных покровов* в 2021-2022г.г. не было регистрации случаев бешенства среди людей. Столбняка в 2021-2022 гг. не было.

Из *зоонозных инфекций* на 10 случаев стало больше в 2022 году впервые диагностированного бруцеллеза среди взрослых (2021г.- 11 случаев, в 2022 г.- 21). Среди детей до 14 лет впервые выявленного бруцеллеза зарегистрировано на 3 случая больше в 2022 году, чем в 2021 году (1 и 3 случая соответственно), у подростков по 1 случаю за анализируемый период.

В Туркестанской области по г. Шымкенту проводится вакцинация населения против 16 инфекции (от дифтерии, столбняка, коклюша, полиомиелита, гемофильной инфекции, гепатита В, пневмококка, кори, паротита и краснухи и т.д.), которые финансируются из республиканского бюджета. Еще 3 вакцины (против гепатита А, гриппа, сибирская язва) финансируются из местного бюджета. Вакцинация проводится в кабинетах иммунопрофилактики и КИЗах поликлиник в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (ГОБМП).

### **Выводы**

Таким образом, в целях снижения инфекционной и паразитарной заболеваемости людей в г. Шымкенте проводятся комплексные



Бұл мәселеге профессор Б. Лихачев эстетикалық мәдениет қалыптастыру тұрғысынан жуықтай келе эстетика мақсатын – мақсатты түрде көркемдік, қасірет, асқақ, секілді өмір құбылыстары мен көркемөнер туындыларын дұрыс қабылдап әсерлене алатын, оларды сезініп бағалай алатын «эстетикалық заңдылықтары» негізінде өмір сүретін, шығармашылық белсенді тұлға қалыптастыру үрдісі – деп белгілейді. Осыдан барып ол эстетикалық тәрбиенің мақсаты – эстетикалық мәдениет қалыптастыру деп түйіндеуге болады деген. Халықтық өнер өзінің ерекше сыйымдылығының арқасында көркемдік жағынан ғана емес, тарихи, этнографиялық, әлеуметтанулық және ғылыми тұрғыдан да қызығушылық тудырады. Халық шығармашылығының бастаулары, оның көркемдік табиғаты мен рухани құндылықтары туралы білім халықтың рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Оның айтуынша, мәдениет адамзаттың барлық жақтарын біріктіреді. Мәдениеттің әртүрлі жақтарын, оның әртүрлі формаларын құрметтеу-бұл шынайы мәдениетті адам қасиеті. Оның өзегі – эстетикалық мұрат болып ол қалған – талғам, сезім, қабылдау т.б. жетекшісі болуы тиіс. Эстетикалық қабылдау, эстетикалық сезім, эстетикалық талғам және эстетикалық мұрат эстетикалық мәдениеттің құрамдас бөлігі – дейді [7].

Демек, эстетикалық мәдениет адамның рухани құндылығын, адам және қоғам үшін оны қалыптастыру, сақтау және нығайтудың маңыздылығын түсінуге бағдарлайды және өнерді меңгеруге мүмкіндік береді. Жеке адам үшін де, қоғамның өркендеуі үшін де маңызды жалпыадамзаттық құндылық – эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тұлғаның іс-әрекеті болып табылады. Педагогикада эстетикалық мәдениет қалыптастыру арқылы біз жеке тұлғаның айналасымен эстетикалық қарым-қатынасын дамытамыз. Бұл игі әрекет жеке тұлғаны дәстүрді құрметтеу, ұлттық салт-сананы қадірлеуі арқылы қалыптасып, мәдени нәтижелерін көрсетеді. Қоғамның, ұлттық мәдениетін дамыту этикалық, этностық игі іс-әрекеттен бастау алып, эстетикалық тәрбие арқылы іске асырылады және оның мақсаты – тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, олар қамтиды:

- Эстетикалық көзқарас – заттар мен құбылыстардың тек жеке қасиетіне назар аударып қоймай, ол адам санасына белгілі заттардың бар қасиетін жинақтауға көмектеседі;

- Эстетикалық сезім - өмір мен өнер құбылыстарын құндылық тұрғысынан бағалаудан туындайтын эмоционалды ахуал, адамның көңіл күйі;

- Эстетикалық талғам – эстетикалық құбылыстар мен көркем өнер туындыларын эстетикалық мұрат және эстетикалық біліктілікпен бағалау қабілеті;

- Эстетикалық қабылдау - өнердегі, өмірдегі құбылыстардың эстетикалық қасиеттерін көре білу және жақсы-жаман тұстарын ажырату арқылы эстетикалық сезім әсерлерін бастан кешіру;

- Эстетикалық қажеттілік – эстетикалық сезімдерді бастан өткізу, көркем эстетикалық құндылықтармен мәлімеге қажеттенулердің туындауы;

- Эстетикалық мұрат – қоғам, табиғат, өнердегі, адам болмысындағы құбылыстарды жетілген көркемдік тұрғысынан бейнелеу болып бұл тұлғаның әлеуметтік, жеке-психикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Бұлар эстетикалық тәрбиенің мазмұны мен міндеттерінің тұғыры болып жалпы «эстетика», «мәдениет» ұғымының құрамына енеді. Егерде «эстетика», «мәдениет», «эстетикалық мәдениет» ұғымдарының мазмұнының ашып көрсетсек: эстетикалық мәдениет дегеніміз – эстетика ғылымымен дамиды, жалпы адамзаттық мәдениеттің бір түрін құрайтын құрамдас бөлігі, дүниенің эстетикалық бейнесі. Тұтас педагогикалық үдерісте жүгізілген эстетикалық шығармашылық сабақтың жинақтық сапасы, мәдени даму ерекшеліктерінің ең жоғарғы деңгейін субъектінің танымдық іс-әрекеті мен қызметінің ынталану нәтижесі ретінде көрсетеді. Бұл жерде сабақтың негізгі аспектілерін ұстаздың педагогикалық шеберлігінен: білімінен, соның ішінде мұғалімнің педагогикалық қызметінің деңгейінен, салт дәстүрді игерудегі шеберлігінен, шығармашылық әрекеті, халық мәдениетіне деген көзқарасынан байқаймыз.

Зерттеу мәселемізге байланысты аталған ғалымдардың негізгі идеялары эстетикалық тәрбие беруде ұлттық салт дәстүрдің тәрбиелік ролін, эстетикалық білім берудегі маңыздылығын анықтауда олардың өзара байланыстылығы мен тәуелділігін көрсетті. Табиғат құбылыстары мен адамның түр-тұлғасына, бұйымдар мен өнер шығармаларына эстетикалық көзқарастың қалыптасуына алдымен құбылыстың эстетикалық ерекшелігін ажырата білу талаптары қойылады. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу, тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланыста қаралатындықтан, оқушының ақыл-ой тәрбиесі, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін. Айталық, бұйымның сұлулығын қабылдағанда, эстетикалық көзқарас оның табиғи сұлулығын қабылдауға қажетті қасиеттерін басқаларынан ажырата білуге ықпал етеді. Ол үшін өмірлік тәжірибе, эстетикалық

білім қажет. Мұнымен эстетикалық мәдениеттің адам өмірі үшін қажеттілігі аяқталмайды, себебі, ол табиғат пен қоғамның құбылыстарын ғана қабылдап қоймайды, әлем туралы тұтас көзқарас қалыптастырады. Бұрын болмаған туындыны дүниеге әкелген кезде оқушы теорияның да, іс-тәжірибенің де сынынан өткізеді. Сонымен қатар, оған эстетикалық тұрғыдан көңіл бөледі. Осы тұрғыда зерттеуші ғалымдардың пікірінше, эстетикалық сезім – адамның еңбек үстінде тарихи қалыптасып дамыған рухани сезімдер тобына жатады. Ондай сезім тууы үшін екі түрлі жағдай керек:

1) заттар мен құбылыстарда адамға әсер ететін, оның назарын аударатын ерекше қасиет болуы тиіс;

2) адам заттар мен құбылыстарға ықыласпен зейін аударуы тиіс.

Әр өнер жанрларының адам сезіміне, санасына, ой-өрісіне ықпал жасайтын өзіндік бейнелілік тілі, жасалу құралдары бар. Өйткені оған жай қажеттілік деп қараса, онда эстетика жайлы сөз болуы мүмкін емес.

Сонымен бірге, эстетикалық сезімді заттар мен құбылыстардың ғажап қасиеттерінің әдемі әсері нәтижесінде оянып, рахатқа бөлейтін, адамның ішкі рухани қазынасын байытатын эстетикалық мәдениет категориясына жатқызуға да болады. Адамның рухани жағынан өсуі осы эстетикалық көзқарастан басталады, әлемге әсемдік тұрғысынан қарау, көру, естіп білу – бәрі эстетикалық мәдениетпен терең ұштасып жатыр. Эстетикалық мәдениет әлеуметтік, эстетикалық талғамдықпен жалғасып, сананың шыңы, сезім, баға беру және қызығушылықтың жиынтығы, адамның эстетикалық жағынан өсу дәрежесі. Эстетикалық талғам және онымен байланысты эстетикалық көзқарастың субъективті жағы адамның дүниеге көзқарасымен және екінші жағынан, оның жалпы мәдени дамуымен, білім дәрежесімен өте тығыз байланысты. Эстетикалық көзқараспен салыстырғанда эстетикалық мәдениет субъективті жағынан өте жоғары екені сөзсіз. Ол эстетикалық әсер етудің бүкіл жиынтығы болып саналады. Тек осындай ұйымдастырылған шығармашылық әрекетте олар тәрбиенің барлық саласын қамтып, жеке тұлғалық қасиеттермен тығыз байланыста дамиды [8].

Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде оқытуды гуманизациялауға, тұлға тәрбиесін әлеуметтендіруге, эстетикалық білімге қатысты тәлім-тәрбиенің тұлғалық-бағдарлық педагогикалық жаңаша парадигмасы ұсынылып отыр. Қорыта келе, бұл ғылыми көзқарастар тұрғысынан алсақ мектептегі тұтас педагогикалық үдерісте танымдық әрекетте пәндік білік пен дағдыны, ғылыми дүниетанымды, іскерлікке тәрбиелеу арқылы эстетикалық мәдениет қалыптастыру құралы ретінде ұлттық салт-дәстүр түрлерін жүйелі түрде білім мазмұнына кіріктіріп пайдалану ерекше маңызға ие болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Вяткин М. Из истории Казахстана. - М.: Наука, 1969. – 210 с.

2. Иммануил Кант. Критика чистого разума / Пер. с нем. Н. Лосского сверен и отредактирован Ц.Г. Арзаканяном и М.И. Иткиным; Примеч. Ц.Г. Арзаканяна. - М.: Эксмо, 2007. - 736 с.

3. Балтабаев М.Х. Народно-музыкальное творчество казахов как средства эстетического воспитания студенческой молодежи: автореф. ... канд. пед. наук: – Алма-Ата, 1986 – 48 с.

4. Боров Ю.Б. Эстетики. – М: Политиздат, 1988. – 496 с.

5. Луначарский А.В. О народном образовании. – М: Просвещение, 1958. – 144 с.

6. Баумгартен В.А. Эстетика словесного творчества. – М: Наука, 1979.

7. Лихачев Б.Т. Педагогика. – М: Политиздат, 1999. – 521.

8. Ғабитов Т. Мәдени – философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2004. – 317 б.

## 5.2. Ы. Мұстамбайұлының философиялық талдауы

### Талғат Құрмашұлы Төлегенов

«Тұран» университеті, «Журналистика және аударма ісі»  
кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты  
(Алматы қ., Қазақстан)

#### Түйіндеме

*Алаш арыстарының бірі ретінде Ыдырыс Мұстамбайұлы біріншіден, сыншы ретінде 1920-жылдардағы көркем әдебиет туралы пікірталасқа белсене арасып қана қоймай, сол жылдардағы солақай саясаттың ықпалына түспестен, ұлттық мүддені жоғары қоятын берік ұстанымынан таймай, өзіндік батыл пікірлерімен көзге ерекше түссе, екіншіден, ұлтымыздың рухани байлығы, әдебиетіміздің темірқазығы Абай шығармашылығын жоққа шығаруға тырысқан кейбір қаламгерлердің теріс пиғылды мақалаларына батыл түрде тойтарыс беріп, абайтануға өзіндік үлкен үлес қосты. Үшіншіден, Ыдырыс Мұстамбайұлының зұлматты жылдарда алаштың саңлақ ақыны М. Жұмабаевты кеңестік идеологияның айыптауынан арашалап алып қалуға тырысып жазған мақаласының да мағжантануда алар орны ерекше деп қарау керек. Сондай-ақ, Ыдырыс Мұстамбайұлы философиялық пікірталасқа да белсене араласып, өзіндік ой-талғамымен терең білімділігін таныта білген тарихи тұлғалардың бірі.*

**Түйін сөздер:** *сыншы, көркем әдебиет, пікірталас, рухани байлық, абайтану, ұлттық мүдде.*

#### Аннотация

*В 20-годы XX века был провозглашен лозунг о том, что литература должна защищать только классовые интересы пролетариата и на многих талантливых литераторов того времени, отличившихся иным собственным мнением, был навешен ярлык «левых феодалистов». Одним из ярких литераторов того времени, который подвергся жесткому идеологическому прессингу и чье имя долгое время незаслуженно было забытым, является видный*



общественный деятель, юрист, литературный критик Ыдырыс Мустамбайұлы. На сегодняшний день изучение его литературного наследия является актуальным для дальнейшего развития казахского литературоведения. Идрис Мустамбаевич – одна из исторических личностей, которая активно участвовала в философских дискуссиях и проявила глубокие знания в своем собственном мышлении.

**Ключевые слова:** критик, художественная литература, дискуссия, духовное богатство, абаеведение, национальный интерес.

### **Abstract**

*In 20s of XX century the slogan that the literature should defend only proletariats' interests was proclaimed and the name of "left feudalists" was given to many talented writers of that time, who had their own opinion. One of those bright literal people was Ydyrys Mustambayev, who was under the ideological pressure and whose name was undeservedly forgotten for a long period of time. Nowadays, the studying of his literary heritage is very actual for future development of Kazakh study of literature. Idris Mustambaevich is one of the historical figures who actively participated in philosophical discussions and showed deep knowledge in his own thinking.*

**Keywords:** critic, art literature, discussion, spiritual wealth, Abaimanagement, the national interest.

Әдебиет сыншысы ретінде Ыдырыс Мұстамбайұлы философиялық пікірталасқа да белсене араласып, өзіндік ой-талғамымен терең білімділігін таныта білген тарихи тұлғалардың бірі. Оның «Н.Г. Чернышевский (1828-1889) (Атақты төңкерісшіл Чернышевскийдің туғанына жүз жыл толды)» деген (Еңбекші қазақ, № 272, 26 ноябрь, 1928 жыл) мақаласы айғақ бола алады.

Бұл мақаланың бас жағында: «Біздің бар нәрседен кенже қалатын мешелдігіміз бар ғой, сонда да жас жұртшылығымызға Чернышевскийдің кім екендігін, азырақ болса да, тойға қарсы айтуымыз қажет» деп алып, жалпы Чернышевскийдің өмірбаянына шолу жасаудан бастайды:

«Орыс мәдениетінің тарихы, орыс елінің салт-санасының, өсіп-өнуін Россияда болған өзгеріс толқындары Россия елінің қоғам тұрмысының күйіне қарай, дәуірге бөлінеді», деп алып, төмендегіше жіктейді:

«Өткен XIX ғасырдың 40-30-ыншы жылдарында Николай I патшаның зор қысымшылдығына қарамастан жаңа туып келе жатқан жас жұртшылықтың көсемдері болған Белинский, Гоголь, Пушкиндер. Бұлардың ізін басып, бұлардан соңғы жаңа дәуірде жас жұртшылықтың көсемдері болып 40-60 жылдарда Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Бакуниндер шықты», дей келе солардың ішінен «Бұларға бас көсем болған адам, бұл 60-шы жылдардағы және онан кейінгі өзгеріс толқындарына да марксизм негізі тарағанша, ту болған адам Чернышевский» - деп, Чернышевскийге ерекше тоқталады.

«Чернышевскийдің басында орыс әдебиетінің ғалымы, профессоры боламын деп дайындалып жүретіндігін, бірақ әдебиет жайында жазып берген пікірінің бағыты ескі салт-сананың көз-қарасына

үйлеспейтіндігін, оқу ісін басқарушы төрелерге ұнамағандығын, Чернышевский сонымен профессорлық орын ала алмағандығына» тоқталып өтеді. Сондай-ақ, «Чернышевскийдің Өмірінің 22 жылын түрмеде, каторгіде, айдауда өткізгенін» айта келіп, «Плеханов айтқандай, орыс елінің данышпандарының көбі-ақ «төр-төсекте» өспеген, бұлардың көбі-ақ патша заманында талай қорлықты бастарынан өткізген. Сөйтсе де, Чернышевскийдің көрген азабындай михнат көрген кісі аз. Чернышевский патша өкіметінің тірідей көміп қойған адамы. Патша өкіметінің бұл жолғы істеген зұлымдығына жететін қарғыс жоқ, егер де Чернышевский 20 жыл өмірін каторгіде өткізбесе, осы адамның ғылымға сіңірген еңбегі таудай болар еді» - деп, жазып отырған осы мақаланың авторы да, егерде тағдыры сталиндік зұлматқа ілікпегенде, қазақ ғылымы, мәдениеті қаншалықты биіктерге көтерілер еді, десеңші деген ойға берілесің.

Ары қарай сыншы өз ойын: «Чернышевский туралы біздің жас жұртшылығымыздың алдына толық бір кітап жазып шығарсақ көп болмас еді, біз үлгі алатын адамның бірі Ленин, Плехановтан кейін осы Чернышевский» деп жалғастыра отырып, «Кеше тағы бір тойын жасап өткен адам – Толстойдың пәлсапа жайындағы сөздерінің көбі Чернышевскийдің қасында мылжың десе де болады» - деп, өзінің нақты көзқарасымен баға беріп, өзінің де терең білімділігін, біліктілігін көрсете кетеді. Сонымен бірге «Чернышевский туралы толық марксшілдік пікірді білгісі келген, орысша тіл білетін, жолдастарды Ленин мен Плехановтың кітаптарына сілтейміз, бірақ ескертетініміз тарих көзімен қарағанда Чернышевский хақында Плехановтан гөрі Лениннің пікірі дұрыс» деп, әркімнің еңбектеріне жеке-жеке талдау жүргізгендігін, өзінің сыни шеберлігін білдіреді.

«Чернышевскийдің идеалы, қиялына жасынан үлкен әсер берген нәрсе 1793-1848 жылдардағы Франция да болған ұлы төңкерістер» екендігін «және ниетінің – тілегінің барлығы төңкерісшілдер жағында болғандығын» баса айтып, күнделігінен мысал келтіреді: «Король сайлауға, Конституция жасауға байланған әңгіме аз. Әңгіменің бірі қоғам тұрмысының күйіне де, бір тап екінші таптың қанын соратын тұрмыста» бұған қарағанда, Чернышевский тап-тартысын ерте сезгендігін білесің» - деп түйіндейді.

«...Бірақ Чернышевскийдің өзінде де адасқандық болғандығын, қиялшыл социалистер құсап, Чернышевский де басында мемлекет құрылысының түріне аса үлкен мағына бермей жүргендігін, мемлекет құрылысының түрлі монархия болып отырса да, қоғам тұрмысының жалпы тегістік негізінен салуға болады деген қиялшыл социалистердің (социалисты утописты) пікірінде Чернышевский біраз заман жүргендігін, жоғарғы айтқан сөзінде де бір жағында тап күресін байқап отырғанымен, екінші жағынан Чернышевскийдің бұл қатесі көрініп отырғандығын» айтып өтеді.

«Осындай мемлекет құрылысы тап қолындағы шоқпар екенін терең байқамағандықтан шыққан Чернышевскийдің бір үлкен қатесін» былайша атап көрсетеді: «1861 жылы Александр II патшаның өлгені қарашекпендерге бас бостандық бергенде де, Герцен секілді Чернышевский де Александр патшаға қатты риза болып, Александрдың саясатын жалпы тегістік жұмысымен теңестірген. Чернышевскийдің бұл қатесі Сен-Симон мен Фурьерлерден алған сабағы. Бірақ Чернышевскийдің Фурьерлерден артық жері бұл қатесін артынан өзі сезген. Артынан өзге реформатор деген айтыс полемика түрінде жазған кітабында Чернышевский күрессіз ешнәрсе тумайтындығын дәлелдейді. Үкіметпен берекелесіп отырып бұқара сыбағасын ала алмайтынын айтады».

Чернышевскийдің бұл пікірін Герценге де жазғаны туралы хатынан үзінді келтіреді: «Сен дүниенің бәрін берекемен тындырмақ боласың, бұқараның сыбағасын ынтымақ жолымен әпермекшісің, одан дәнеңе шықпайды, онан бұрынғы талай үміт, талай тілек бос қиял болып шыққан. Бұрынғылардың қатесі де жеткілікті. Енді елді адастырып бітімге шақырмай, дауға шақыру керек; елге аттан салу керек, елге – «қолыңа балта ал» - деп ұран шақыру керек. Балтасыз да не дәнеме бітпейді».

Бірақ, Ыдырыс «Бұл сөздің Чернышевскийден бұрын өткен қиялшыл социалистердің сөзіне ұқсамайтынын, «бізге бостандықты ешкім бермес, патша да, бай да, батыр да» деген еңбекшілдер табының жырына ұқсастығын» айтады.

Адам баласының тарихы еңбекпен капитал дәуіріне келіп, бұл екеуінің тап күресі басталғанын Чернышевский өзге қиялшыл социалистерден гөрі анығырақ түсінгенін» - білдіреді.

Тағы да, Чернышевскийден үзінді келтіреді: «Франция, Англияның бұрынғы тарихын қарасаң, еңбекшіл ел көп уақытқа дейін өз алдына жеке саясат ұстап күреске шықпаған. Бұқара көп уақыт ортаншы таптың (буржуазияның деген сөзі) жетегінде болып, жоғарғы тапқа (ақсүйектерге) қарсы жұмсайтын қаруы болған.

Бірақ бұл күнде Англияда, жұмысшылар ортақтасып саясат жұмысына жармасып, өз мұқтажын өздері қарастырып жатыр».

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Чернышевскийдің заманындағы Россияның білімпаздары күнбатыста орнап келе жатқан шаруашылықтың жаңа түрін көріп, зауыт-фабриктерде тек күнделікті тамағын табан еті маңдай терімен асырап жүрген, мың-мыңдаған жалаңаш, жаяу-жалпы еңбекшілерді көріп, шошып, бұл пәледен Россияны сақтау керектігін, пролетариатшылдық – ұлт басына түскен үлкен кесепат деп үркіп жүргенде Чернышевскийдің айтқанынан үзінді келтіреді: «Бұрын 19 ғасырға шейін күнін көре алмай жүрген кедейлер болмап па, бәлкім бұрын кедейлер мұнан да көп болған шығар. Бірақ бұрын пролетариат деген нәрсе жоқ еді. Пролетариат деген нәрсе – жаңа тұрмыстың (тарихтың) жемісі». Сөйтіп, «Бұған қарағанда

Чернышевский қоғам тұрмысының жаңа дәуірінің бетін аңдап болжағандығын» айтып өтеді.

«Бірақ, Чернышевский өзінің ұстазы болған қиялшыл социалистерден озып күрессіз, таласыз ешнәрсе өнбейтінін, қоғам тұрмысы негізінде тап күресі барлығын білседе, пролетариаттың тарихи жолын анық байқай алмағандығын, бір жағынан Чернышевскийдің дүниеге идеалшылдық көзқарастан сау болмағандығын да» сынап өз көзқарас тұрғысынан баға береді.

«Пролетариат табы қанша езілген сорлы тап болса да, адам баласының келешегі пролетариат табының арқасында жалпы тегістікке жететінін, Маркстен бұрынғы социалистер түсінбеген және бұл қатеден, пролетариат жаңа тұрмыстың жемісі деп келсе де, - Чернышевский де сау болмаған»- деп атап көрсете отырып, «Бұрынғы уақытта орыс елінде ортақтасып жер пайдалану болғандығын (община), Герцен, Михайловскийлер бастаған халықшылдар осы ортақтасып жер пайдаланудың тарихи мағынасын өлгенше көтеріп, халқымыздың бұл салты тарихтың бізге берген үлкен олжасы деп сеніп жүргендігін» айта отырып, Ыдырыс ары қарай былайша талдайды:

«Пролетариат деген кесепат орнап алады деп үркіп жүрген халықшылдар (народники) осы община арқылы, басқа елдің көрген азабын тартпай, пролетариат деген кесепатқа ұшырамай жалпы тегістікке жетеміз деп көп сандалған. 90-жылдарда туып келе жатқан еңбекші елдің жұртшылығының бастықтары Ленин, Плеханов, Мартовтар халықшылдардың бұл пікірлерімен таласып көп айтысқан, әсіресе Ленин Россияда да капитал тұрмысы орнап, пролетариат туғанын ендігі оған тұрмысының күйі осы екеуінің тартысына байланысты екенін жақсы дәлелдеген».

«Чернышевский де халықшылдардың болғандығын; әр жерінде, әр пікірінде де Россияның тарихи жолын күнбатыстан басқалау болды деген пікірді айтатынын; община арқылы біздің жалпы тегістікке баратын тарихи жолымыздың машақаты аз болады, сондықтан еліміздің бұл салтын қадірлейік сақтайық деген пікірге әкелетінін» айта отырып, Ыдырыс «Россиядағы бұрынғы общинаның түрі осы күнгі қазақтың салтында қалған әртүрлі нәрселер секілді ескіден қалған бір мешелдік еді» - деп, қазақ елінің тұрмысымен де салыстырып өтеді.

Енді бұлардың қателіктеріне Ыдырыс былайша тоқталады: «Бұлардың барлығының қатесі – бұл мәністі баптай алмағандығы. Чернышевский диалектиканы жақсы білген, Гегельдің құбылмалы диалектикасымен отырып, Чернышевский де өзімшілдік заманында (собственность) капитал тұрмысын тарихтың бір даусы деп қате қараған: Чернышевскийдің бұнысы да зор даналық. Бірақ Чернышевскийдің қатесі бұл дәуірдің мөлшерін, маңызын тым қысқартып, жеңілдетіп жіберіп общинаның күшіне сеніңкіреп кетіп, келешекті анық болжай алмай қалады. Бұған себеп Чернышевскийдің бір жағынан идеалшылдық пікірінен шыға алмағандығы».

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Чернышевскийдің тарихи мәселелердің барлығын да идеалшылдық пікірінен шыға алмағандығын, «О причинах падения Рима» деген кітапшасында тарихи оқиғалардың көбін идеалшылдық пікірімен тексеретіндігін, сөйтсе де, Чернышевскийдің Россияның келешегі жайында айтқан пікірлерінің көбі халықшылдар пікірінен бөтендігін» айтып өтеді. «Жер мен ортақтасып пайдалану мәселесінде Чернышевскийдің қателері болса да, Россияның келешегі туралы айтқанынан үзінді келтіреді:

«Көзді жұму керек емес; сауда шаруашылық жүзінде артта қалса да соңғы уақытта Россия еліне бұл тұрмыстың заңы орнап келеді. Жақында бізді де сауда тұрмысының талас-тартысы (конкуренция) заңы қайтадан кернейді. Еріксіз, қайтсек те, біз тез арада басқа мәдениетті елдердің тұрмысына көшеміз. Бұл күнге шейін біздің елдің шаруа адамдары тек қана тұз, арбаның дөңгелегі, арақ, сырға секілді нәрселер болмаса басқаның бәрін өздері жасайды. Сукнасын әйелге, әр еркекке көйлек, дамбалдың матасын, үстел-орындығын барлығын өздері істейді. Енді бұлардың барлығы да артта қалады. Қолдан тоқитын сукнаның орнына ел фабриктен шыққан сукна сатып алатын болады. Қатындар сукна жасауды ұмытады; қолдан жасап киетін матаның орнына фабриктің шыттарын алады. Мұның бәрі де қолымызда, көзіміздің тірі уақытында болады».

Осы пікірін келтіре отырып Ыдырыс: «Міне, мұның барлығы Чернышевскийден соңғы заманда тараған марксшілдік пікірмен әбден үйлес. Бұл сөздерінен Чернышевскийдің үлкен қырағылы көрінеді. Егер де Чернышевский осы пікірін әрі сүзіп алып кетсе Маркстен кейінгі бір адам болар еді» - дейді.

Ыдырыс өзінің пікірін ары қарай былайша жалғастырады: «Бірақ Чернышевскийлердің қателері болса да, заманына қарай сөзсіз ірі кісі. Чернышевскийдің пікірін тексеру үшін Маркс әдейілеп орыс тілін үйренген; Маркс Чернышевскийдің ірілігін айтып бұрынғы пәлсапашылардың көбінен артық көріп мақтап кеткен»- дей отырып «Чернышевскийдің пәлсапа туралы қорытынды пікірлері «Капитал и труд: экономическая деятельность и законодательство» деген мақаласында екенін және Мейленнің кітабына жасаған дәйектемесінде екенін» тап өтеді. Сондай-ақ Ыдырыс: «Чернышевскийдің Маркстен бұрын өткендігін, Фейербахты, Гегельді әбден жақсы білгендігін, бұлардан тәлім алғандығын, әсіресе өле-өлгенше Чернышевский Фейербахтың шәкірті затшылдық негізін қолдағандығын» айтады. Ары қарай Ыдырыс Мұстамбайұлы ойын былайша жалғастырады:

«Бұл заманда ірі философтардың көбі Чернышевскийді ұнатпаған. Чернышевскийдің әр жердегі қатесін қоя тұрғанда, қоғам тұрмысының, шаруашылық негізінің қақындағы жалпы пікірі дұрыс болған. Чернышевский Сібірге айдалып, тірідей көрге тығылмаса, бара-бара қиялшыл социалистердің пікірлерінен арылар еді. Россияның жалпы шаруашылық түрінде артта қалғанымен байланысты Чернышевскийдің



кейбір қателерін қоя тұрса, мұның пәлсапасының сарыны ерте-кеш марксизмге келіп қосылатындығы көрініп тұр».

Ары қарай, Чернышевский қызметіне төмендегіше баға береді: «Халықшылдар біруақытта Чернышевскийді өздерінің ұстазы қылып, өздерінің жолына ту қылып жүрді. Бірақ, олар Чернышевскийдің ең қасиетті жерін, затшылдық негізіне құралған пікірлерін тастап, идиалшылдық негізінен шыққан Чернышевскийдің қате жерлеріне ие болып қалған».

Чернышевскийдің орыс социалистік және демократтық аса көрнекті өкілі есебінде қалыптасуы дворяндық және буржуазиялық мәдениетке қарсы күрес үстінде өтті. Сондықтан Ленин социалистік мәдениеттің үлгілерін Плехановпен бірге Чернышевский есімімен байланыстырды. Оларды Пуришквичтердің, Гучковтардың және Струвелердің мәдениетіне қарсы қойды. Чернышевский материализмінің жауынгерлік сыпатының өзі оның қанаушы таптың мәдениетіне қарсы ымырасыздықпен күресе білуінде жатыр. Оның қоғамдық ой пікірдің қай саласындағы шығармалары болса да осындай күрескерлігінен танылады. Әсіресе бұл оның эстетика мен әдеби-сын саласындағы еңбектерінде молынан байқалады. Чернышевский өзінен бұрынғы революционер-демократтардық, Герценнің, әсіресе Белинскийдің өнерге деген материалистік жаңа көзқарасын онан әрі дамытушы және оның үлкен теоретигі болды. Ол Белинский жолын тікелей ұстанды және оны өзіне ұстаз санады. Өзінің басты еңбектерінде Белинский идеясын жақтады, оны буржуазияшыл әдебиетшілердің шабуылынан батыл қорғады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұстамбайұлы Ы. Н.Г. Чернышевский (1828-1889), (Атақты төңкерісшіл Чернышевскийдің туғанына жүз жыл толды) // Еңбекші қазақ, 1928, 26-ноябрь.
2. Ахметов З. // Абай және Әуезов, Мұхтар мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.
3. Мұстамбайұлы Ы. Ұлы ақын – Абай // Қазақ тілі, 1924, 1-қаңтар.
4. Мұстамбайұлы Ы. Абай // Жаңа әдебиет, 1928, – № 7-8.
5. Кенжебайұлы Б. Абай // Еңбекші қазақ, 1925, 28-29 август. Абай // Лениншіл жас, 1925. – № 6.
6. Литературная энциклопедия, 1-т. – Москва: 1930. – 768 б.
7. «Абай Құнанбайұлы» толық жинақ. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 402 б.
8. Социалды Қазақстан, 1934, 30-декабрь.
9. Мұқанов С. Абайтану жолындағы пікірлер // Қазақ әдебиеті, 1934, 29-ноябрь.
10. Өтепұлы Қ. Абай шығармаларының әлеуметтік негіздері // Социалды Қазақстан, 1934, 20-ноябрь.

11. Жансүгірұлы І. Абайдың сөз өрнегі // Әдебиет майданы, 1934, – № 11-12.
12. Лекерұлы Ә. Абай және оның дәуірі // Әдебиет майданы, 1934, – № 11-12.
13. Тоғжанұлы Ғ. Абайды әлі толық білгеніміз жоқ // Әдебиет майданы, 1934, – № 11-12.
14. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы // Әдебиет майданы, 1934, № 11-12.
15. Жұбанов Қ. Абай қазақ әдебиетінің классигі // Әдебиет майданы, 1934, № 11-12.
16. Мәметова Ә. Абай кезеңінің дана ақыны // Әдебиет майданы, 1934, № 11-12.
17. Сильченко М. Абайдың реализмі // Әдебиет майданы, 1934, – № 11-12.
18. ЕлеуKENOV Ш. Абай мен Мағжан, Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994.
19. Мырзахметов М. Жүрегіңнің түбіне терең бойла. – Алматы: Рауан, 1995. – 64 б.

### **5.3. Абайды халыққа жақындату**

#### **Меруерт Худайбергеновна Каранова**

КеАҚ Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті.  
«Музыка және өнер» кафедрасы. Магистр, оқытушы  
(Семей, Қазақстан)

Бүгінгі Абай, бұрыңғыдан өзгереді. Мұндай көп мойындаған кемеңгер ақын жоқ. Бар дүниені тәлкі етіп, өз ойымен күрескен, арпалысқа түскен адам. Абайдың жан дүниесі, ішкі монологі, жүрек сұрақтарының арпалысы бар – ол Адам, ол Қазақ, ол Сіз бен Біз..... Абай осы жайлы айтады.

«Құлақтан кіріп бойды алар, әсем әнмен тәтті күй» - деп жырлаған Абай ақын ойшылдығымен қатар, қазақтың дала музыкасын классикаға арнаған сазгер. Абай қазақтың музыкасына үлкен үлес қосқан өзгеше өрлеу, бір бояу, бөлек бір бейне әкелген композитор. Бұрыңғы ежелден келе жатқан халық әндерінің сарынын, қазақ ән дәстүрі негізін музыкасына көп жаңалық әкелген композитор. Мағынасы терең, жан дүниесі бай, табиғаты ерекше Абай әндері фольклорлық, симфониялық оркестрдың орындауында ерекше естіледі. «Ата-анаға көз қуаныш», «Көзімнің қарасы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Айттым сәлем Қаламқас», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Желсіз түнде жарық ай» сияқты бірнеше әндер партитуралары алтын қорда сақталып келеді.

«Абай тек қана ақын емес, сонымен бірге музыкант, қазақтың халық музыкасын терең білген, жете бағалаған адам болды. Ол бірқатар мелодиялар шығарды. Ақынның мелодиялары негізінен, қазақ поэзиясына жаңалық еңгізген өлеңдеріне арналған еді». М. Ауэзов

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай музыка саласында да айтарлықтай мұра қалдырды. Ол өзінің асыл сөздерін, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырғанмен, музыкаға байланысты ондай мүмкіндігі болмаған еді. Ол кезде қазақта жазбаша музыкалық мәдениет қалыптаспаған, сондықтан Абай әндері де басқаша халықтық ән күйлер сияқты ауыздан ауызға таралып бүгінге жетті.

Абай әндерінің ұмытылып қалмай, біздің заманымызға жетуінің тағы бір сыры, әуендік, ырғақтық жағынан жаңашылдық, жүрек тебіренгірлік тартымдылығында, жанға жағымдылығында. Өзгеше болғандықтан, бұл әндерге де қазақтың жатырқамай қарауы заңдылықты. Алайда, халықтық негізден нәр алған, ұлттық музыкамен тамырласып жатқан, бұрын соңды халықтық музыка салтында болмаған, өткір тілмен кестеленіп, бұл туындылар тез тарап, қалың бұқараның игілігіне айналды.

Абайдың композиторлық жолы басқаша болуы, әндерінің ырғақтық, үндік, әуендік жағынан қазақтың әндеріндегі (иірімдері) болмаған қасиеттерінің тағы бір себебі, ол ерекше музыкалық ортада болды. Халық музыкасын терең білуге қатар, Семей қаласына гастрольмен келген концертті тамашалап, орыс музыкасымен танысты. Сонымен қатар, маңындағы орыс композиторларының кейбіреуі музыкалық аспаптарын жақсы игерген адамдар еді.

Абай әндері ХІХ ғ. басында халыққа кең танымал болған еді. Ол 1914 ж Семей қаласында өткізілген этнографиялық музыкалық кештің бағдарламасымен айқын аңғарылады. Бұл мазмұны жағынан қазақ және орыс поэзиясының музыкасымен фольклоры бірлескен кеші еді. Оның бірінші бөлімі негізінен А. Құнанбаев шығармаларына арналды.

1935 ж. М. Ауэзовтың Абайдың музыкалық мұрасын сақтап қалуға байланысты, белсенді қызметінің нәтижесінде Семейде оның әндерін алғаш толық жинап, нотаға түсіру қолға алынды.

«Желсіз түнде жарық ай» Абайдың табиғат сұлулығын, махаббат сырларын, кестелі тілмен айшықтаған, шоқтығы биік туындыларының бірі. Композитордың табиғи дыбыстарды ерекше қабылдайтын (түсінетін) қасиеті болған. Ол үшін дыбыс жоқ табиғат болмаған. Ол тыныштықтың сан алуан дыбыстарын тамаша еститін. Абайдың табиғатты сипаттауында бояулардың, дыбыстардың, тембрлердің байлығы таң қалдырады. Сазды және нәзік әуен поэтикалық мәтінмен біртұтас қосылып, дала ауасының сылдырын, ай көлеңкесі мен адамның ішкі сезімін көрсетеді. М. Әуезовтің сөзімен айтқанда, барлығы тыныштық, анық, қуанышты сезімді тудырады. «Желсіз түнде» әнінің айрықша стилистикалық белгілері ретінде натуралды минордан параллельді мажорға жұмсақ ауысуын келтіруге болады.

Абайдың үлкен еңбектерінің бірі, ол орыс халқының әдебиетімен, мәдениетіндегі озық үлгідегі шығармаларды зерттеп қана қоймай оларды аударып, қазақтың төл туындысына айналдыра білді. Пушкин, Крылов, Лермонтов сынды орыстың ұлы классиктерін қазақ даласына таныстырып, қазақ өнерінің тынысын кеңейтіп, шуағын шалқытты.

Сондай туындылардың бірегейі – орыстың классик ақыны М.Ю. Лермонтовтың «Горные вершины» (1840 ж.) өлеңін қазақ тіліне «Қараңғы түнде тау қалғып» (1892 ж.) деп және бұл өлең бүкіл қазақ халқының төл шығармасындай боп, сүйіп тыңдайтын көп айтылып жүрген белгілі өлеңдерінің бірі болып табылады. Бұл өлеңнің түпнұсқасы – сонау XVII ғасырда өмір сүрген немістің классик ақыны Иоганн Вольфганг Гетенің «Über allen Gipfeln ist Ruh» өлеңі екенін, оны орыстың классик ақыны М.Ю. Лермонтов «Горные вершины» деп неміс тілінен орыс тіліне аударғаны баршамызға мәлім.

Немістің ұлы ақыны И.В. Гете өлеңін 1780 жылы қыркүйектің 6-шы жұлдызында жазған. Сол тұстағы өлеңдерінің ішіндегі ең бір шоқтығы биік шығармасы десе болады, өйткені, бұл өлеңді орыстың ұлы ақыны М.Ю.Лермонтов пен қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаев тәржімаламас еді. Бұл – ұлылардың рухани жалғастығы және ұлыларды байланыстырып тұрған құдіретті күштің бар екенін сездіретін шығарма.

А.Пангереевтың айтуынша, Абай табиғатты жырлағанда оны әшкере етпей, адамның ішкі дүниесімен араластырып, болмыстың сырымен салыстырған. Адамның ішкі жан дүниесін аша білген Абай енді адамның табиғатпен қаншалықты байланысты екенін, оның Ғаламдағы орны қандай болатынын ойлайтындай. «Қараңғы түнде тау қалғып» деп басталатын Абай аудармасы табиғатты жақсы білетін халық өкілінің жазған өлеңі екенін көрсетеді. Бұл ән ақынның өз ойына терең бойлап, өзімен өзі сырласқандай ой толғауынан тұған терең философиялық ән. [3. 132]

Ж. Нүсіпұлы айтуынша, Абай қазақ поезиясына қаншалық жаңалық қосса, ән жанрына да құрылымы жағынан соншалықты жаңа лепті әуен, саздар әкелді.

Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы сөздерімен қорыта айтқанда «Қазақтың бас ақыны Абай музыка өнерінің де бас классик-композиторы ретінде биік тұрғыдан бағаланып, жаңа дәуірдегі жаңа музыка мәдениетін негізін салды».

### **Қолданылған әдебиет тізімі:**

1. Т. Қоңыратбай Әлем тарихы.
2. Е. Қожахметұлы Қазақ халқының ән өнері.
3. Ә. Нұғман Қазақтың әншілік дәстүрі.

## 5.4. Полисемия для современного русского языка

**Айым Казбековна Коскенова**

магистрант. Жетысуский университет  
имени Ильяса Жансугурова (Талдыкорган, Казахстан)

### **Аннотация**

*Данная публикация посвящена исследованию проблемы многозначности лексикографического состава русского языка. В статье исследованы подобные явления как моносемия, полисемия и методы обогащения языка как метафора, метонимия и синекдоха. Полисемия в русском языке рассмотрена на примерах словарей полисемия является способом обогащения лексического запаса языка, создает речь более красочным и выразительным.*

**Ключевые слова:** *многозначность, полисемия, метафора, метонимия, синекдоха.*

### **Annotation**

*This publication is devoted to the study of the problem of the polysemy of the lexicographic composition of the Russian language. The article explores such phenomena as monosemy, polysemy and language enrichment methods such as metaphor, metonymy and synecdoche. Polysemy in the Russian language is considered on the examples of dictionaries and polysemy is a way of enriching the vocabulary of the language, it makes speech more colorful and expressive.*

**Key words:** *polysemy, polysemy, metaphor, metonymy, synecdoche.*

Для современного русского языка имеется достаточно слов только с одним лексическим значением. Аналогичные слова выражают только одно понятие, обозначают единственный предмет или действие. Подобные фразы устанавливают, как однозначные, или моносемичные. Однозначны в русском языке слова, именующие определенные предметы: фасоль, арбуз, тетрадь, осень, компьютер, ель и т.д. Моносемичны в русском языке также большая часть терминов: подлежащее, кисть, префикс, иголка, ассимиляция. Любая речь стремиться показать всё разнообразие окружающего нас мира, обозначить объекты, явления, признаки и действия. При восприятии слова на ассоциативной основе в сознании людей людишек возникает конкретное понимание о явлении или действии. Многочисленные слова вызывают различные ассоциаций, таким образом одним и тем же словом можно обозначить ряд предметов, явлений и действий.

В соответствии с некоторыми лингвистами, только 20% слов в русском языке считаются моносемичными. Безусловно, подсчитать их невозможно, так как в словарный состав языка регулярно добавляются новые слова и новейшие лексические значения, которые зачастую не фиксируются словарями [3]. Умение лексической единицы выражать два и более значения называют многозначностью или полисемией, которая в переводе с греческого означает много знаков. Несмотря на то, что русская речь достаточно богата разнообразными лексическими



единицами, многозначность довольно частное явление и входит в универсалии языка. Немаловажно выделить, что в современной лексикологии полисемия слов обуславливается как способность лексической единицы к семантическому варьированию, т. е. способности слова высказывать различные явления и действия в зависимости от текста. Носителю русской речи легко понять в каком значении употреблено слово, однако трудности появляются у иностранцев, так как многозначные слова имеют от 2 до 20 и даже 50 значений.

Для того чтобы лучше понять значимость многозначности в русском языке, проанализируем употребление лексемы «ходить» в разных контекстах. В соответствии с некоторыми источниками, эта лексическая единица имеет около 40 значений. В отсутствии контекста слово «ходить» определяется как «передвигаться». В контексте же данная лексема вариативна и получает самые различные значения. Например, рассмотрим некоторые варианты определения в словаре: 1) Двигаться, переступая ногами; 2) Двигаться по воде; плыть; 3) Направляться или иметь намерение направиться куда-либо с определенной целью. 4) Выступать против кого-либо, например: войной; 5) Находиться в пути, в движении, будучи отправленным, посланным куда-либо; 6) Быть в работе, в движении; действовать; 7) Курсировать (о транспортных средствах); 8) Посещать что-либо, бывать где-то; 9) Гоняться, следовать, охотиться за кем-либо; 10) Двигаться определенным образом, быть в какой-либо упряжке; 11) Работать на судах, на водном транспорте; 12) Наблюдать за кем-то, заботиться о ком-то, ухаживать; 13) Быстро двигаться взад и вперед; 14) Колыхаться, шататься, качаться; 15) Находиться в движении, в активном состоянии; бурлить; 16) Быть в обращении; 17) Распространяться, существовать; 18) Отправлять естественную потребность; 19) Иметь определенный внешний вид, одеваясь во что-либо; 20) Проводить время с кем-либо; дружить, гулять [1]. Несмотря на столь большое количество значений лексемы «ходить», представленных в словаре Т.Ф. Ефремовой, один словарь не способен передать все оттенки и определения, которые имеет слово «ходить».

Многозначность в языке считается итогом как необходимости изложить наш безграничный мир, так и ограниченности лексического запаса языка. Фактором ограниченности лексикографического состава считается принцип экономии языковых средств. Так как каждый день появляются новейшие предметы, явления или действия, также необходимость назвать предметы тоже постоянно присутствует. Несмотря на то, что возможно бесконечно создавать новейшие слова, сочетая фонемы языка, на практике этого не совершается. Это усложнило бы применение языка как средства общения. По этой причине, процесс номинации в языке протекает с использованием уже готовых слов, следовательно, вполне логично, что полисемия,

характерна для большей части лексических единиц. Комментируя это явление, В.В. Виноградов писал: «Язык обогащается вместе с развитием идей, и одна и та же внешняя оболочка слова обрастает побегими новых значений в смыслов» [8].

При возникновении слово обладает одним значением и только в последующем приобретает новые значения, когда употребляется в переносном значении. В большинстве случаев при использовании подобных слов люди не замечают, как одна и та же лексема меняет свое значение в зависимости от контекста. Исследователи выделяют в многозначных словах основные (первичные) и неосновные (вторичные) значения.

Первичное значение многозначного слова практически не зависит от контекста, также применение слова в основном значение встречается нередко, чем употребление данного слова во вторичном значении. Нередко полисемичными бывают лексемы с немотивированным значением, которые существуют и стремительно используются долгое время. Лексемы с мотивированным значением реже становятся полисемичными, поскольку их значение сильнее «привязано» к признаку называемого предмета. Например, подснежник означает «лесной цветок, развивающийся под снегом и расцветающий сразу после его таяния» [4]. В ходе развития языка количество значений лексических единиц способно увеличиваться или уменьшаться. Например, согласно «Словарю русского языка» С.И. Ожегов, лексема «форум» означает «площадь в древнем Риме для собраний горожан». В наши дни лексема «форум» также определяется как «широкое представительное собрание».

Советский и российский лингвист Р.А. Будагов считает, что «многозначность слов естественных языков мира – одна из важнейших особенностей их лексики и человеческого языка вообще. Именно поэтому следует говорить о законе многозначности слова» [7]. Определение значения лексической единицы зависит от контекста, который и делает возможным употребление данного слова. Согласно В.В. Виноградову, «присутствует в сознании со всеми своими значениями, со скрытыми и возможными, готовыми по первому поводу всплыть на поверхность» [8].

Как мы уже ранее заметили, многозначность слова связано с ее употреблением в переносном значении на основе внешнего сходства, производимого ими впечатления или по характеру их перемещения. В аналогичных вариантах источником новых значений служат метафоры, метонимии и синекдохи.

Метафора является приемом в литературе, при котором лексема применяется в переносном смысле и слово приобретает новое, вторичное значение. В большинстве случаев переносное значение лексемы теряет образность [2]. К примеру, волна эпидемии, головка чеснока, рука помощи и т.д. В таком случае эти выражения переходят в

общеязыковые метафоры и закрепляются в толковых словарях. Данные метафоры необходимо не путать с окказионализмами, то есть индивидуально-авторскими метафорами, которые чаще всего применяются в литературе с целью сделать свои работы более выразительными.

Вторым источником полисемии в русском языке можно выделить метонимию. Метонимия – это словосочетание, литературный троп, основанный на смежных, близких, легко понимаемых связях предметов и явлений [7]. Например, столовое серебро, аудитория слушает, пью зверобой. Этот троп также широко используется в художественном контексте.

Третьим способом образования многозначных слов является синекдоха, которая является разновидностью метонимии. Синекдоха (в переводе с греческого *synekdoche* «соподразумевание»), обозначает литературный прием, фигура речи и выражает название части предмета или лица используется для наименования предмета или лица в целом [6]. Отметим, что лингвисты по-разному оценивают многозначность в русском языке. Некоторые утверждают, что в «идеальном» языке лексическая единица должна выражать лишь одно понятие. Но такой язык был бы не столь удобным, как может показаться, поскольку моносемичные слова ограничи бы возможности языка и лишили бы язык национального своеобразия. Поэтому большая часть исследователей в области лексикологии считает, что полисемия является проявлением силы, а не слабости языка.

На основании вышеизложенного, можно сделать вывод, что многозначность в русском языке выполняет номинативную функцию при обозначении различных предметов и явлений, также является способом обогащения языка, так как развитие у слов новых значений даёт простор творческому использованию лексических запасов языка. Полисемия в русском языке свидетельствует о неограниченных возможностях языка, о его богатстве.

### **Литература:**

1. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000. 1084 с.
2. Современный русский язык. Теория. Анализ языковых единиц: учебник для студентов высших учебных заведений: в 2 ч. / Е.И. Диброва, Л.Л. Касаткин [и др.] – М., 2001. – Ч. 1.
3. Валгина Н. С. Активные процессы в современном русском языке. М.: Логос, 2001. 304 с. / 24-27 с.
4. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. Издательство: М.: ИТИ Технологии; Издание 4-е, доп. 2006 г. 944 с.
5. Мешков, О.Д. О композитном значении // Слово в грамматике и словаре. - М., 1984.

6. Складская Г.Н. (ред.) Толковый словарь русского языка конца XX века. Языковые изменения. М., 1998. 700 с.

7. Будагов Р.А. Закон многозначности слова. М.: Русская речь, 1972. 285 с. / 140 с.

8. Виноградов, В.В. Русский язык: [Учеб. пособие для высш. учеб. заведений]. М.; Л.: Учпедгиз, 1947. 784 с. / 13-21 с.

### **5.5. Фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері мәселесі туралы**

**Назерке Кайырбековна Кайырбекова**

Магистрант II курс. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды, Қазақстан)

**Гаухар Иликешевна Исина**

ф.ғ.д., шетел тіл филология кафедрасының профессоры.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
(Қарағанды, Қазақстан)

Бүгінгі күні өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу кезеңде, барлық білім беру мекемелердегі білім беру сапасы қазіргі заман талабына сай ұйымдастырылу мәселесі - жалпы ұлттық, халықтық, мемлекеттік деңгейінде жұмыла көтеруді қажет ететін аса маңызды мәселе болып жатыр. Адам баласының рухани байлығы, тәрбиесі, білімі - бәрі де тіл арқылы жетіледі. Яғни, жақсылық та - тілден, жамандық та - тілден. Әр адамның сөздік қоры бай болуы үшін тілін, ой-өрісін жан-жақты дамытуы керек. Сол себепті болашақ ұрпағымызға үштілділікті қажетті деп ұғындыру ұстаздың ең басты міндеті болып саналады.

Қазіргі уақытта еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта үштілділікті еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару — біздің қазіргі кездегі ең басты міндетіміз. Осы ерекшеліктерді негіздей келе семантикалық байланыстың бейнелілігі ол нақтылық пен фразеологиялық өрнектерде тілдің маңызды рөл атқаруы деп атар едік. Фразеологиялық бірліктер көптеген тілдерде кездеседі және тек лингвистер үшін ғана емес, сонымен қатар кез-келген мәдениеттің, ұлттық сананың негізі ретінде тілді жақсы көретін және құрметтейтін адамдар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Ана тілінде сөйлейтіндер туралы ең толық түсінік-бұл тілдің фразеологиялық бірліктері, өйткені оларда халықтың тарихы, өмірі мен дүниетанымы бейнеленген. Мақаланың негізгі өзектілігі әр халықтың өміріндегі фразеологиялық бірліктердің құндылығымен анықталады, өйткені олар адам қызметінің барлық салаларында қолданылады. Осыдан кейін фразеологиялық бірліктерді

зерттеу, оларды басқа тілдерге аудару және олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туындайды. Бұл қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшелігі болып табылады. Фразеологиялық бірліктер-жанның, халықтың бет-бейнесі. Фразеологиялық бірліктер халықтың дүниетанымын, проблемаларын, тәжірибелерін көрсететіні белгілі. Негізгі мақаланың бағыты бойынша ұлттық-мәдени ерекшеліктерге мақал-мәтелдер, тұрақты өрнектерді жатқызып айта аламыз. Негізгі мақаланың бағытында фразеологиялық бірліктердің шығу тегі мен жіктелуі мәселелерін қамтуға, фразеологиялық бірліктерді аударудың негізгі тәсілдерін қарастыру, салыстырылатын тілдердің фразеологиялық бірліктері арасындағы ұқсастықтарды және айырмашылықтарды анықтай келе лингвистикалық, этимологиялық, салыстырмалы талдау арқылы көрсете жіктей аламыз.

Дидактикалық мазмұнның тұтас ұсыныс ретінде табылатын фразеологиялық бірлік ол паремия яғни грек тілінен аударғанда мақал, астарлы ойлы әңгіме [1] деген мағынаны береді. Паремиялар-бейнесі мен афоризмі жағынан қанатты сөздерге жақын сөйлеу клишелері, бірақ соңғысынан айырмашылығы, анонимді сөздер. Жалпы осы тұста теориялық ілім ретінде ғалымдардың еңбектеріне сүйене келе зерттеу қарастыратын болсақ, фразеология сөзінде екі мән-мағынаны айтуға болады. Ол фраза-өрнек болса ал лого-ол ілім. Белгілі зерттеуші А. В. Кунин [2] келесі зерттеу еңбегінде былай дейді: «фразеологизмдер - бұл күрделі семантикасы бар сөздердің тұрақты тіркесімдері, айнымалы комбинациялардың генеративті құрылымдық-семантикалық модельдерінде қалыптаспайды» [2, 16 б.].

Осылайша, «фразеология» термині көп мағыналы термин болып табылады. Ол келесі мағыналарда қарастырылады:

- тіл сөздерінің лексикалық-семантикалық құрылымын зерттейтін тіл білімінің бөлімі;
- осы тілдің фразеологиялық бірліктерінің құрамы;
- фразеологиялық бірліктердің жиынтығы, түрі-әртүрлілігі.

Фразеология кез-келген тілдің өзіндік ерекшеліктерінің бірін құрайды, оған мәнерлілік береді. Фразеологиялық бірліктерде оларды сөздерден және еркін сөз тіркестерінен шектеуге мүмкіндік беретін бірқатар белгілер бар, олар әр уақытта қайта жасалмайды, олар ана тілінің жадынан дайын түрде шығарылады және тұтас және бөлінбейтін нәрсе ретінде ойнатылады. Фразеологизмнің болуы тілде жүзеге асырудың бейтарап құралдары бар ұғымдарды бейнелі және экспрессивті түрде білдіру қажеттілігінен туындайды. Ана тілінде сөйлейтіндердің санасында заттар мен шындық құбылыстарының белгілерін көрсету нәтижесінде пайда болатын лексикалық мағынадан айырмашылығы, фразеологиялық бірліктердің мағынасы ана тілінде сөйлейтіндердің белгілі бір жағдайлар туралы идеяларына негізделген. Фразеологиялық мағына-бұл әлемді біздің санамызбен бейнелеудің



өзіндік тәсілі және ерекше сапасы, бұл бейнелі сипаттау және тұлғалар мен фактілерді субъективті бағалау, сөйлеушінің экспрессиясы мен эмоционалды күйін жеткізу үшін қолданылатын тілдік семантикалық категория. Фразеологиялық мағынаның ерекше белгілері-мағынаның тұтастығы, бірегейлігі, бірегейлігі.

Орыс, қазақ, ағылшын фразеологизмдерінде мифологиядан, тарихтан, әдебиеттен және тіпті діннен алынған тұрақты өрнектер көрініс тапты, оларға деген халықтық қатынас білдірілді. Мысалы, орыс фразеологиялық өрнегі Юрьев күні, Ресейде крепостнойлық заң туралы жарлық шыққаннан кейін пайда болды. Қазақ фразеологизмі кел балаларымыз (Кел, балалар, оқылық) Ыбырай Алтынсариннің әйгілі өлеңінен бастау алады, ағылшындар Шекспирдің шығармасынан “to be or not to be” (болу немесе болмау) немесе жазбадан “you cannot serve God and mammon” тіркестерін қолданады. Фразеологизмнің тағы бір ерекшелігі-бейнелеу. Сөйлеу фразеологизмдерін зерттеу бізді тіл жасаушы халықтың зертханасына әкеледі және оның жазушылары орыс фразеологизмдерінде керемет мысалдарды: шындық құбылыстарының бейнелі көрінісін көретін осындай назар аударуы кездейсоқ емес. Сөйлеудің бейнесі мен бейнесі тыңдаушының қиялына поэтикалық фразеологиялық бірліктер арқылы әсер етеді, бұл оны сөйлеуші оған ұнамсыз, таза логикалық сөйлегеннен гөрі, айтылғанды қатты сезінуге мәжбүр етеді.

Қазіргі уақытта тіл білімінде - тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесу мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Мәдениет, тіл сияқты, адамның дүниетанымын бейнелейтін сананың бір түрі. Тіл ақпаратты жинақтау және сақтау құралы ретінде қызмет етеді, ол адамның әлем туралы білімінің сыйымдылығы. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу әлемнің бейнесін, атап айтқанда әлемнің тілдік бейнесін зерттеуге байланысты жаңа көзқарасқа ие болады. Тіл-бұл шындық қана емес, сонымен бірге символдық ғалам да тіркелген символдық жүйе. Әр тіл әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың белгілі бір тәсілін көрсетеді. Бұл әр тіл үшін әр түрлі және әлемнің ғылыми бейнесінен көп жағынан ерекшеленеді. Әр халықтың табиғаты, өмірі, тарихы, құндылықтары әртүрлі. Бұл әлемнің ұлттық моделін құрайды. Біздің ойымызша, фразеология әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Тілдің фразеологиялық құрамының бейнелі мазмұнында мәдени-ұлттық дүниетаным бейнеленген. Өйткені, бұл суреттер сөздіктер мен адамдардың санасында бекініп, олардың мәні мен өзектілігін сақтағаны бекер емес. Бұған фразеологиялық бірліктер бейнелерінің халықтың көзқарастарына жақындығы, олардың дәлдігі мен жарықтығы қызмет еткен шығар. Фразеологиялық бірліктердің өздері мәдени стереотиптердің рөлін алады. Тілде мәдени және ұлттық стандарттармен байланысты нақты айналымдар бекітіліп, фразеологизацияланды. Фразеологиялық бірліктер жүйесінің артында мәдениет тұр. Айта кету керек, ұлттық-спецификалық бейне өзінің бірегейлігінің

ерекше көрсеткіштеріне ие болмауы мүмкін және соған қарамастан сол күйінде қалуы мүмкін.

Кесте 1. Үш тілдің байланысты фразеологизмдік байланысы

Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Отпен ойнау. Көп сөз күміс, аз сөз алтын. Егіз қозыдай.	Играть с огнем. Слово - серебро, молчание – золото. Как две капли воды.	Dance on a volcano. Be swift to hear, slow to speak. As like as two peas.

Яғни (бұл кесте) фразеологиялық бірліктер фразеологизмнің кейбір белгілері мен қасиеттері ұлттық сипатқа ие емес, әлемнің барлық тілдеріне ортақ халықаралық деген идеяны қолдайды. Біз әртүрлі халықтардың әлемдерінің қалай қиылысатынын көреміз, олардың санасында қандай да бір ортақ бөлікті көреміз. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сөйлейтіндердің әрқайсысы жалпыадамзаттық құндылықтарға ие. Талданған тілдік материал - тілдер мен мәдениеттердің өзара енуі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тілдегі осы немесе басқа ұқсас құбылысты сипаттайтын әрбір фразеологиялық бірлестік сонымен бірге ұлттық дүниетанымдардың ерекшеліктерін – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамытушы болып табылады. Алайда, семантикада ұқсастық болмаған кезде мазмұнды біріктіретін талданатын тілдерде көптеген фразеологиялық бірліктер бар. Аударма кезінде олар жасырын рөл атқаруы мүмкін. Тұлға компоненті бар орыс және қазақ фразеологизмдерінің бейнесі, орыс фразеологизмінде күрделі оймен беріліп көрсетіледі. Қазақ тілінің фразеологизмінде тұлға адамдардың ішкі әлемін, олардың рухани және моральдық-этикалық қасиеттерін бейнелейді, адамның жоқтығы туралы синекдоха негізінде ұят пен ар-ождан сияқты моральдық қасиеттердің жоқтығы туралы ой бейнелі түрде айтылады. Әмбебап және бірегей әр тілде кездеседі. Әдетте, тілдерді салыстыру кезінде белгілердің 3 түрі ерекшеленеді.


Әр түрлі халықтар мен мәдениеттерде белгілі бір мәдениеттер мен тілдерде әртүрлі дәрежеде жүзеге асырылатын идеялардың ортақ қоры бар. Екі немесе одан да көп тілдердің лексикалық-семантикалық жүйелеріндегі ұқсас элементтер 3 факторға байланысты:

1) салыстырылатын тілдердің жалпы шығу тегі, олардың генетикалық туыстығы;

2) тілдік процестер Заңының әрекеті;

3) тілдік мәдениеттерді жеткізуші халықтар арасында экономикалық, саяси, мәдени байланыстардың болуы тілдерде әмбебап құбылыстар мен категориялардың болуы объективті шындықтың бірлігімен, тілдің шағылысатын табиғатымен, адам психикасының жалпылығымен, халықтар өмірінің жекелеген жақтарының ұқсастығымен, мифологиялық ойлаудың әмбебап бастауларымен және т.б. түсіндіріледі.

## Кесте 2. Тілдерді салыстыру кезеңіндегі үш түрлі ерекшеленуі



Жалпы паремиялар негізгі бағыттары ол екінші тілдік белгілерді білдіреді-жағдайлардың немесе шындықтар арасындағы қатынастардың белгілері болып табылатын тұйық тұрақты тіркестер (мақал-мәтелдер). Ежелгі заманнан бері әр халық сөз тіркестерімен және сөздердің тұрақты тіркестерімен қатар тұрақты тіркестерді қолданады, олардың бір түрі паремиядан тұрады. Олар сөйлеушілерді семантикалық сыйымдылығымен және әртүрлі сөйлеу жағдайларында және әртүрлі сөйлеу мақсаттарында қолдану қабілетімен тартады. Бұл бірліктер бір тілде сөйлейтіндердің толыққанды қарым-қатынас процесін қамтамасыз ететін семиотикалық ішкі жүйелердің бірін құрайтын сияқты. Әлеуметтік лингвистер атап өткендей, тарихи қажеттілік ретінде пайда болған тіл қоғам оған қойылатын талаптарға жауап беруге арналған. Сонымен бірге ол қоғамның жағдайын көрсетеді және оның дамуына белсенді ықпал етеді. Бұл ереже табиғи түрде белгілі бір мәдениеттің спикері болып табылатын кез-келген нақты тілге және оның сөйлеушілерінің қоғамына қатысты. «Ауызша қарым-қатынас пен қоғамдық сананың диалектикалық бірлігі, немесе белгілі бір мағынада, тіл мен ұлттық мәдениеттің бірлігі» [3] тілдің деректері бойынша этностың тарихи өткені туралы мәліметтерді қалпына келтірудің бірегей мүмкіндігіне әкеледі. Семантика мен форманың күрделілігі, лингвистикалық шеңберге және сөйлеу құбылыстарының аймағына бір мезгілде тартылу ұзақ уақыт бойы паремиканы лингвистердің зерттеу назарының шетінде қалдырды. Көбінесе мақал-мәтелдер шағын мәтіндер, халық шығармашылығының туындылары ретінде қарастырылды. Фольклористік дәстүрде бұл паремияларды фольклордың кіші жанрларының бірі ретінде жіктеуге әкелді.

Тіл әлеуметтік шындыққа арналған нұсқаулық болғандықтан және ол біздің ойлау тәсілімізді анықтап, сезімдерімізді өңдейтіндіктен, халықтың дүниетанымын білу үшін тілдік бірліктерге жүгіну керек.

Белгілі бір тіл бірліктерінің семантикасы мен қызметіне ерекше назар аудару тіл бірлігінің мазмұны тұжырымдамалық компонентпен шектелмейтінін, бірақ шын мәнінде шындық объектілері мен құбылыстары туралы Ұлттық бағдарланған, мәдени негізделген ұжымдық біліммен байланысты екенін мойындауға әкелді. Әрбір мәдениет өзінің символдық тілін және осы тілдің элементтері өз мағынасын алатын әлемнің өзіндік бейнесін дамытады.

Мәдениет тілде көрініс табады, сондықтан сөз және басқа тіл бірліктері мәдениет тілінде қосымша, мәдени, семантика алады – ерекше символдық мағына. Сөздің мәдени семантикасы әр тілде ерекше, өйткені ол ана тілінде сөйлейтін адам белгілеген пән-Мәдениет туралы жеке көзқарасты көрсетеді. Бұл мәдени семантиканы осы тақырыпқа ұлттық көзқарастың ізі ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Мәдени есте сақтау қабілеті бар тіл сөйлеушіге әлемге деген көзқарасты жүктейді, басқаша айтқанда, адамның дүниетанымы ішінара әлемнің тілдік бейнесінде тұтқында болады. Мәдени - ұлттық сана тілінің бұл таңылуы ана сүтімен бірге сіңіріледі, содан кейін тілдің барлық ажырамас бірліктері, соның ішінде мәдени маңызы бар ақпарат игеріледі, содан кейін көбейтіледі. Сонымен, әртүрлі тілдердің спикерлері әлемді ана тілінде ұсынылған призма арқылы көретіндіктен, олар үшін өз белгісі маңызды.

Фразеологиялық бірліктерді аудару әдістерін таңдау олардың ұлттық бояуының болуына немесе болмауына байланысты. Кез-келген тілдің фразеологизмдеріндегі халықаралық бірліктер көпшілікті құрайды, ал олардың көпшілігі тиісті түске ие болды. Фразеология басқа адамдардың сезімдері, бейнелері, бағалаулары әлемін бейнелейді, ол сөйлеу мәдениетімен тікелей байланысты. Фразеологиялық айналымдарды зерттеу, оларды жіктеу жалпы тілдің маңызды бірліктеріне, сөздердің лексикалық мағынасының сипатына, сөздердің синтаксистік үйлесімділігі мен олардың мағынасына, сөзжасам мен этимологияның әртүрлі мәселелеріне, көркем сөйлеу стиліне қатысты бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Фразеологиялық жүйені жан-жақты зерттеу олардың негізгі құрылымдық-семантикалық және стилистикалық түрлері туралы түсінік алуға, олардың шығу тегін білуге мүмкіндік береді. Жұмыс ерекшеліктері сөз қолданудың әдеби нормаларын меңгеруге көмектеседі. Фразеологиялық бірліктерді тілдің басқа да маңызды бірліктеріндегі олардың ерекше қасиеттері тұрғысынан зерттеу маңызды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Беликов В.И. Паремология. Халықаралық конференция. Диалог. 2008 ж.
2. Кунин А.В. Тілдің маңызды бірліктерін компоненттік талдау туралы. Қазіргі ағылшын тілінің фразеология курсы: Ғылым, 2006. 314.

3. Верещагин Е.М., Костомаров В. Г. Фразеологиялық бірліктердің негізгі түрлері туралы / Ғылым баспасы, 2000 ж.

## **5.6. Халықаралық саяси коммуникациядағы «жұмсақ күш»: ұғымды түсіндірудегі тәсілдер**

**Болат Нурмаханұлы Жұмаділ**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.  
Журналистика және саясаттану факультетінің  
докторанты (Астана, Қазақстан)

### **Аннотация**

*Қазіргі заманғы постиндустриалды мемлекеттер жаңа серпінді технологияларды енгізу және жаһандану үдерістерінің күшеюі жағдайында халықаралық қатынастар саласындағы бәсекеге қабілеттілікті сақтау мүдделері үшін халықаралық коммуникациялардағы өз болжамдарын мәжбүрлеу құралдарынан қайта бағдарлайды. Шектеулі экономикалық пайданы бөлу дәстүрлі өндіріс факторларын – жер және физикалық еңбекті пайдалануға емес, субъектінің жеке басына тікелей байланысты өндіріс факторларын – кәсіпкерлікті, капиталды, ақпаратты пайдалануға байланысты. Мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешудің күшті әдістерінің әсері негізінен зорлық-зомбылықсыз текетіретің елдік бәсекесіне қайта пішімделген, ол әскери емес күштерді қолдануды логикалық түрде біріктіретін нақты саясаттану «жұмсақ күш» терминінің қалыптасуына ынталандыру болды.*

*Әртүрлі елдер тәжірибесіне сүйене отырып, мақалада елдердің саяси және идеологиялық қызметі контекстінде «жұмсақ күш» саясатының принциптері мен функционалдығын түсіндіру тәсілдерінің ерекшелігі талданады.*

**Түйін сөздер:** «жұмсақ күш», саяси жүйе, байланыс, коммуникация.

Халықаралықаралық қатынастар жүйесі әрдайым әр түрлі оқиғаларды бастан кешіре отырып, көптеген оқиғалардың куәсі болуда. Қазіргі таңға дейін барлық халықаралық саяси коммуникация тарихы ешқайда жойылмай сақталып келуде. Алайда уақыт еншісіне тәуілді халықаралық қатынастар теориясы қалыптасқан заңдылықтарды өзгерістерге ұшырата отырып, тарих беттеріне жаңа тенденцияларды шарыққа шығаруда. Сол тарих беттерін ашқан жаңа теориялық тенденциялардың бірі – «жұмсақ күш» концепциясы. «Жұмсақ күш» ұғымы өткен ғасырдың соңғы онжылдығында термин ретінде халықаралық қатынастар жүйесінде қарастырыла бастады. Бұл терминді ғылыми айналымға енгізген және ғылыми концепт ретінде негізін қалаған американдық политолог, Гарвард Университетінің профессоры – Джозеф Най [1]. Ол ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап «жұмсақ күшті» басқару жүйесінің жаңа түрі ретінде өз еңбектерінде қарастыра бастады. Яғни оның берген тұжырымдамасы бойынша «жұмсақ күш» немесе ағылшынша атауы «soft power» – бұл саяси



биліктің бір түрі және ол арқылы саяси билік өз қалауларын ешқандай күш қолданбастан жүзеге асыру деген мағынаны білдіреді.

«Жұмсақ күш» термині Джозеф Найдың пікірінше кем дегенде үш түрлі мағынаны білдіреді. Ең алдымен, ол пассивті күш ретінде қарастырылады. Осыған орай басты әрекет етуші жақ ешқандай қауіп-қатер тудырмай қызығушылықтарын жүзеге асыра алады. Екінші мағынасында ол идеологиялық гегемония ретінде қарастырылады. Яғни мемлекет барлық қажетті ресурстар қорын пайдалана отырып өзге акторларды күш арқылы мәжбүрлемей өзін өздігінен қалап тұру бейнесін қалыптастырады. Ең соңғысы, институциялық билік, ашып айтқанда, өз мемлекеттердің өзіндік қызығушылығы мен ұлттық мүдделеріне сәйкес даму жүйесі. Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, жұмсақ күштің шет елдік билік өкілдерінің немесе қоғамның өзіне деген қарым-қатынасын негативті саяси құрылымдарын қолданбай-ақ өзгерте алу қабілетін көрсетеді [1].

«Жұмсақ күш» ұғымын тереңірек талдау Ұлыбританияның мысалында да қарастыруға болады. Ұлыбританиядағы «жұмсақ күштің» негізгі институты 1934 жылы құрылған, ол – бүгінде Британдық Кеңес деп аталатын басқа елдермен қарым-қатынастар жөніндегі қызметті атқаратын британдық комитет болып табылады.

Мұндай саясатты жүзеге асырудың ең маңызды бағыттары, әрине, әр елдің имиджін арттыруға тиімді саналатын құрал негізінде жүзеге асады. Ал Британдық Кеңестің «елдің «жұмсақ күшінің» ең үлкен байлығы» деп атайтын басты құралының бірі – ағылшын тілі [2].

Сонымен қатар британдық білім жүйесі өз елінде де, шетелде де мойындалған ұлттық «жұмсақ күштің» маңызды ресурстарының бірі болып табылады. Оның айқын дәлелі ретінде, XIII ғасырда негізі қаланған Оксфорд және Кембридж университеттерін атап өтуге болады. Бүгінгі таңда бұл жоғарғы оқу орындары Times нұсқасы бойынша әлемнің үздік он университетінің қатарына кіреді. Дегенмен, біздің тақырыпқа сай назар аударатын тұсы – Ұлыбританияның білім беру саласындағы саясат білім жүйесі арқылы өз ықпалын таратуға негіз болатын кадрларды, яғни адами капиталды бірінші орынға шығарады. Адами ресурсқа құйылған инвестиция әрқашанда сапалы және ұзақ мерзімді нәтижеге жетелейді.

Кез келген мемлекет үшін жұмсақ күшті сыртқы істер қарым-қатынасында қолдану кедергі тудырған емес. Халықаралық қатынастар саласында жұмсақ күш соңғы отызжылдықта термин ретінде қарастырылып әрі зерттеліп келе жатқандығына қарамастан, өткен ғасырлардың тарихи жүйесінде осы іспеттес саяси құрал көптеген мемлекеттердің, соның ішінде еуропалық алыптардың сыртқы саясатында жүзеге асырылып келген. Бұның анық мысалы ретінде XVII және XVIII ғасырлардағы Францияның халықаралық аренадағы атқарған ролін айтсақ болады. Тарих кезеңіне жүгінер болсақ, бұл кезең Францияның сыртқы саясатында өз мәдениеті мен тілін бүкіл Еуропаға

тарата бастаған кезі болатын. Осы негізде француз тілі тек дипломатиялық тіл болып қана қоймай, Ресей және Пруссия секілді шет елдік мемлекеттердің соттық іс жүйесінде де негізгі тілдің бірі ретінде пайдаланылған. Сонымен қоса француз революциясы орын алған сәтте Франция өз идеологиясын көршілес мемлекеттерге билік арқылы таратуға бар күшін жұмылдырды. Алайда Франко-Пруссия соғысындағы жеңіліс салдарынан беделін жоғалтқан француз үкіметі ұлттық имиджін тілі мен әдебиеті арқылы қайта қалпына келтіруге тырысып бақты. Осының негізінде ұлттық беделдің жаппай таралуы үшін қызмет атқарған институттардың бірі – Франсез Альянсы болды. Тарихшы Ричард Пелстің (Richard Pells) айтуы бойынша Француз мәдени жобасы – Француз дипломатиясындағы ең негізгі құрылымдарының бірі. Уақыт өте келе Франциялық осындай дипломатиялық жүйе бойынша өз ықпалын кеңейту әрі беделін бейбіт түрде тілі мен мәдениеті арқылы көтеру мақсатында Германия және Италия секілді бірқатар Еуропалық мемлекеттер өз саяси басқару жүйесінде пайдалана бастады. Яғни айтып отырған бұл тарихи оқиғаларды сараптайтын болсақ, Францияның қолданған саясаты «жұмсақ күш» саясатының айқын көрінісі. Адамзат баласының өмір сүрген кезеңдерінде «жұмақ күш» ұғымы астарлы қызмет атқарып келгенін аңғаруға болады [1, 2 б.]. Жоғарыда атап өткен 1934 жылы құрылған Британдық Кеңеспен қатар, 1961 жылы АҚШ халықаралық қатынастар агенттігі, 1949 жылы шетел саяси қайраткерлерімен байланыс орнатуға және ақпарат алмасуға, екіжақты және көпжақты ғылыми конференцияларды ұйымдастыруға және оларға қатысуға маманданған халықаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі Қытай халық қоғамы құрылды [3].

Осыған қарамастан, дәл осы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының постиндустриалдық кезеңге өтуі қазіргі ғылыми дискурс шеңберінде «жұмсақ күшті» концептуалды түрде басқаша қабылдауға әкелді.

Осылайша, қазіргі таңда өзге елге әсер ету үшін бұрынғыдай физикалық күш қолдану, қару-жарақ немесе әскермен қорқыту секілді стратегиялар тиімсіз болып саналады. Екінші жағынан, аталмыш индустриялық кезеңнің мұндай құралдары заманауи даму факторларына сай келмейді және шығынды көп талап етеді. Әлеуметтік-экономиканың жаңа даму сатысына өткен сайын, техникалық және технологиялық тетіктер негізінде, жаһандық ақпарат пен коммуникацияның дамуы ықпалында тек тиімділігі жағынан ғана емес, сонымен қатар өнімділігі мен нәтижесі шығынсыз бірақ ешқандай физикалық зорлық-зомбылықсыз өзіне еліктіретін «жұмсақ күш» саясаты жаңаша серпін алды. Енді жұмсақ күш негізінде кәсіпкерлік, капитал және ақпарат басты қаруға айналды.

Осыған сәйкес субъект тұлғасы жұмсақ күштің басты қозғаушы күшіне айналды. Өндіріс, кәсіпкерліктің тиімділігі, активтер (капитал) мен ақпараттың дұрыс жұмыс істеуі адамның іскерлік қасиеттеріне

тікелей тәуелді. Қазіргі заманғы мемлекеттердің көпшілігінің экономикалық жүйесіні нарықтық құрылыммен тікелей байланысты, өйткені тек нарық шеңберінде ғана бұл ресурстарды ұтымды пайдалану мүмкін. Экономиканы ауқымды ақпараттандыру экономикалық ғылымда FinTech (қаржылық технологиялар) терминінің пайда болуына да себеп болды [4].

Жұмсақ күш стратегиясын қолданудағы өзге саяси құралдардан басты ерекшелігі – ол өзге акторларға әсер етіп, әлемде өз имиджін орнықтырғанға дейін материалдық емес болып есептеледі. Бұл жүйенің орындалу ретіне қарай оны танымал брендтер және оның тұтынушыларының құндылықтарды алға жылжытуымен салыстыруға болады. Ал жұмсақ күш шеңберінде, тұтынушы мемлекет беруші актордың мәдени-семантикалық өміріне еніп, оның ұлттық мүддесін өзінің мүддесі ретінде біртіндеп қабылдай бастайды. Басқаша айтқанда, «жұмсақ күш» бейнесі жасырын түрде азғыру стратегиясы секілді сипатта болады [5].

Кез келген мемлекет сыртқы саяси стратегияларында жұмсақ күшті екітүрлі бағытта іске асыра алады. Бірінші жолы – насихаттау, жарнамалау, түрлі халықаралық, аймақтық және мемлекеттік деңгейде шараларды іске асыру және ақпарат тарату арқылы елдің имиджін қалыптастыру. Бұл әдіс негізінен қоғамдық дипломатия арқылы және сыртқы саясатта гуманитарлық, өзге мемлекеттердің дамуына көмек көрсету бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады [6]. Екінші бағыты – экономикалық модуль құру, халықаралық аренада мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынасқа негізделген саясат жүргізу және достық ынтымақтастық көлемін ұлғайту мен ішкі саясатты да сәтті жүргізе отырып жетістіктерін арттыру. Осыған орай, аталмыш жетістіктер елдің «жұмсақ күш» деңгейін арттыру қажет. [7, 14 б.]

«Жұмсақ күш» теориясының сыртқы бейнесі түсінікті көрінгенімен, ресурстары мен табиғаты жағынан көп санатты әрі күрделі болып келеді. «Жұмсақ күш» ұғымының негізін салушы Джозеф Найдың еңбегіне сүйенер болсақ, бұл стратегия үш негізгі компоненттерден құралады: елдің мәдениеті, саяси құндылықтары мен ішкі және сыртқы саясаты.

Ал, жұмсақ күш тұжырымдамасына тағы бір пікір білдірген ғалымның бірі Джонатан МакКлори Найдың теориясын бағалау кезінде оның қарастырған компоненттерін толықтырып өтті. МакКлоридің пікірінше бұл ұғым үш емес бес санаттан тұрады: елдің саяси құндылықтары, мәдениет, сыртқы саясат немесе дипломатия, білім және бизнес. Ол бизнес субиндексін елдің экономикалық модульін көрсету мақсатында қосса, білімді мәдени категориядан бөліп алып, жоғарғы білімнің «жұмсақ күшке» тікелей әсер ете алатындығын анықтаған [8, 4 б.].

Әр түрлі ғалымдардың жұмсақ күш теориясы туралы зерттеу жұмыстарын қарастыра келе «жұмсақ күштің» нақты бір бекітілген

құралдары жоқ екенін және ол негізінен мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері мен қолданылу мақсатына қарай өзгелерден айырмашылық көрсететін атап өткен жөн. Себебі, ол ең алдымен қоғамдағы орын алып жатқан оқиғаларға тікелей байланысты. Сонымен қатар, Най және Глоридің айтуындағы, мысалыға алғанда, мәдени дипломатия құралы жұмсақ күштің басты құралы болғанымен оны жүзеге асырудағы әрбір мемлекеттің тәжірибесі әр түрлі айқындалады. Осы орайда әр бір мемлекеттің жұмсақ күшін анықтар кезінде оның өзіне тән жеке компоненттерін анықтап алған дұрыс. Сол себептен, жұмсақ күштің компоненттерін дөп басып айту түсініспеушілікті тудыру себебінен оның ресурстарын жалпы сфералар мен жүзеге асырушы құрылымдар арқылы қарастырған жөн.

Жалпы жұмсақ күшті айқындау барысында келесідей модульдерді ескеруге болады. Олардың қатарына ең бірінші сфераны айтуға болады. Яғни бұл жерде «жұмсақ күштің» қандай сфераға бағытталып құрылғандығын көрсетеді. Аталмыш сфера құрамына келесідей ресурстарды жатқызуға болады: сыртқы саясат, экономика, спорт, мәдениет, білім және ғылым саласы, туризм және т.б. Екіншіден, жұмсақ күшті жүзеге асырудағы тетіктер лебін айтуға болады. Бұл оны қолданудағы ресурстарының негізгі идеясын жеткізу болып табылады. Қазіргі жаһандану заманында «жұмсақ күштің» іске асырушы акторларына бірнеше дәстүрлі және дәстүрлі емес агенттіктер жатқызылады: мемлекеттік әртүрлі органдар, ҰЕҰ, трансұлттық корпорациялар, азаматтық қоғам топтары және жеке тұлғалар.

Жоғарыда айтылған тұжырымдамаларға сүйене отырып, «жұмсақ күшті» қолдануда оның құралдары мен жүзеге асыру құрылғыларын қолданып қана қоймай, саяси жүйенің бірнеше критерийлері мемлекеттің бойынан табыла білу қажет. Эксперттік баға бойынша «жұмсақ күш» келесі талаптар бойынша іске асырылуы қажет:

- экономикалық, геосаяси, гуманитарлық мақсаттар мен басымдылықтар сәйкестігі;
- серіктес елдің мүдделері мен мақсаттарын есепке алу;
- жүйелілік;
- бағыттар мен құралдар арасындағы үйлесімділік;
- әр түрлі бағыттағы әрекеттерді үйлестіру;
- ашықтық;
- қатысу ұзақтығы [9].

Соңғы онжылдықтар қарсаңында халықаралық аренада жұмсақ күш саясатын мемлекеттің сыртқы дипломатиялық қатынасының ең негізгі құралы ретінде қолдану кеңінен таралуда. Бұл механизм әр елде әр түрлі деңгейде жүзеге асып жатқанына қарамастан, бұл идеяны пайдаланудағы түпкі идея бір.

Қорытындылай келе, ХХІ ғасырдың алғашқы кезеңдерінен бастап халықаралық саясаттағы негізгі басым назар аударатын жағдайлар ол елдің экономикасы мен дамып келе жатқан «жұмсақ күш» болды.

Жоғарыда айтып кеткендей жаһандану халықаралық қатынастар саласында дамудың жаңа жолы және оған қатысушы мемлекеттер жылдам қосылып, даму үшін алғашқы кезеңінен бастап сауатты және дұрыс түрде бағдарлануы керек. Сол себептен өзінің ықпалын қатты күш арқылы бағыттамай, керісінше басқа субъектілерге экономикалық және мәдени құралдар арқылы тарату басты назарға алынды. Ал халықаралық саяси байланыс орнатуда сауатты коммуникация орнатудың тиімді құралы – «жұмсақ күш» маңызды рөл ойнап келеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Joseph S. Nye, Jr. Soft Power: The Means to Success in World Politics // Chapter 4 - Wielding Soft Power – N.Y., 2004.
2. Братерский М.В., Скриба А.С. АҚШ-тың сыртқы саяси стратегиясындағы «жұмсақ күш» тұжырымдамасы // Халықаралық ұйымдар хабаршысы. - 2014. - No 2. - 130-144 б.
3. Го Цзэмин. Danqian. Қытайдағы «жұмсақ күшті» зерттеудің қиындықтары туралы кейбір ойлар - 2010. - Қол жеткізу режимі. - URL: [http://news.china.com.cn/2011-06/02/content\\_22700389.htm](http://news.china.com.cn/2011-06/02/content_22700389.htm).
4. Шет мемлекеттердің мемлекет және құқық тарихы. Крашенинников. 2 томда. – М.: Норма, 2015. – 720 б.
5. Зубкова А.И. Стратегия мягкой силы в контексте трансформации политической системы Турецкой Республики в период 2002-2014 гг.: авт. дисс... к.п.н. – Москва: Росс. ун-т друж. нар-в 2015. – 139 с.
6. Радиков И., Лексютина Я. «Мягкая сила» как современный атрибут великой державы. Мировая экономика и международные отношения. – 2012, № 2. – С. 19-26.
7. Малухина Т.Ю. Культурная дипломатия Италии как инструмент мягкой силы на современном этапе: авт. дип. раб. – Екатеринбург: Урал-й гум. инст. 2018. – 70 с.
8. McClory J. The New Persuaders II. A 2011 Global Ranking of Soft Power. – Institute for Government, 2011.
9. Ларионова М.В. «Мягкая сила» – ресурс внешней политики: докт. полит. наук – Москва: НИУ ВШЭ, 2014.



## **5.7. Первая мировая война и военная журналистика**

**Манарбек Айдынғалиевич Карекенов**

Докторант образовательной программы «Журналистика»,  
Костанайский региональный университет  
имени А. Байтурсынова (Костанай, Казахстан)

**Марат Кайржанович Ажғалиев**

Кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор,  
декан педагогического факультета. Западно-Казахстанский  
инновационно-технологический университет  
(Уральск, Казахстан)

Длительное время объектом изучения истории отечественной военной прессы в основном были издания, появившиеся после Октябрьской революции 1917 г., хотя военная печать к тому времени существовала уже более двух веков. Частью его является деятельность органов военной периодической печати в годы Первой мировой войны 1914–1918 гг. В этот период в издавалось около 100 военных газет и журналов, на страницах которых публиковались приказы командующих фронтов и армий, передовой боевой опыт, статьи о новинках вооружения и военной техники, практические рекомендации к действиям в той или иной обстановке, фрагменты из художественных произведений и т.д.

Несмотря на то, что некоторые аспекты темы рассматривались российскими историками, отечественная историография пока не располагает специальным трудом, посвященным анализу деятельности военной периодической печати в годы Первой мировой войны.

Изучение историографии советского периода показало, что в комплексе данная проблема не рассматривалась, а исследования военной периодической печати в годы мировой войны ограничивались лишь рассмотрением военной периодической социал-демократической прессы, издаваемой в действующей армии в период с апреля 1917 г. по март 1918 г. Значительный научный интерес в данном вопросе представляют фундаментальные труды Х. Астрахана, А. Бережного, П. Голуба, Д. Гразкина, С. Капшукова, Н. Якупова [1]. В них фрагментарно отражено воздействие на солдатские массы большевистской агитации при помощи партийной военной печати. Из этого ряда необходимо особенно выделить труд «Окопная правда» Д. Гразкина, который являлся организатором и редактором одноименной газеты. В своей работе автор показывает, с какими трудностями пришлось столкнуться большевикам Новоладожского полка при образовании, издании, выпуске и распространении «Окопной правды», так как «без своей газеты вести борьбу против реакционеров и оборонцев было трудно», какие взаимоотношения складывались в самой редакционной

коллегии, одним из членов которой являлся эсер-максималист Хаустов, как возникло название газеты, какие основные направления отражались в издании.

Значительный научный интерес для исследователей представляет работа А.Ф. Бережного «Русская легальная печать в годы Первой мировой войны», в которой автор впервые в истории отечественной журналистики советского периода рассмотрел работу легальной, в том числе и военной, периодической печати. А.Бережной исследует деятельность царского правительства и военного командования в управлении прессой, акцентируя внимание на «ужесточении военной цензуры и ранее принятых военных законов о печати» [2], частично рассматривая создание и недолгую деятельность Бюро печати, ввиду «обнажившихся дефектов и узости целей Бюро» [3], изучает проблемы, с которыми приходилось сталкиваться корреспондентам при подготовке и отправке материалов с театра военных действий в свои издания и изоляциях, к которым им приходилось прибегать. При этом автор совершенно не упоминает о «Положении о военных корреспондентах в военное время», хотя данный документ являлся одним из основных нормативно-правовых актов, регламентирующих деятельность военных корреспондентов в действующей армии в годы мировой войны. Так же в своем труде Бережной не касается структуры печати в рассматриваемый период.

В годы Первой мировой войны первым направлением являлась пропаганда ведения войны до победного конца. В этом направлении работали все военные периодические издания; а также центральные печатные издания общего порядка [4], публикации из которых перепечатывались во фронтовых и армейских газетах. В условиях ведения позиционной войны количество материалов на данную тему увеличивалось в несколько раз.

О «необычайном, подъеме духа» и готовности «до последней капли крови постоять» свидетельствовали перепечатки агентских телеграмм из «Русского инвалида»

На страницах военных газет выступали государственные, общественные и политические деятели союзников. Печатные органы убеждали солдат и офицеров, что «путь к скорейшему миру лежит через укрепление боеспособности армии. Из действующих частей поступали зарисовки о боевых подвигах летчиков, разведчиков, санитаров, телеграфистов и т.д.

Количество и насыщенность материалов по данной тематике прямо пропорционально зависели от положения дел на фронте и народных настроений в тылу. При ведении наступательных действий процент статей на данную тему снижался, а при ведении позиционной войны - увеличивался. Особенно актуальным это направление стало с конца 1916 г., когда неудачи на фронте, преследовавшие армию одна за другой, бумерангом отразились на настроениях в тылу и вылились

сначала в стачечное движение и забастовки рабочих, а в дальнейшем - в два государственных переворота. Именно в революционный период 1917 г. лозунг «Война до победы» был одним из главных на страницах военных изданий - официальных и различных политических сил.

Вторым направлением деятельности военной прессы стало воспитание патриотизма и укрепление морального духа воинов. С возрастанием интенсивности боевых действий наметилась тенденция к увеличению роли «духовного фактора», что вело к увеличению публицистических материалов, направленных на укрепление морального духа военнослужащих.

На страницах печати, практически в каждом номере газет и журналов пропагандировались мужество и героизм военнослужащих, воспитывалась ненависть к врагу, показывались прочная связь фронта и тыла, забота правительства, предпринимателей и простых граждан об их защитниках и членах их семей. В армейских и фронтовых изданиях сокращалось количество директивной информации.

Военные издания показывали и действия союзных войск, периодически публикуя на своих полосах фотографии их лидеров, передовой опыт ведения войны, новинки вооружения и военной техники, зарисовки о героях и успехах коалиционных сил, что по замыслу авторов должно было поднимать моральный дух воинов.

Воспитанию высоких морально-психологических качеств и воинской дисциплины у воинов много внимания уделяла Русская православная церковь, которая со страниц своих периодических изданий призывала военнослужащих к самопожертвованию во имя Отчизны, веры в Бога, к беспрекословному подчинению командирам и их приказам.

Третьим направлением деятельности военной периодической печати стала борьба за армию в условиях изменения военно-политической обстановки в России.

Особенно эта борьба обострилась в революционный период 1917 г., где главным фактором противостояния для официальной военной прессы стала социал-демократическая печать, насчитывавшая к осени 1917 году 15 военных газет [5].

Исследование показало, что, несмотря на неоднократную смену политических курсов страны и правительств, каждая новая власть не пускала на самотек вопросы правового регулирования деятельности военной печати как «важного информационного» и пропагандистского средства борьбы со своими политическими противниками. Об этом ярко свидетельствуют нормативно-правовые акты, принимаемые Временным правительством (постановления «О печати», три постановления, регламентирующих деятельность военных и фискальных органов в ходе боевых действий, постановление «О специальной военной цензуре» и т.д.) и декреты СНК («О печати» и «О специальной военной цензуре»).

Таким образом, историография военной периодической печати в годы войны прошла в своем развитии путь от разработки отдельных проблем до фундаментальных трудов по ряду направлений. Изучение объема материалов позволяет сделать вывод о том, что при всей важности проведенных исследований проблема деятельности военной периодической печати в годы Первой мировой войны не получила должного комплексного освещения и нуждается в дальнейшей проработке и осмыслении. В полном объеме так и не были освещены вопросы нормативно-правовой базы, структурно-организационные основы и основные направления деятельности военной периодической печати в рассматриваемый период. Недостаточная изученность данной проблемы, ее актуальность и явились основанием для проведения настоящей статьи и материала.

Перспективными направлениями для проведения дальнейших научных исследований в области военной журналистики в годы Первой мировой войны полагать:

- изучение деятельности официальных и неофициальных военных периодических изданий по основным вопросам жизнедеятельности войск.

- исследование опыта освещения военной проблематики на страницах изданий политических и общественных организаций в условиях ведения войны.

- анализ места и роли специализированных военных журналов видов и родов войск в пропаганде военно-научных знаний. Результаты проведенного исследования и последующие разработки в области истории отечественной военной печати могут послужить дальнейшему развитию теории и практики военной журналистики, обеспечению преемственности в работе современных средств массовой информации Вооруженных Силах.

### **Список литературы:**

1. Х. Астрахан «Большевики и их политические противники в 1917 году» Л., 1973; А. Бережной «Русская легальная печать в годы Первой мировой войны», Л., 1975 г.; П. Голуб «Большевики и армия в трех революциях», М., 1977; Д. Гразкин «Окопная правда», М., 1958 г.; С. Капшук «Борьба большевистской партии за армию в период Первой мировой войны», М., 1957 г.; Н. Якупов «Борьба за армию в 1917 году», М., 1975 г.

2. Д. Гразкин «Окопная правда», М., 1958 г.

3. А. Бережной «Русская легальная печать в годы Первой мировой войны», Д., 1975 г.

4. Газета «Русский инвалид», № 158, 1914 г.

5. О. Сарип, М. Чачух «Спутник военного журналиста», М., 1990 г.

## **5.8. Сабақта топтық жұмыстың тиімділігі**

**Мадина Баймурзаевна Кенжегалиева**

филология магистрі, әдістемелік кабинет меңгерушісі,  
Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі  
(Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Қазақстан)

*Тәрбиелеуде мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды ақ,  
бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні онан  
да маңыздырақ. Мұғалімдер, міне, осынысымен бағаланады.*  
Цицерон

### **Аңдатпа**

*Оқу іс-әрекеті процесінде студенттердің топтық жұмысының әр түрлі түрлері мен формаларын қолдану оқу процесінде жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді, студенттердің назарын арттырады, білімнің берік игерілуіне, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға, сөйлеу дағдыларын, шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал етеді.*

**Термин сөздер:** шеберлік, оқытушы, зейін, танымдық қабілет.

### **Аннотация**

*Применение разнообразных видов и форм групповой работы студентов в процессе учебной деятельности позволит всесторонне получать знания в процессе обучения, повышает внимание студентов, способствует прочному усвоению знаний, развитию навыков самоконтроля, самооценки, развитию речевых навыков, творческого мышления.*

**Ключевые слова:** мастерство, преподаватель, внимание, познавательные способности.

### **Annotation**

*The use of wound-like types and forms of group work of students in the course of educational activities will allow them to comprehensively gain knowledge in the learning process, increases the attention of students, promotes the solid assimilation of knowledge, the development of self-control skills, self-esteem, the development of speech skills, creative thinking.*

**Keywords:** skill, teacher, attention, cognitive ability.

Бүгінгі таңда топтық жұмыс, топқа бөлу тәсілдерінің түрлерін тәжірибеде қолдануға тиімділігі туралы бағыт-бағдар бере отырып, сыни ойлауды қажет ететін өзіндік пікірімен көзқарасын қалыптастыру арқылы ой қорыту, өз ойларын жетілдіру арқылы оқыту мақсатқа жету. Оқушыларды ХХІ ғасырға дайындау үшін ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, әдіс тәсілдерді танымдық бағытта тиімді қолдана білуі шарт. Бұл шарттарды оқытушы ұтымды пайдаға асырғанда оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады. Топта өзара қарым-қатынас жақсарады. Әр оқушы өзіне сын көзбен қараушылығы артады, топпен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай біледі және жақсы бақылай алады. Өмірге қажетті дағдыларға үйренеді. Сондықтан әр ұстаз негізгі алған



білімін өмірде қолдана алатындай етіп сабақты құру ұстаздар үшін шығармашылық ізденісті талап етеді. Ол үшін ең алдымен, әр ұстаз үнемі өз білімін жетілдіру және өз шәкірттерін тұлға ретінде тани білу керек. Ұлы Абайдың «Адамның қасиеті үш - ақ нәрсе: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» демекші, шәкірттің алдына бару үшін жеткілікті білімнің болуы керек, сол тәжірибенді ұғындыру үшін тиімді тәсілдерді қолдана білу және ұстаз мамандығын таңдаған соң, этикалық әрі моральдік құндылықтарды ұстану қажет. Мұғалімнің бұл үш көмекшілері сапалы әрі табысты оқытуына жол ашады. Неге педагогикалық технологияларға ерекше көңіл бөлеміз? Оқушыларды пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімдерін бір жүйеге келтіру мақсатында тиімді әдіс - тәсілдерді пайдалану білімнің сапалы болуына себеп болады. Әр сабақта алға қоятын мақсаттарымыздың бірі балалардың сөйлеу тілін дамыту болып табылады, сондықтан әрбір сабақта сөйлеу әрекетін құру үшін бірнеше әдістерді қолданамыз. Сұрақ - жауап әдісі мен үшін сөйлеу тілін дамыту, оқушы бойындағы танымдық үрдісті қалыптастырудың ең ұтымдысы, себебі балалар сұрақ құруға және сұраққа жауап беруге үйренеді. Нәтижесінде өзара қарым - қатынас жасауға дағдыланады. Сұрақ - жауап әдісін ойын, топтық, жұптық жұмыс ұйымдастырғанда да тиімді қолданамыз. Ең алдымен, балалар түсінбегенін бір - бірінен сұрап алуға мүмкіндік алады, екіншіден, білмегенін сұрау үшін сұраулы сөйлем құруға үйренеді. [1. 15 б.]

Қазіргі заманда оқушыларға дайын білім беруден яғни «дәстүрлі» стильмен оқытудан алшақтау керек. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі де жаңашыл идеяларға көңіл көкжиектерін ашу керек. Сабақтың әрбір минутын тиімді пайдалану үшін сабақ жоспарын табысты болатындай етіп құру біздің міндетіміз, себебі мұғалімдер әрбір баланың болашағы үшін жауапты. Көзбен көрген ақпараттың 30 пайызы есте сақталатынын ескере отырып, жаңа тақырып түсіндіру барысында АКТ мүмкіндіктерін пайдалану мен үшін маңызды. Бүгінгі заманда сандық сауаттылығымыз жоғары болуы керек, себебі балалар алдында өз беделімізді нығайтамыз.

Оқыту сапасын арттыру мақсатында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, дәлірек айтсам, оқуға деген қабілетін, зейін, сөйлеу дағдылары, шығармашылық ойлау сияқты қабілеттерін дамыту біз үшін маңызды. Топтағы әр оқушы ақпаратты әртүрлі қабылдайды. Оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, әр сабақта тиімді стратегиялар мен әдіс - тәсілдерді қолдануға тырысамыз. Жаңа сабақты түсіндіруде аудио жазба материалдары бейнемәтіндер болса, қолдану сатысында топтық, жұптық түрлерін жүргізген ұтымды болады, себебі жұптық жұмыста көршілес оқушылар өзара жұмыс істеп, сұрақ қоя отырып тақырыпты игеруге мүмкіндік алады. Ал топтық жұмыс барысында әрқайсысы өз идеясын ұсынуға, жалпыға бағытталған белгілі бір жұмыс түрін орындай алады. [3. 114 б.]

Оқытылатын ережені есте сақтап, өмірде қолдана алатындай етіп ұғындыру үшін ойын элементтерін де жиі қолду қажет. Бүгінгі күні әлем кеңістігіне еніп қоғамға лайықты ұрпақ тәрбиелеу міндеті қойылып тұрған уақытта оқушыларға әдебиет пәнін оқытуда көп қиындықтар кездеседі. Оқушылар сабақ кезеңіндегі тапсырмамен шектеліп қосымша әдебиеттерді оқымайды, өз бетімен ізденіп көркем әдебиетті оқитын оқушылар бірден бір. Бұл қиындықтарға мыналар жатады: - оқушылардың оқулықтағы мәтінмен шектелуі;

- шығарманың түпнұсқасын оқымауы;
- қосымша көркем әдебиеті оқымауы;
- өз бетімен шығарманы талдай алмауы;
- өз бетімен ізденушілік қабілет танытпауы.

Осы қиындықтарды жою мақсатында топтық жұмысты ұйымдастыру педагог шеберлігін арттырады. Топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Оқушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады. Бір-біріне сұрақтар қоя біледі. Ең бастысы топта оқушы оқшауланып оқымайды. Топта бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады. Топпен жұмыс жасағанда, тыңдау, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Нәтижесінде өз ойы бар оқуға қабілетті тұлға қалыптасады. Топтық жұмысты ұйымдастырудың алдында топтағы оқушылардың белсенділік қызметін ұйымдастыру мақсатында топ ережесін жасау арқылы тәртіп талабын жасай аламыз. Ережені оқушылардың өздері құрады. Оқушылар ережеге мынадай тәртіп талабын жазады:

- сабақтан кешікпеу;
- сабаққа түгел, ұйымшылдықпен қатысу;
- бір-бірінің пікірін тыңдау;
- бірін -бірі сыйлау;
- берілген тапсырманы нақты орындау;
- бірігіп, белсенді жұмыс жасау;
- бәсекелестікке қабілеті болу.

Сабақтың алдында әр түрлі тәсілдерді пайдаланып, түрлі түстер, фигуралар, сөйлем мүшелері, сөз таптары, әдеби терминдер арқылы сабақ сайын өзгертіп топтарға бөліп отырғызған оқушылардың жұмыс жасауына зор ықпал етеді. Әр топта жұмыс жасаған оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, олардың өзгергені көп кешікпей көрінеді. Тұйық оқушылар ашыла бастайды. Қабілетті оқушылардың ізденіп әдеби шығармаларды оқуға көп көмегін тигізеді. Сабақта шығарма мәтінін меңгертуде, шығарманы оқыту қиындығын шешуге ЖИКСО әдісінің көмегі көп болады. Оқушыларға оқулықтағы мәтінді парақтарға

жазып жеке-жеке таратып оқыту керек. Әуелі жеке, содан соң жұппен оқиды. Басында оқушылар өз беттерімен жеке оқуға мойынсұнбай оқығысы келмейді. Артынан топтағы қызу талқыны көріп өздеріне берілген бөлімді сұраған кезде оқымауға болмайтынын түсінеді. Осы жерде топтық жұмыста ынтымақтастықта белсенді жұмыс жүргізеді. Ынтымақтастық оқу - өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады. Оқушылар өздеріне берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін суреттер салды, сахналық көрініс қояды. Түрлі дәлелдер келтіре отырып, өмірмен салыстырады. Бір-біріне сұрақтар дайындап өз беттерімен сұрақтарға жауап береді. Топта оқушылардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту мақсатында Б. Блумның сұрақ қою өлшемін жиі пайдаланған өте тиімді. Олар жеңілден ауырға, қарапайымнан терең ойлауға жетелейді. Осындай сұрақтар қойылған кезде көшбасшылыққа бейім топ басшысы топтың басқа мүшелерімен ынтымақтастықта қарым-қатынас орнатып, шығармашылықпен жұмыс жасайды. Олардың күннен - күнге қосымша мәліметтер әкеліп, әдебиеттерден мысалдар келтіріп өмірмен байланыстырады. Әдеби шығармаларды өз беттерімен оқуға бет бұрғанын байқаймыз. Көркем шығармадан алған білімдерін сабақта қолданып, жаңа ақпараттарды саралап қорытындылап беретін болады. Топтық жұмыстың тағы бір тиімділігі топ ішінде шығарманы жан-жақты талдауға көмектеседі. [2. 10 б.]

Шығарманы жан-жақты талдау үшін топтарға мынадай тапсырмалар беріп отыру керек:

- I топ шығарманың мазмұнын айтады;
- II топ шығарманың сәтті жағын айтады;
- III топқа шығарманың сәтсіз жағын айтады;
- VI топ шығарманы көркемдік ерекшелігін талдайды;
- V шығарма бойынша шығармашылықпен жұмыс жасайды;
- VI топ шығармаға байланысты сезімдерін тұжырымдайды.

Топта оқушылардың сөздік қорын дамыту барысында топ мүшелері сөздіктермен, интернет көздерін пайдаланады. Сабақта топтық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың сабаққа белсенділігі қызығушылығы артқанын байқаймыз.

Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы жаңа заманға сай білімді, әдебиетін сүйетін тұлға қалыптасатыра аламыз. Сабақты топтастырып өткізу барысында да оқытудың жаңа нәтижесіне қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үлгі оқушының өзін - өзі тануға және өзін - өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған. Сондықтан оқушының дамуына жағымды жағдай тудырып, оқу процесіне қатыспай қалуы мүмкін болмайтындай етіп сабақты құрастыратын біз – мұғалімдер. Ал, бүгінгі оқытушы қандай болу керек?

Менің ойымша, өз - өзін реттей білетін, жаңалыққа құштар ұстаз заман ағымына қарай өзгере алатын болу керек. Оқытушы тағдыры - өмір бойы іздену, оқу - тоқу. Үнемі ізденіс үстінде жүретін оқытушы жаңа оқушы моделін шығаруына өз үлесін қосады. Себебі білікті ұстаз өз сабағына оқушыларды тегіс қатыстыра алады. Егер сабағын балалардың қызығушылығы арттыратындай етіп құрастырса, оқушының оқуға деген ынтасы пайда болады, әр сабаққа бала өз қалауымен барады. Бұның бәрі тек біздің өзіміздің қолымызда және балаларды сабағымызда қолдап, мадақтап отыру қажет.

«Оқушы – толтыратын құмыра емес, тұтататын алау», - деп Д. Ховард айтқандай, шәкірттерімізге сапалы білім беру – біздің басты мақсатымыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Кенжеева Г.Қ. Оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманауи технологияларын оқыту үрдісіне енгізу негізінде педагогикалық ұжымының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру. № 4-8 – 10 б.
2. Оқытушыға арналған нұсқаулық, 2018 ж.
3. Уразова Г.Т., Туленова Ұ.Т. Ойын технологиясы – Оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру құралы. № 3, 2016 ж., 141 б.

## **5.9. Білім беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілетті дамыту**

### **Рымтай Тлеукабыловна Жаксыбекова**

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы, гуманитарлық бөлім меңгерушісі, Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі (Ақсу қ., Қазақстан)

#### **Аңдатпа**

*Білім беру жүйесінде логикалық ойлау қабілетін дамыту білімді, дағдыны және шеберлікті белсенді меңгеру үрдісін мақсаты бағытталған түрде басқару, студенттің танымының қажетті әдістері мен тәсілдерін қамтамасыз етеді.*

**Термин сөздер:** *интербелсенді, білім алушы, оқытушы.*

#### **Аннотация**

*В системе образования - развитие логического мышления цель управления процессом активного овладения знаниями, навыками и умениями, обеспечение необходимых методов и приемов познания студента.*

**Ключевые слова:** *интерактивная, обучающаяся, преподаватель.*

#### **Annotation**

*In the education system - the development of logical thinking to manage the process of active acquisition of knowledge, skills and abilities, providing the necessary methods and techniques of knowledge of the student.*

**Keywords:** *interactive, student, teacher.*

Вместе с коричневым цветом в кадре присутствует изобилие серого цвета и его оттенков. Серый - нейтральный цвет, не обладающий стимулирующими или успокаивающими свойствами. Он не несет эмоционального заряда и иногда кажется скучным цветом, лишенным жизни или индивидуальности. Но если верно, что серый цвет нейтрален, это не мешает ему обладать определенными прекрасными качествами. Чтобы понять духовное значение серого, нужно взглянуть на происхождение этого цвета: серый — это цвет пепла, он представляет собой то, что происходит после сгорания, то, что остается от огня, когда он догорает. Таким образом, серый ассоциируется с вечным возвращением, с круговоротом жизни.

Помимо коричневого и серого цвета, в фильме наблюдается главная природная символика – река. О символике реки можно сказать много, так как она сочетает в себе как положительный, так и негативный смысл. Этот мощный жизненный, энергетический и необратимый поток является для героев чем-то новым, неизведанным, не дававший им покоя. Река имеет большое значение, не только как символика, но и как важный драматургический элемент. В сцене, где мальчики находят реку, мы видим, как они беззаботно «плывут по течению». Именно в этом потоке, один из героев теряется, что приводит сюжет в действие. Река как символ не может использоваться сама по себе; хорошее повествование также должно присутствовать. Река как природное окружение и символ — лишь один из ингредиентов мощного повествования. Без надлежащего повествования — это может очень легко стать клише. Река может служить яркой иллюстрацией пути, который должен пройти герой. Так же она может подчеркивать спуск во что-то или из чего-то. Как выше сказано, река может символизировать

многое: жизнь, течение времени, энергию, плодородие, эмоции, свободу, путь и т.п.

Еще один цвет кинокартины – синий. Синий может восприниматься по-разному в зависимости от культуры, происхождения и его оттенка. В традиционной китайской опере синее напудренное лицо представляет собой злого персонажа, на Западе это в основном представлено красным цветом. По словам Кандинского: «Синий — это небесный цвет по своей сути. Окончательное чувство, которое он создает, — это ощущение покоя». В фэн-шуй синий — цвет души и мудрости. Он представляет спокойствие, что также способствует размышлению и медитации. Это символ свежести, чистоты, мудрости и правды. Он внушает внутреннее спокойствие, способствует воображению и мечтам. Во многих традициях синий цвет является синонимом трезвости, мудрости, безмятежности и мира. Несмотря на свое значение, синий — это холодный, почти пассивный цвет и поэтому чаще всего сопоставляется оранжевым цветом. Так и в фильме «Река», синий цвет является комплементарным оранжевому. К оттенкам оранжевого можно соотнести и светло-коричневые оттенки. Два комплементарных цвета — это два диаметрально противоположных оттенка на цветовом круге. Таким образом, теплый цвет будет иметь дополнительный холодный цвет, и наоборот. Эти взаимодополняющие дуэты имеют очень контрастные оптические характеристики. Если вы сопоставите их, контраст будет усилен, потому что их визуальная близость взаимно придает им более живой, насыщенный и ослепительный вид. Но и злоупотреблять им тоже не стоит, потому что слишком сильный контраст утомит глаз. Если их смешать, они теряют насыщенность. Художники часто используют этот трюк для придания оттенка цвету: просто нужно добавить небольшое количество его комплементарного цвета, чтобы нейтрализовать и ослабить интенсивность исходного цвета. Семейство синих оттенков уравнивается оранжевым и всеми его вариантами, такими как кирпично-оранжевый или коричневый, который является насыщенным оранжевым. Ответ не один, а множество возможностей, варьируя любой из оттенков сине-оранжевой пары.

В отличие от монохромной «Реки», в фильме «Ласковое безразличие мира» Адильхана Ержанова состоит из тетрады цветов. Тетрады - сочетание четырех цветов, расположенных на равном расстоянии вокруг колеса (квадрат или прямоугольник, наложенный на хроматический круг). «Ласковое безразличие мира» по своей истории отличается от «Реки». Это любовная история парня и девушки, которые сталкиваются с проблемами, и пытаются вместе их решить. Повествовать любовную историю, конечно, легче всего через яркие цвета. Так и произошло в фильме, больше всего на глаза попадает желтый и красный цвет.



Желтый — это популярный цвет, потому что он олицетворяет золото или солнце. Вот почему он прямо противоположен зеленому, потому что желтый, граничащий с зеленым, располагает гораздо меньше и, прежде всего, начинает приобретать свойства зеленого. Желтый - положительный цвет во многих культурах, он символизирует мощь, силу, тепло или свет. Это также синоним радости и празднования. Он стимулирует и излучает то, что его окружает. Желтый цвет также является цветом предательства, лжецов и гордыни. Желтый, в зависимости от его оттенка, будет иметь очень разную символику. Солнечный желтый будет считаться позитивным, сияющим, радостным. Тусклый и ослабленный цвет породит болезнь, ревность или даже предательство. Когда смотришь на желтый больше всего поражает несравненная ясность, которая от него исходит. В самом деле, из всех цветов именно желтый придает наибольшую долю яркости зрению и несет в себе такое сияние, что способен поразить глаз с огромной интенсивностью. Это правда, что желтый - теплый и стимулирующий цвет. Подобно солнцу, которое излучает на землю свои обнадеживающие живительные лучи, желтый цвет — это цвет жизни и движения. Однако за этим радостным аспектом желтый иногда может оказаться негативным. Желтый цвет, ассоциирующийся с предателями, прелюбодеянием и ложью, смешивает контрасты. В конце концов, желтый — это цвет трансцендентности, то есть тот, который приглашает нас признать существование высшего принципа. И наоборот, желтому иногда может не хватать жизни в земном смысле этого слова: это сухой, бесплодный, засушливый цвет. Выжженной земле (желтый) нужна вода, чтобы природа могла родиться и развиваться. Дом главной героини стоит посреди поля с сухой проросшей травой.

Желтый — это цвет, который легко извратить, это цвет, который живет со своим предметом. Главная героиня Салтанат, всегда прикрывается от солнца желтым зонтиком. Зонтик – это символ убежища, защиты и женственности. Героиня картины довольно чувствительная и тонкая девушка. Такой аксессуар подчеркивает ее стремление быть более аристократичной, изучать живопись, читать книги. С другой стороны, ее желтый зонтик – это желание защитить себя от окружающего мира, желание прикрываться от всех тех, кто не может ее понять.

Главная черта Салтанат – это ее красное платье. Красный указывает на многое: на любовь, гнев, чувственность, сексуальность, мужество, опасность, пыл, запрет. Красный является амбивалентным. Это единственный цвет, который в древности считался сильным. Его также очень приветствуют дворяне, короли, а Китай придает ему значение счастья или удачи. Несмотря на то, что первоначальная ассоциация от красного цвета - страсть, любовь и гнев, то привычней для главной героини выбирать ассоциацию в виде жизни, пламени и

силы. Красный, безусловно, самый завораживающий и неоднозначный цвет. Он играет на парадоксах, оживляет страстные чувства в полном противоречии: любовь - гнев, чувственность-сексуальность, мужество-опасность, пылкость/запрет. Этот цвет, несомненно, вызывает чувства. Он выделяется как теплый, энергичный, проникающий и в некотором роде обнадеживающий и обволакивающий цвет. Поэтому этот теплый цвет никого не оставляет равнодушным, и в этом его сила: он пробуждает эмоции, как положительные, так и отрицательные. Сияющий, красный цвет имеет активную, энергичную, мужскую природу: это жизненная сила (бьющееся сердце) и двигатель мира. Красный, конечно, вызывает ассоциации с кровью, которая является наиболее очевидным символом жизни. Наконец, красный также может вызывать гнев и бунт. В кинокартине есть сцена, где Салтанат и Куандык сидят за столом, героям приходится расстаться на неопределенное время. В этот момент Куандык делится с девушкой чувствами, тем самым убеждая ее остаться. Вся сцена залита красными оттенками. Мы понимаем, что этот момент для героев значит многое, что для них это возможно последняя встреча [5]

В переломный момент героини ее красное платье заменяется черным. Цвет ночи и тайны, черный — это фактически отсутствие цвета, а белый - сумма всех цветов. Отсутствие света и цвета пробуждает скрытое, неизвестное, невидимое. Для наблюдателя черный — это отсутствие направления и смысла: это отчаяние, скорбь и смерть. В крайнем случае это также ничто и небытие. Сначала он выражается через сравнение с белым и светом. Символика черного цвета особенно богата, она развивалась на протяжении всей истории. Если на протяжении веков черный олицетворял только траур, печаль и страх, то сегодня он излучает новый аспект элегантности и трезвости. Черное платье героини означает ее долгожданное воссоединение с любимым человеком.

В дополнение к желтым, красным и черным цветам, в картине довольно много сцен с коричневым и зеленым цветом. О символизме коричневого цвета мы говорили ранее, в «Ласковом безразличии мира» сцены, где Салтанат встречается со своим дядей обилие коричневых оттенков. Интерьер кабинета, где сидит дядя Хаим и его сотоварищ, представляется как классический кабинет человека, который занимается непонятной около-правительственной деятельностью. Пространство комнаты полностью заполнена неподвижной, массивной мебелью коричневого цвета, висят картины и расставлены тусклые лампы. В такой комнате очень душно и тесно, несмотря на ее размер. Помимо своей естественной символики, коричневый возвращает нас к грубой силе, потому что этот цвет связан с землей. Также напоминающий цвет дерева, коричневый - величественный цвет, представляющий стабильность, застой и, следовательно, в более широком смысле возврат к основам или даже ностальгию. В такой

атмосфере Салтанат чувствует себя неуютно, пытаюсь как можно больше не прикасаться к атрибутам этого кабинета.

Зеленый вызывает в памяти природу, питающую землю, жизненное пробуждение, молодость, силу и творчество. Это теплый цвет между холодом земли и жаром солнца. Это цвет жизни и надежды. Это также цвет внеземной жизни. Символ растительного царства, зеленый имеет женский и пассивный характер: чем он темнее, тем больше он связан с земными, хаотическими (джунгли) или даже адскими силами. Затем он вызывает зависимость от матери-природы, невозможность отрезать свои корни. Притягиваясь к синему, он также напоминает воду, которая всегда течет вниз: тогда он символизирует поглощение, поглощение, погребение. Чем оно яснее, тем больше оно соединяется с небесными силами: это дерево взмывает к небу. Но если он становится слишком ярким, зеленый теряет связь с Природой и жизнью. Таким образом, зеленый можно рассматривать как образ человека: иногда обращенный вниз (душа, заключенная в теле), иногда вверх (душа, соединенная с божественным духом). Герои кинофильма снимают маленькую комнату, где старые зеленые обои с золотистыми узорами покрылись грязью и пылью. В каком-то смысле эта комната олицетворение внутреннего состояния Салтанат. Здесь, в обычной комнате, местами висят картины с живописью в золотых рамках, стол с кружевной скатертью и пыльная лампа. От бывшего уюта и изящества остались только воспоминания [6].

На примере двух совершенно непохожих фильмов, можно увидеть не только художественную выразительность кадра, но и какое воздействие может произвести цвет на восприятие зрителя. С течением и развитием истории кино, цвет выполнял свою работу не только в эстетическом смысле, но и в повествовательном. Цветовое решение очень гибкий инструмент, который способен подстраиваться и дополнять картину. В руках разных кинематографистов одна и та же цветовая схема передаст отличающиеся видение. Эмир Байгазин своим серо-коричневым цветовым решением передал нам историю, не отвлекая зрителя от повествования, но в то же время, режиссер дополнил ее более чем тонко. В «Ласковом безразличии мира» режиссер так же обратился к символике цветов. Однако в сравнении с «Рекой» картина Адильхана Ержанова содержит в себе достаточное количество деталей разных цветов. Впрочем, это не делает фильм менее символичным. Коричневый цвет, встречающийся в двух картинах, подчеркнули разные детали и разный контекст. В «Ласковом безразличии мира» коричневый цвет показал нам властность и устаревшие понятия коррумпированных чиновников. В «Реке» коричневый цвет был амбивалентным, отмечающий двойственность восприятия от происходящей истории [7].

Цвет в кино - элемент эстетический, символический и повествовательный. Для этой цели он продумывается, трансфор-

мируется и даже манипулируется с помощью наших инструментов, связанных с производством кинематографических изображений, от съемок до пост-продакшна. «Краски сами по себе что-то выражают» писал В. Ван Гог, цвет имеет большое количество вариаций символики, они способны вызывать эмоции и формировать ожидания [8].

Цвет как инструмент стал неотъемлемой частью создания кинокартин не только для режиссеров-постановщиков и операторов-постановщиков, но и для художников картин, художников по гриму и костюму. Цветовое решение кадра не зависит только от одного элемента. Это целая композиция цветов, где каждая деталь дополняет картину.

#### **Список использованной литературы:**

1. «Действия красок» / В.В. Кандинский - Ленинград: Из архива русского авангарда, 1989. – 61 с.
2. Юнг К. Архетип и символ. – М.: Наука, 1991. – 167 б.
3. «Психология цвета. Теория и практика» / Б.А. Базыма - М.: Издательство Речь, 2005. – 110 с.
4. «Композиция кадра в кино и на телевидении» / П. Уорж - М.: Издательство ГИТР, 2005. – 195 с.
5. «Учение о цвете» / И.В. Гёте - М.: Кругъ, 2012. – 464 с.
6. «Искусство и визуальное восприятие» / Р. Арнхейм - М.: Издательство Архитектура-С, 2012. – 392 с.
7. «Профессия - оператор» / М.М. Волинец - М.: Издательство Аспект-пресс, 2008. – 94 с.
8. «Color in films: a critical overview» / Maria Helena Braga e Vaz da Costa, 2011. – 14 с.

### **5.13. Дина Нұрпейісова шығармашылығына тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі**

#### **Сәтім Сухашұлы Әжікен**

Аға оқытушы, «Музыка және өнер» кафедрасының  
доценті. «Халел Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» КеАҚ (Атырау қ., Қазақстан)



Дина Нұрпейісова 1861 ж. Батыс Қазақстан обл. Жаңақала ауд. туған. Қазақ халқының күйші-композиторы, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері.

Әкесі белгілі домбырашы адам болған. Қызы Динаға 8 жасынан бастап ақ сол өнердің қыр-сырын үйрете бастаған.

Оның ұлы күйші Құрманғазымен алғаш кездесуі де осы кез. 8-9 жасар Дина ұстазының күйлерін үйреніп қана қоймай, оның күйшілік-орындаушылық өнердегі ерекшеліктерін, дәстүрін жалғастырды.

Құрманғазының мектебінен өту Динаның домбырашылық өнерін шыңдай түсіп, ол өз жанынан да күй шығара бастайды.

Динаның тырнақалды «Бұлбұл», «Байжұма», «Көгентүп» атты күйлерінде халықтың күйшілік дәстүрі айқын сезіледі.

1916 ж. қазақ даласындағы ұлт-азаттық күресі Дина Нұрпейісованың шығармашылығына елеулі әсер етті. Осы оқиғаға шығарған «1916 жыл» күйінде Құрманғазының Исатай мен Махамбетке арнаған «Кішкентай» күйінің әсері байқалады.

Дина Нұрпейісованың композиторлық творчествосының кемелденіп, күйшілік-орындаушылық өнерінің шабыттанған шағы-кеңестік дәуір. 1937 ж. ол халық өнерпаздарының Республикалық байқауына қатысып, жүлделі орын алса, екі жылдан соң Москвада өткен халық музыка аспаптарында орындаушылардың Бүкілодақтық байқауында бірінші орынды иемденіп «Домбыраның Жамбылы» атанды.

Дина күйлері өзінің ұлттық музыкалық бояуымен, терең психологиялық мазмұнымен ерекшеленеді. Бұлардың қатарына атақты «Әсем қоңыр», «Тойбастар», «Ана аманаты», «Сегізінші март» т.б. жатады.

Дина Нұрпейісова өз шығармаларын орындаушы және насихаттаушы болды.

Динаның көп күйлері өз орындауында күйтабақтарға жазылды және кезінде қазақ радиосының эфиріне жиі шығып тұрды. Дина күйлерінен оның композиторлық талантының тереңдігі, алғыр сезімді, ұшқыр қиялды суреткер екендігі айқын аңғарылады.

Қазірде Дина күйлері радио және теледидар арқылы жиі орындалады, олардан музыка мектептерінің оқушыларынан бастап, музыка колледждері мен консерватория студенттері тәрбие-тағылым алуда.



Дина Нұрпейісованың шығармашылық идеяларынан туындайтын адамгершілік, патриоттық, еңбексүйгіштік, отаншылдық, достық, замандастар бейнесін суреттейтін тәрбиелік ерекшеліктерін, ғұлама идеяларының қазақтың халықтық педагогикасымен сабақтастығын анықтау, зерттеу проблемасы болып есептеледі. Осындай мәселелердің шешімін табу қазақ халқының педагогикалық, ой пікірлерінің қалыптасу тарихын зерттеуге, тереңдетуге мүмкіндік жасайды.

Дина Нұрпейісова шығармашылығына тәрбие жұмысын ұйымдастыру:

- Күйші-композитор Дина Нұрпейісованың өмір жолы мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық ұстанымдары мен ой-пікірлері арқылы оқушыларды отансүйгіштік рухта тәлім-тәрбие берудің көзі ретінде пайдалану;

- Дина Нұрпейісованың өмірлік, қоғамдық-қайраткерлік және шығармашылық жолын ашып көрсету;

- Дина Нұрпейісованың еңбектеріндегі тәлім-тәрбие идеяларын көрсету, талдау, оларды бүгінгі күн талап тұрғысынан негіздеу;

- Күйші-композитор Дина Нұрпейісованың шығармалары негізінде оқу-тәрбие үрдісіне арнап бағдарламасын ұсыну.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістері – тәрбие процесінің өте күрделі компоненті. Себебі, тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістері қазіргі қоғамның түбегейлі өзгеру жағдайындағы сан – салалы өмір талаптарына байланысты болуы тиіс. Сонымен қатар тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістері жан – жақты тәрбиенің мақсатына, принциптеріне, тәрбие жұмысының мазмұнына сай анықталады. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістері тәрбиеші мен тәрбиеленушінің бірлесе отырып жүргізілетін іс - әрекетінің құралы болып табылады.

А.С. Макаренко тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістерін психологиялық тұрғыдан қарастыра келіп, бұл әдіс баланың жеке басына жанасудың, ықпал етудің құралы болатынын өте дәл сипаттайды. Қазіргі психологтар адамның жеке қасиеттерін зерттеу нәтижесінде адам бойындағы кез келген қасиеттің құрамы негізінен төрт бөліктерден: адамның сезімінен, санасынан, сенімінен, мінез-құлық, әдет – дағдыларынан құралатынын көрсетеді.

Көрсетілген пікірлерден тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістерінің әр салалы мәнін анықтауға болады:

- тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдісінің ең басты міндеті тәрбие процесін гуманитарландыру тұрғыдан қаруландыру;

- тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдісі ең алдымен тәрбиенің мақсатын мазмұнын жүзеге асыратын құрал;

- тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдісі тәрбиенің мақсаты арқылы анықталады, тәрбиенің мақсаты қандай болса, оның міндеті және тәрбиенің мақсатын жүзеге асырудың әдістері соған сай болады;

- тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдісінің тиімді болуы мұғалімнің сырттай тәрбиелік ықпал жасауымен қатар баланың тәрбиелік қатынасқа іштей өзіндік ниетін, ықыласын, ынтасын, сезімін туғызумен де байланысты. Дина Нұрпейісова шығармашылығына тәрбие жұмысын ұйымдастыру - арнайы тәрбиелік міндеттерді шешуге арналған, мақсат көзделіп ұйымдастырылған әдістемелік жолдар болып есептеледі.

Дина Нұрпейісова күйлерімен тәрбие тәсілдерін педагогикалық ситуацияға байланысты жеке әдіс, тәрбие тәсілі ретінде қолданамыз. Дина Нұрпейісова күйлерін сабақ үстінде тәрбие тәсілі арқылы үйрену – тәрбие әдісінің жеке бір бөлігі. Ал нақтылы жағдайда тәрбие тәсілі шығарманы орындау әдісінің әрекетін, қажеттілігін, тәрбиелік мәнін айқындайды. Педагогикалық процесс барысында тәрбие тәсілі тәрбие әдісіне тәуелді болады.

Музыка мектебінің бірінші сынып оқушысына мұғалім аспапта орындаушылықты үйретумен қатар мінез – құлық ережесін, жолдастарымен қарым – қатынас жасау ережесін, үйде, мектепте, қоғамдық орындарда өзін тәрбиелі ұстау ережесін үйретеді. Сонымен қатар тәрбие құралдарына әр салалы іс - әрекет түрлері (ойын, оқу, еңбек, өнер, спорт, т.б.) сонымен қатар педагогикалық жұмысқа қажетті материалдық және рухани шығармалар, заттар жиынтығы (көрнекті құралдар, саяси, көркем және көпшілікке арналған ғылыми әдебиеттер, бейнелеу өнері, музыкалық шығармалар, көпшілік ақпарат құралдары т.б.) жатады.

Ұстаз оқушылардың санасына, сезіміне, ерік – жігеріне жан – жақты ықпал жасауды қамтиды. Бұл әдістер оқушыларға сенімді қалыптастыруды және іс - әрекеттің бірлік принципін жүзеге асыруды көздейді. Музыка мектебінің оқушысы жеке адам болып қалыптасу процесінде тек қана сыртқы әсер арқылы ғана емес, ішкі жан дүниесінің, жеке сананың әрекетінің ықпалы арқылы да дамып жетіледі. Жеке адамның қоғамдық санасын қалыптастыру әдістеріне: түсіндіру, әңгімелер, үлгі - өнеге жатады.

Көптеген ғалымдар бұл топтағы әдістерді қалыптасқан дәстүр бойынша сендіру әдістері деп те атайды. Сендіру дегеніміз – оқушылардың ақыл – ойы мен сезімін жандандыру, адамгершілік жайлы түсініктер мен ұғымдарын қалыптастыру және жағымсыз қылықтарын жою мақсатында олардың санасына, сезімі мен ерік қайратына жан – жақты әсер етуді айтамыз. Сенім – тек моральдық түсінік, ұғым ғана емес, ол адамның мінез – құлық, іс - әрекетінің тұрақты жетекшісі. Түсіндіру. Оқушыға адамгершілік, эстетикалық, саяси, еңбек тәрбиесі ұғымдары туралы түсінік беріледі. Оқыту процесінде әр пәннің оқу материалына байланысты айтылумен қатар арнайы тәрбиешілік мақсат көзделіп, оқушыларға патриотизм, гуманизм, парыз, міндет, ар – намыс, парасаттылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, жауапкершілік, тәртіптілік, ынта – ықылас, ерік – жігер т.б. туралы түсіндіріледі.

Түсіндіру формалары: композитор туралы әңгіме, аспапта орындап көрсету.

Динатануда айтарлықтай еңбек еткендердің бірі – халқымызға белгілі домбырашы Қаршымбай Ахмедияров. Динаның орындаушылық өнерін меңгеріп, әрі күйлерін хаттап, Динаның ізбасарларын дайындаған ұлағатты ұстаз, «Әсемқоңыр» деген атпен күйлер жинағын екі рет баспадан шығарып, бірнеше күйлерін күй табаққа жаздырған көрнекті музыка қайраткері.

Дина Нұрпейісованың күйлері өзінің мазмұндылығымен, маңыздылығымен, сұлу сазымен қазақ аспаптық музыкасының алтын қазынасына айналып, мәдени мұрасы насихаттала береді. Күй атасы Құрманғазы дәстүрін берік ұстаған және сақтаған, Совет дәуіріне жеткізіп, бүгінгі ұрпаққа табыс еткен «домбыраның Жамбылы». Дина 1934 жылы Москвада болған халық аспаптарында орындаушылардың Бүкілодақтық конкурсына қатысып, бірінші жүлдеге ие болған әйгілі орындаушы. Ол 1944 жылы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына қарамастан Ташкентте өткен Орта Азия және Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып, өзінің озық өнерімен шынайы орындаушылығымен тыңдаушыларын таңдандырды. Динаның творчествосына берілген зор әрі әділ баға белгілі Совет музыка зерттеушілері А. Тюллин, И. Александрова, С. Беляев, А. Жұбанов ой-пікірлері болып саналады.

Дина – тек алып күйші-домбырашы емес, ол әрі көп құрметіне бөленген халық композиторы. Оның әсіресе Ұлы Отан соғысы кезінде шығарған күйлері тамаша, солист-домбырашылардың, Құрманғазы атындағы мемлекеттік оркестр репертуары төрінен орын алған күйлер. Динаның «Той бастары», «Жеңісі», «Әсем қоңыры», «Сегізінші марты», «Сауыншысы» міне осындай мәңгі жасайтын музыкалық мұра болып танылмақшы. Коммунистік партия мен Совет үкіметі Дина еңбегін көп салалы творчествосын жоғары бағалайды. Ол екі рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталған, «Қазақ ССР-ның халық артисі» деген құрметті атаққа ие болған талант иесі. Хабибулла Тастанов, Қазақ ССР-на еңбек сіңірген өнер қайраткері, музыка зерттеушісі.

Эстетикалық тәрбие өнер құралдарының бірі музыкада дыбыс арқылы оқушылардың дүниетанымын арттырып, әсемдікті сезіну қабілетін дамытады. Адамгершілік құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шын музыкалық сезім мен өзара қарым-қатынас кезінде оқушылардың бойына дариды. Көзге көрінбейтін, өте нәзік музыкалық сезімді саналық арқылы түсінейін деген аса құнды қасиеттерді жүректен жүрекке музыка арқылы үзбей жеткізу тек дарынды өнер адамдарының қолындағы тәрбиелеу әдісінің бірі. Қазақ музыка шығармашылығының ішінде ең ірі жанрдың бірі – күй.

Қазақ күйлерінің адам санасын тәрбиелеудегі ролі өте зор. Себебі, қазақ күйлерінің қай-қайсысын алсаңыз да оның астарында адамгершілік, отансүйгіштік, ізеттілік, ұлағаттылық, сезім байлығы,

көркемдік, әдемілік жатыр. Күй арқылы халықтың сана-сезімі, ой-өрісі, өмір тәжірибесі кеңейіп отырған. Олардың барлығы да шебер орындаушылығымен қатар кейінгі ұрпаққа тәлімдік мағнасы бар асыл дүниелер қалдырған адамдар.

Күйдің пірі, қоңыр әуеніне ұлтымыздың тұтас болмысын сыйдырған күй атасы деп Құрманғазыны, ал күй анасы деп «XX ғасыр адамы» атанған – Дина Нұрпейісованы атаймыз. Дина өзінің асқан орындаушылық шеберлігімен күй өнерін көш ілгері дамытып, өз жанынан бірнеше күйлер шығарған. Күйлерінің тақырыбы мен мазмұны әр түрлі және кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлықтай тәрбиелік мәні бар. Өйткені, Динаның өзі әділетті, азатшыл, үлкенге құрметті, отанын сүйетін, өнерді сүю, болашаққа құрметпен қарау сияқты жақсы қасиеттерді бойына жинаған адам. Оның бәрі Динаның күйлерінде көрініс тапты.

Динаның шыншылдығы сол: ол «Көгентүп» күйінде кедей, жетім балалардың ауыр тағдырын, мұң-мұқтажын, жүрегі езіле суреттесе, «Бұлбұл» күйінде Балғын атты әнші қыздың бақытсыз өмірі мен қасіретті тағдырын бұлбұл құсқа теңей отырып, тебірене баяндайды.

Ұлттық рух пен отансүйгіштік – бұл ұлт ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және мүмкіншіліктерімен де байланысты. Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек. Отансүйгіштік – Дина күйлері шығармашылығынан да кең орын алған. Оның отансүйгіштік рух беретін «Ана бұйрығы» күйі соғысқа аттанғандарға күш қуат, жігер беретін шығарма. Бұл күйден жауынгерлердің қаскүнем жауға деген өшпенділігі, жеңіске құштарлығы, өмірсүйгіштігі, отандық асқақ сезімі сазды үнмен жігерлі асқақтай естіледі.

Дина асқан шебер орындаушылығымен адам жүрегінің кілтін тауып, рухани көтерілуіне, эстетикалық талғамының өсуіне, туған жер, өмірді сүюге, Отанды сүюге шақырады. Оның шығармалары сұлу сазды, мазмұнды, тақырыпты мазмұндылығымен дараланып, кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге боларлықтай мұра болып қалды.

Күйші-композитор Дина Нұрпейісованың шығармалары республикамыздың түкпір-түкпіріне кеңінен тарауда. Оларды орта мектептердің оқушылары да, көркемөнер әуесқойлары да, кәсіби шығармашылық ұжымдар да орындайды. Дина күйлері музыкалық оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізіліп, жас шәкірттер үйренуде.

Дина Нұрпейісова шығармалары арқылы жастарға берер тәрбиесі – білімнің қайнар бұлағына, сарқылмас қазынасына, дәстүр табиғатына өз үлесін қосып келе жатқан үрдіс. Ендеше киесі сақталған, Дина орындаған домбыраның негізінде білім беру көзделсе, бүгінгі ұрпақ келеңсіз, қатыгез жайлар мен шешімін таба алмай жатқан жамандық атаулыдан арылып, өзінің төл мәдениетіне қарай бұрылып, тарихы мен тілін сүйіп, өзгені сыйлауға бой ұрған болар еді. Өз елінің тілін, рухани

мәдениетін білген адам біртіндеп әлемдік мәдениетті де үйренеді. Ендеше бұл қасиет бесік тербеткен ананың әлдиімен, ата-әженің аңыз-әңгіме, ертегісімен, әкенің шертіп тартқан күйімен бала бойына дарып, жас ұрпақ ұлттық тәлім-тәрбиеден сусындап өседі деп сенеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұбанов А. Дина – Кітапта: Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы, Алматы, 1942.
2. Әмірханов С. Дина Нұрпейісова айтқан әңгіме – Кітапта: Құрманғазы / жинақ. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
3. Жұбанов А. Дина Нұрпейісова – Кітапта: Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Алматы, 1975.
4. Ерзакович Б.Г. Күй мұрасының мәселелері – Кітапта: Ерзакович Б.Г., Қоспақов З. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. Алматы, 1986.
5. Бақбергенов С. Дина: повесть. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957.

#### **5.14. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қарағайлы үрмелі аспаптар квинтетінің камералық ансамбльдік музыкалық ойнауы: орындаушылық және педагогикалық мектебі**

##### **Талғат Алпысұлы Сапабеков**

Өнертану ғылымдарының магистрі, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы  
(Алматы, Қазақстан)

Қарағайлы үрмелі аспаптық квинтетін 1997 жылы халықаралық конкурстардың лауреаты, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының профессоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, В.А. Моцарт атындағы Еуропалық музыка академиясының түлегі кларнетші Жанат Ермановтың басшылығымен құрылды. «Тамаша бестік» деп аталатын алғашқы үрмелі аспаптар квинтетін құрған Жанат Ерманов еліміздің мәдени өмірінде лайықты орынға ие. Бала кезден-ақ жоғары халықаралық деңгейге жеткен музыкант 10 жасында кларнетке қызығушылық танытады. Оның облыстық және республикалық байқауларда жеңіске жетуі музыкалық өміріндегі алғашқы қадамдары болып бағаланады. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваторияның профессоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жанат Ерманов Қазақстан Республикасының рухани өмірінің ілгерілеуіне баға жетпес үлес қосып келеді. Мұны музыкантқа берілген мынадай марапаттардан көруге болады:



<b>Атақтар, марапаттар, сыйлықтардың атауы</b>	<b>Ұйым</b>	<b>Ел</b>
Толық стипендия, Францияның Қазақстан Республикасындағы елшіліктері.	Посольство Франции в РК / ҚР-дағы Француз елшілігі	Қазақстан
Қазақстан Республикасының Карулы Куштеріне 10 жыл.	ҚР қорғаныс министрі	Қазақстан
«Мәдениет қайраткері».	ҚР ақпарат және мәдениет министрлігі	Қазақстан
«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» Қазақстан Республикасының құрметті атағы.	ҚР Президентінің 04.12.2009 жылғы Жарлығы	Қазақстан
«ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығы» Мерейтойлық медаль.	ҚР Президентінің 11.11.2011 жылғы Жарлығы	Қазақстан
«Білім беру саласының үздігі» (қоғамдық марапат).	«Астана Медиа Пресс» ЖШС	Қазақстан

Жанат Ерманов Қазақстан Республикасындағы Франция елшілігімен тығыз қарым-қатынаста болады және Қазақстандағы Франция елшілігінің шақырған музыканттарымен бірге жиі өнер көрсетеді.

Жоғары орындаушылығы мен педагогикалық тәжірибесіне қарамастан Жанат Ерманов әрдайым тамаша орындаушылыққа жету жолында үнемі ізденісте жүреді және академиялық музыканың жоғары үлгілерін Қазақстан халқының көпшілік қауымына ұсынуды өзіне міндет деп санайды. «Мен мынадай беталысты байқадым дейді ол: адамдар заманауи өнерге ұмтылады, содан өзіне қажетін іздейді. Көркем фильм, әдебиет, театр, сурет, музыка болсын, жалпы өнер – бұл шындықтың көрінісі. Біздің жағдайда – бұл замандастардың жасаған музыкасы».

Сонымен бірге, музыкант өзі атап өткендей: «Мен көпшіліктің жетегіне ермеймін, өйткені камералық музыка жанрын элиталық деп санаймын, ол барлық музыкадан бөлек тұрады. Камералық музыка өзінің таңдамалылығымен, әсерлілігімен ерекшеленеді. Камералық құрамдағы әртіс шығарманы оркестр әртісіне қарағанда тереңірек ойнауға мүмкіндігі бар. Әрбір адам – жеке орындаушы, ол ең алдымен жанның қалауымен ойнайды». «Концерттегі көрермендер әртүрлі болады, кейде балалар циклдің бөлімдері арасында қол соғып қошеметтеп жатады, кейде ұялы телефонның дауыстары естіліп жатады... алайда адам ең болмағанда бір аккордқа қызығушылық танытса концерттер бір деммен өте шығады. Мұндай концерттерде барлық көрермендердің бойында шынайы өнер басым екендігі сезіледі».

Қолымыздағы дереккөздерден көріп тұрғанымыздай, Жанат Ермановтың жеке музыкалық мансабы өте жақсы дамыған: композитор, шығармашылық топтың көркемдік жетекшісі, оқытушы. Жанат Рахметуллаұлының дипломдарында ондаған профессорлар – қазақ және француз мектептерінің өкілдері көрсетілген.

Ұжымның сәтті шыққан концерті мен тәрбиелік қызметі жоғары бағаланып, квинтет 2004 жылы Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясының құрамына кірді. Квинтеттің әртістері – республикалық, аймақтық және халықаралық байқаулардың лауреаттары – көрнекті тұлғалар қауымдастығы мен керемет ансамбльдің жарқын мысалы.

Мемлекеттік қарағайлы үрмелі аспаптар квинтеті Азия құрлығындағы Марсель қаласында (Франция) өткен Анри Томази атындағы халықаралық байқауға қатысқан Еуропалық Одақтың он бестен аса елдерінің ансамбльдерінің ішінде құрметті дипломға ие болған алғашқы топ болды. 2016 жылы квинтет 19-дан астам елден (Франция, Германия, Италия, Сербия, Чехия, Литва және т.б.) 165 үміткерлер арасында конкурстық эстафетадан өтіп, «Velbrand Award» Халықаралық музыкалық сыйлығының лауреаты атанды. Команда Франция, Австрия, Италия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Тайланд, Украина, Ресей, Қырғызстан қалаларындағы гастрольдерде үлкен табыстарға жетті. Квинтеттің концерттік репертуары өте қызықты және сан алуан. Музыканттар өзінің тыңдаушыларына барокко музыкасынан бастап 33 қазіргі заманғы шығармаларға дейінгі әр түрлі дәуір мен стильдегі композиторлардың шығармаларын тыңдауға мүмкіндік береді.

Ансамбльдің музыканттары Мишель Летъек, Франсуа Леле, Давид Вальтер, Фредерик Барон, Жан Гиен Кейрас, Арманд Ангстер, Яна Томсон, Колин Карр, Андре Казалет, Григорий Жислин, Василий Лобанов, Киоко Хашимото, Анна Касьян, Коррадо Джюффриди, Фиоренцо Паскалуччио сияқты көрнекті шеберлермен бірге музыка ойнап, орындаушылық шеберліктерін шыңдап отырады.

Өз еліндегі қызықты және мазмұнды концерттерінде қарағайлы үрмелі аспаптар квинтетін «Тамаша бестік» деп атап кеткен. Тыңдаушылар Жанат Ермановтың жетекшілігімен құрылған квинтет орындайтын қазақ халық музыкасын ерекше ықыласпен қабылдайды. Концерттерде қазақ композиторлары: Әділ Бестыбаев, Балнұр Қыдырбек, Артық Тоқсанбаев, Қуат Шілдебаев, Бахтияр Аманжолов, Ерболат Андосов және тағы да басқалардың шығармаларын тыңдауға болады.

Квинтет музыканттары классикалық музыканың ең жақсы үлгілерін тыңдаушыларына, әсіресе жас ұрпақтарға жеткізуді және оларға сұлулық пен керемет көтеріңкі көңіл-күй сыйлауды басты мақсат етіп алады.

Квинтетті құру барысында барлығы бірден ойдағыдай бола қойған жоқ, музыканттар ойнауы керек болды. Бірақ, Жанат Ерманов үдесінен шықты. Ол өзінің жанына біздің өмірімізді өзінің философиялық мазмұнында мәнді қылуға тырысатын жас орындаушыларды жинады.

Квинтет құрамының ауысып отырғандығын музыкалық ортада кадрлардың жетіспеушілігімен түсіндіреді. Квинтеттің жетекшісі: «Бұл

музыкалық мектептердің жабылып, адамдардың толығымен жоғары деңгейдегі өнерге бейім болмағанының салдары» дейді.

Жанат Ермановтың өзі былай дейді: «Квинтет – бұл халықаралық деңгейдегі ансамбль. Ал оның құрамы – құбылмалы, басқалай болуы мүмкін де емес, музыканттардың әрбірі жарқын шығармашыл тұлға, барлығы да жеке орындауға қабілетті. Шынын айтқанда, біздің қыздарға қатты алаңдаймын: флейта мен гобойда басты ауыртпалық бар, ал орындаушылар – жоғары деңгейлі кәсіпқойлар, бірақ сонымен бірге декреттік демалысқа кететін тұрмыстағы әйелдер».

Қазіргі таңда квинтет әртістерінің шеберлігі – республикалық, аймақтық және халықаралық байқаулардың лауреаттары – жеке тұлғалар қауымдастығы мен керемет ансамбльдің жарқын мысалы. Жанат Ермановтың қарағайлы үрмелі аспаптар квинтеті – құрамында Қазақстанның үрмелі аспаптарда ойнайтын мықты музыканттары бар халықаралық деңгейдегі музыкалық топ.

Жанат Ерманов айтқандай «квинтеттің барлық қатысушылары тек талантты орындаушы ғана емес, сонымен қатар сенімді тұлға». Керемет мазмұнды концерттері үшін елімізде ол топты «Тамаша бестік» деп атайды.

Ансамбльге қатысушылар Мишель Летъек, Франсуа Леле, Давид Вальтер, Фредерик Барон, Жан Гиен Кейрас, Арманд Ангстер, Яна Томсон, Колин Карр, Андре Казалет, Григорий Жислин, Василий Лобанов, Киоко Хашимото, Анна Касьян, Коррадо Джюфредди, Фиоренцо Паскалуччио сияқты көрнекті шеберлермен тығыз байланыс орнатып, олармен бірге музыка ойнап, орындаушылық шеберліктерін шыңдап отырады.

Квинтет Ресей, Украина, Беларусь, Австрия, Франция, Англия, Тайланд, Оңтүстік Корея, Италия, Ташкент, Санкт-Петербург елдерінде халықаралық географиялық гастрольдік сапарларда болды. Шетелдік концерттерге камералық музыканы жақсы білетіндер мен шынайы қадірлейтіндер жиналады. Вена, Франция, Сеул, Мәскеу және т.б. елдердегі гастрольдерде квинтет ұжымы көрермендерге қызықты концерттік бағдарламалар ұсына отырып, тыңдармандардың ерекше ықыласына бөленді, ал шетелдік мерзімді басылымдарда сарапшылар топ туралы өздерінің салмақты пікірлерін білдіріп жатады. Соның айқын мысалы ретінде әйгілі өнер сүйер Британдық Haileybury Almaty мектебінің директоры Эндрю Остер ұйымдастырған Лондон турын айтуға болады. Концерт сәтті өтті және ағылшын тыңдаушыларын таң тамаша етті. Лондонда квинтет әлем классиктерімен қатар тұңғыш рет қазақ композиторы Е. Андосовтың «Мерекелік күй» шығармасын орындады.

Осылайша Мемлекеттік қарағайлы үрмелі аспаптар квинтеті еліміздің мәдени өмірінде лайықты орын алады деп айтуға болады және ұжымның жетістікке жетудегі басты қызметі оның жетекшісі Жанат Ермановқа тиесілі. Жанат Ермановтың басты ерекшеліктері – кәсібилік

және көшбасшылық қабілеттерінің болуы әртүрлі нақты жағдайларға жол ашты, ал қарағайлы үрмелі аспаптар квинтетін құруы өзгеше қасиеті болып ерекшеленді.

Музыкалық өнер саласындағы оқытудың әдіснамалық тәсілдері квинтет жетекшісінің де, оған қатысушылардың да тұлғасын дамыту мен өзін-өзі 35 қалыптастыруын қамтамасыз ететін динамикалық технологияларды жетілдіруге бағытталған. Жетекшілер ансамбльдік ойнауды оқыту барысында түрлі бағыттарды алады: кейбірі оқушылардың техникасын жетілдіруге бағыттаумен қатар жалпы музыкалық дайындыққа назар аударады, ал басқалары керісінше, музыкалық орындауды басты назарға қояды. Алайда, жалпы алғанда, үрмелі орындаудың отандық мектебі оқушының жоғары техникалық шеберлігі мен музыкалық шеберлігін біріктіретін көркем бейнесін ашудың жан-жақты дамуына бағытталған. Сонымен бірге, нотаны парақтан бір дегеннен оқып кете беретін тұрақты дағды мен ансамбльдің орындау тәжірибесін қалыптастыру маңызды болады. Камералық ансамбль жетекшісінің шеберлігі осы саладағы тәжірибені мұқият зерделеу мен сыни бағалау нәтижесінде қалыптасады. Алайда, өзге бір педагогикалық мысалдарды сыни көзқарассыз көшіру де жақсы нәтиже береді. Әдістеме үнемі мұғалім мен оның серіктестерінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып бейімделіп, өзгеріп отыруы керек. Егер көшбасшы оқыту әдістемесі мен технологиясын меңгерген болса, ал бүгінгі күні бұл дәйекті Жанат Ерманов өзінің ансамбль мүшелерін еркін баурап, жарқын мысалдар көрсете алатындығын мысалға ала отырып, сенімділікпен белгілей кетуге болады. Оларға нақты бір жағдайға қатысты педагогикалық әдісті шығармашылық талғампаздықпен таңдап бере білсе, онда ансамбль жұмысындағы жетістіктер айқындала түседі. Орындаушылық шеберліктің жеке элементтерінің оқшауланып дамуы туралы айтуға болмайды. Егер орындаушылық шеберлік ойлау мен көңіл-күйлерді жедел жеткізумен байланысты болмаса, онда виртуозды техника формальды және іс жүзінде әжетке жарамайды. Оқушының бойында әу бастан-ақ, музыкалық образдың бейнесіне ену мен композитордың ойын түсінуді, музыкалық материалдарды ажырата білуді, және орындау барысында әр түрлі тәсілдерді пайдаланып, қозғалыс пен динамиканың дұрыс өлшемін жасауды дамыту керек.

Орындалатын туындыға деген эмоционалды белсенді қарым-қатынасты тәрбиелеуде ансамбльшілер музыкалық материалды, жекелеген студенттердің дарындылық дәрежесін, ауызша баяндау, түсіндіру, салыстыру, музыкалық материалдарды аспапта көрсету және т.б. қамтитын арнайы оқу құралдарын негізге алады.

Музыкалық туындының өзінен басталған музыкалық ойлауды қалыптастырусыз орындаушының музыкалық мәдениетін дамыту мүмкін емес. Адам басқа адамдарға және адамзатқа тиесілі рухани тәжірибені, өнер мен өнер арқылы қарым-қатынасқа түсудің белсенді формасын қабылдай отырып ашылады.

Кез келген музыканың орындалуы механикалық тұрғыдан ықылассыз болуы да жан толғандыратын болуы да мүмкін. Музыкалық шығарманы түсіну дегеніміз – интонацияны жаттаудың мән-мағынасын терең оймен іздеу. Музыкалық шығарманың мағынасын түсінген камералық ансамбль мүшелері өздерінің естеліктерінің, бірлестіктерінің және т.б. қорына назар аударады.

Сонымен, орындаушының музыкалық ойлауының нәтижелілігі көркемдік мағынаны, акустикалық материалдық формадағы мазмұнды танудан 36 көрінеді. Студенттердің көркемдік-музыкалық ойлауы жүйелі түрде оқу үрдісіне күрделі музыкалық материалдарды енгізумен қатар дамиды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Камерный ансамбль. Педагогика и исполнительство. Сборник статей. М.
2. Карцева Н. Проблема камерно-ансамблевого исполнительства (на примере творчества О. Эйгеса) Современные проблемы музыкального исполнительства. Саратов.
3. Каширина Е. Черты камерно-инструментального творчества Аренского. Русская музыка. Саратов.
4. Котлова, Г.К. Камерно-инструментальная музыка Казахстана. Опубликовано: Алма-Ата, 1985.
5. Джумакова У.Р. Творчество композиторов Казахстана 1920-1980-х годов. Проблемы истории, смысла и ценности. – Астана: Фолиант, 2003. – 232 с.
6. Сапиева М.С., Задорожная С.Н., Акбужурова С.Ж. Академическая инструментальная музыка композиторов Казахстана на рубеже XX-XXI вв. (1980-2014 гг.): монография / М.С. Сапиева, С.Н. Задорожная, С.Ж. Акбужурова. – Костанай: типография КГПИ, 2017. – 102 с.

### **5.15. О свойствах педали и о роли ее как художественного фактора**

**Гульнара Базарбаевна Джаксиева**  
старший преподаватель. НАО Атырауский  
университет им. Х. Досмухамедова  
(г. Атырау Казахстан)

**Елена Павловна Першина**  
старший преподаватель. НАО Атырауский  
университет им. Х. Досмухамедова  
(г. Атырау Казахстан)



**Элла Мамбетовна Куртиева**  
старший преподаватель. НАО Атырауский  
университет им. Х. Досмухамедова  
(г. Атырау Казахстан)

*Педадь - душа рояля.*  
А. Рубинштейн

Рояль как инструмент и богатейшая фортепианная литература пользуются огромной и заслуженной популярностью у любителей музыки как на концертной эстраде, так и в домашнем быту. Объем звучания, позволяющий исполнять на нем любую, даже симфоническую музыку, необъятные красочные и динамические возможности, мощь и нежность звучания этого поистине чудесного инструмента завоевали ему признание и любовь слушателя. Перед исполнителем - пианистом эти драгоценные свойства ставят заманчивую и трудную задачу.

В рождении фортепианного звука присутствует механический стук молоточка о струну, соединенный с чисто музыкальным звучанием, следствии вибрации струны. Посредством клавиши мы управляем только моментом рождения звука, из этих начальных точек и составляется мелодия и вся фортепианная музыка.

Среди средств выразительности, которыми располагает пианист, наиболее специфичным является система фортепианных педалей. Она включает в себя правую (демпферную) педаль, левую (сдвигающую) педаль и педаль – *sostenuto* (состенуто), позволяющую выборочно задерживать отдельные звуки и созвучия. В совокупности эти педальные механизмы влияют на характеристику звучания — его продолжительность, тембр и динамику. Исполнительское искусство выдающихся мастеров фортепианной игры всегда отличалось высоким мастерством педализации. Однако, как показывает педагогическая практика, неумение педализировать нередко является слабым местом в игре даже наиболее подготовленных исполнителей. Это выражается либо в злоупотреблении педалью, либо в чересчур аскетичной педализации. Результат в обоих случаях — искажение звукового колорита сочинения, а подчас и разрушение логики развития музыкальной мысли.

Руки пианиста непрерывно живут исполняемой музыкой, подчиняя динамические и ритмические соотношения мысленно слышимому художественному образу. Точно так же и нога, управляющая педалью, одновременно с руками все время участвует в рождении звукового образа, приспособлении реального звучания к воображаемому. В то же время творческие находки на рояле дополняют, варьируют, оживляют воображение. Ибо фантазия исполнителя работает не только до создания образа, но и в момент его осуществления, распространяется

не только на представление, а и на претворение его в жизнь и, таким образом, на самые движения рук и ног (левая педаль также участвует в творимом звучании). До конца уловить эти движения невозможно. Ведь неуловимы и точные звуковые соотношения. Движения и рук и ног, особенно правой ноги, слиты со слуховым приказом, неотделимы от него. Пианист никогда до конца не ведает, что творит, подобно тому, как человек, поскользнувшийся и удерживающий равновесие сложными, мудреными движениями, не рассчитывает их и не может их уловить и зафиксировать. Подсмотреть, уточнить собственную педализацию, равно как и движение рук, невозможно. В какой именно момент нажать и снять педаль, как глубоко нажать, в какой мере и когда менять глубину нажатия - эти тонкости нельзя рассчитать. А между тем именно в тонкостях часто заложено творческое начало, в них кроется отличие мастера от ученика. Однако и в педализации, как и в динамикоритмических построениях, зависящих от звукоизвлечения, можно распознать основные логические принципы, основные художественные принципы действия. Употребление педали не поддается точной фиксации в нотах, а диктуется и контролируется слухом. Обусловленная объективными закономерностями, связанными с ее акустическими свойствами и с особенностями самого музыкального материала, педализация является неотъемлемой частью индивидуальной исполнительской трактовки произведения. Воспитание культуры и навыков педалирования требует специальной, систематической работы. Как и когда появилась на фортепиано система педалей?

Первые образцы молоточкового фортепиано, пришедшего на смену таким струнно-клавишным инструментам, как клавесин и клавикорд, не имели педального механизма. Но уже при постройке ранних фортепиано делались попытки ввода в инструменты ряда механизмов, изменяющих звук. Демпферный механизм, т.е. современная правая педаль, продлевал звук. Другие устройства ослабляли или усиливали его. Были и приспособления, изменявшие окраску звука: лютневый регистр, регистр, имитировавший звучание арфы, клавесина и др. В начале XIX века появились новые устройства, что было связано с происходившим в эту пору интенсивным развитием инструментария симфонического оркестра и стремлением имитировать это звучание на фортепиано. Среди всех этих устройств особое место занимает механизм, ставший впоследствии левой педалью (она появилась раньше правой). Появление его датируется двадцатыми годами 18 в. (фортепиано Б. Кристофори). Устройство же, которое приподнимало все демпферы сразу, появляется позже, уже в 1781 году. Изобретение его приписывается английскому мастеру А. Бейеру. Предшественниками ножного педального рычага были передвигавшиеся рукой особые рукоятки, а затем коленные рычаги. В 1780-х годах ножная педаль стала применяться в инструментах

